

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар және үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Әдістемелік құрал

**Методические рекомендации
по оцениванию учебных достижений детей с особыми образовательными
потребностями и детей, обучающихся на дому**

Методическое пособие

Астана 2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 12 желтоқсан № 11 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №11 от 12 декабря 2017 года)

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар және үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017. – 88 б.

Методические рекомендации по оцениванию учебных достижений детей с особыми образовательными потребностями и детей, обучающихся на дому. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 88 с.

Әдістемелік құралда инклюзивті білім беру жағдайында жаңартылған мазмұндағы МЖБС талаптарын іске асыру ерекшеліктері, оның ішінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүргізу ерекшеліктері қарастырылған.

Әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В методическом пособии рассмотрены особенности реализации требований ГОСО обновленного содержания в условиях инклюзивного образования в общеобразовательной школе, а именно психолого-педагогические основы критериального оценивания учебных достижений обучающихся с ООП, особенности проведения процедуры оценивания учебных достижений обучающихся с особыми образовательными потребностями.

Методическое пособие предназначено руководителям, учителям общеобразовательных школ, методистам, специалистам отделов и управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2017.
Национальная академия
образования им. И.Алтынсарина,
2017.

Мазмұны

Кіріспе	3
1. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың, соның ішінде мүгедек балалардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері	5
2. Оралман балалар, саны аз ұлттар, соның ішінде мигранттар, босқындар отбасыларынан шыққан балалардың оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер	55
3. Қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар, сонымен қоса жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және/немесе әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалардың оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер	61
4. Дарынды балалардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері	75
5. Үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері	78
Тұжырымдар	81
Қорытынды	83

Кіріспе

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру мемлекет үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл әрбір адам өз әрекетінің қажеттілігін және қатыстығын сезіне алатын нағыз инклюзивті қоғам құрудың қажетті шарты. Біз әрбір балаға оның қажеттілігіне және басқа жағдайларына қарамастан, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда келтіруге және оның толыққанды мүшесі болуына мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Дэвид Бланкет

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады.... Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді.» деп атап өтілген [1].

Белгіленген бағыт-бағдарға сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі принциптерінің бірі инклюзивтілік болып табылады. Балалардың білім алуға құқығы мен инклюзивті білім беруді дамыту бойынша жұмысты жетілдіру Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңдарымен кепілдік берілген. «Білім туралы» ҚР Заңының баптарында білім алушылардың білім беру бағдарламаларына тең қолжетімділікті, түзету-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды, мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігін қарастыратын мемлекеттің білім беру саласындағы саясатының мәні мен принциптері айқындалған. Мысалы, «Білім туралы» ҚР Заңының 3-бабында «...1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы; 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі...» деген принциптер белгіленген [2].

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың нормативті құқықтық базасы мекен-жайы бойынша барлық білім алушыларға олардың жеке ерекшеліктері мен білім алу қажеттіліктеріне білім беру ортасының

бейімділігін қамтитын педагогикалық тәсілдер арқылы тең білім алу мүмкіндіктерін қамтамасыз ету - басты постулатына негізделген.

Негізі қоғамды ізгілендіру болып табылатын инклюзияның мәнін айқындауға байланысты 2016 жылы «Білім туралы» Заңында «мүмкіндігі шектеулі балалар» термині «ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдар (балалар)» ұғымына ауыстырылды.

2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 ҚР Үкіметінің Қаулысына сәйкес инклюзивті сыныптарда ерекше білім беруге қажеттілігі бар екі баладан артық оқытылмауы тиіс [3].

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде сыныпты бөлу әр ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы білім алушылардың жалпы санынан үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды қолдау мен оқытудағы жеке ыңғай жасау ҚР «Білім туралы» Заңының 47 бабымен сақталады, яғни, «Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің: ... білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға құқығы бар» [2]. Сондай-ақ, Орта білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес «19-тармақ: Инклюзивтік сыныптарда оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламасы немесе жеке бағдарлама бойынша білім алуы мүмкін» [3].

Инклюзия әрбір баланың білім алу қажеттіліктеріне бейімделген педагогикалық, адамгершілік, материалды ортаны қалыптастыра отырып, мектептің барлық әлеуметтік процестерін терең қамтиды. Бұндай ыңғайлы жағдайды тек ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта, білім беру процесіне барлық қатысушыларының біріккен топтық әрекеттестігінде жасауға болады [4].

Бұл ретте білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесіне маңызды рөл беріледі. Білім алушылардың дайындық деңгейі туралы объективті және сенімді ақпарат алу мүмкіндігі сынып оқушылары құрамының білім алу қажеттіліктері бойынша әртүрлілігін және оқытудың жеке нәтижесіне мүмкіндік беруді ескеретін критерийлерді қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін жалпы мектеп педагогтеріне әр түрлі санаттағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін жүзеге асыруда көмек беру.

Берілген материалдар педагогтерге, сонымен қатар білім беру ұйымдарының басшыларына, әдіскерлерге, білім беру процесін қолдау мамандарына да пайдалы болады.

1. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың, соның ішінде мүгедек балалардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері

Жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың нәтижелерін бағалауда МЖБС берілген білім алушылар дайындығының деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлану керек. Бірақ кейбір балаларға бағдарламаны меңгеруге ұзағырақ уақыт керек. Нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейімен сәйкес деңгейге жетеді. Жалпы білім беретін мектептің ерекше білім беруге қажеттілігі бар, оның ішінде есту, көру қабілеті, тірек-қимыл аппараты бұзылған, күрделі тіл кемістігі бар, психикалық дамуы тежелген тұлкелерге алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

ҚР МЖБС сәйкес білім сапасын арттыру бойынша жұмыстың негізгі бағыттары тез өзгермелі әлемде табысты болу, жалпы білім беретін мектептерде зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім алуға қажеттілігін қанағаттандыратын үздік білім беру ресурстары мен технологияларына білім процесіне қатысушылардың барлығына тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Инклюзивті білім беру қалыпты дамыған құрдастарымен бірге оқитын мүгедек балалар үшін білім беру нәтижелерінің мақсаты мен оны түсінудегі өзгерістерді неғұрлым толық көрсетеді. Білім беру нәтижелерін бағалауды өзгерту бағыттарының бірі даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім берудегі жаңа мақсаттарды қалыптастыратын құзыреттілік тәсілдемесі болып табылады.

«Құзыреттілік тәсіл» түсінігі оқыту процесінің тұлғада басты (базалық, негізгі) және пәндік құзыреттерді қалыптастыру мен дамытуға бағыттылығын білдіреді. Оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру тек жаңартылған білім мазмұнын ғана емес, сондай-ақ оқытудың тиімді әдістері мен технологияларын іске асырумен байланысты.

И.А. Зимняя [5] концепциясы бойынша басты құзыреттер адамның қоғамда қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін негізгі құзыреттердің жиынын көрсетеді. Басты құзыреттердің негізгі қасиеттері келесі:

Басты құзыреттер – бұл адамның өзі үшін маңызды мақсаттарға жетудің әмбебап менталды құралдары, саймандары (жолдары, әдістері, тәсілдері). Басты құзыреттерді қоғамның әрбір мүшесі меңгеруі тиіс.

Басты құзыреттер адамға белгісіз, проблемалық жағдайларда нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Олар өздігінен және басқалармен әрекеттесіп проблемаларды шешуге, яғни, жинақталған құралдар жеткіліксіз болатын жағдаяттарды шешуге мүмкіндік береді.

И.А. Зимняя басты құзыреттердің үш тобын айқындайды:

- өзіне тұлға ретінде, өмір сүру субъектісі ретінде қарауға қатысты құзыреттер;
- адамның басқа адамдармен әрекеттестігіне қатысты құзыреттер;
- адамның барлық формада және түрде көрінетін әрекеттеріне қатысты құзыреттер [5].

А.В. Хуторской келесідей басты құзыреттерді бөледі:

1. *Құндылық-мәндік құзыреттер*, бұл өмірге көзқарас саласындағы құзыреттер, яғни, білім алушының құндылық бағдарларымен, оның қоршаған әлемді көру және түсіну қабілетімен байланысты, онда бағдарлану, өзінің рөлін, мақсатын түсіну, өзінің әрекеттері мен істеріне мақсаттық және мағыналық ұстанымдарды таңдау, шешімдер қабылдау.

2. *Жалпымәдени құзыреттер* білім алушының ұлттық және жалпы адами мәдениет саласында, адам мен адамзат өмірінің рухани-адамгершілік негіздері, отбасылық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен салттардың мәдениетнамалық негіздері, тұрмыстық және мәдени-тынығу саласында танымы мен тәжірибесінің және хабардар болуын, сондай-ақ әлемнің ғылыми көрінісін меңгеру тәжірибесін көрсетеді

3. *Оқу-танымдық құзыреттер* логикалық, әдіснамалық, жалпы оқу әрекетінің элементтерінен тұратын білім алушының өздігінен тану әрекеті саласындағы құзыреттер жиынтығын біріктіреді. Сонымен қоса, бұнда оқу-танымдық әрекетті мақсатқа бағыттау, жоспарлау, талдау, рефлексиялау, өзін өзі бағалауды ұйымдастырудағы білім мен біліктер жатады.

4. *Ақпараттық құзыреттер* ақпараттық технологиялар (аудио-видеожазба, электронды пошта, БАҚ, Интернет) арқылы қалыптастырылатын қажетті ақпаратты өздігінен іздеу, талдау және іріктей білу, оны ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және жіберу.

5. *Коммуникативті құзыреттерге* қажетті тілдерді, айналадағы және қашықтағы адамдармен өзара әрекеттесу әдістерін білу, топта жұмыс істеу дағдылары, ұжымда әртүрлі әлеуметтік рөлдерді игеру жатады.

6. *Әлеуметтік-еңбек құзыреттер* азаматтық-қоғамдық әрекет саласында (азамат, бақылаушы, сайлаушы, өкіл рөлін орындау), әлеуметтік-еңбек саласында (тұтынушы, сатып алушы, өндірушінің құқықтары), отбасылық қарым-қатынас пен міндеттер саласында, экономика мен құқық мәселелері бойынша, өзін өзі кәсіби анықтау саласында білім мен тәжірибені меңгеруді білдіреді.

7. *Тұлғалық өзін өзі жетілдіру құзыреттері* дене бітімін, рухани және зияткерлік өзін өзі дамыту, өзін өзі эмоционалды реттеу және қолдау әдістерін меңгеруге бағытталған. Берілген құзыреттерге жеке тазалық ережелері, өз денсаулығына қарау, жыныстық сауаттылық, ішкі экологиялық мәдениет жатады. Сондай-ақ, тұлғаның қауіпсіз өмір сүру негіздерімен байланысты қасиеттер кешені де жатады [6].

Басты құзыреттердің жіктелуі мен тұрпаттамасының еуропалық жүйелерін білім берудегі инклюзивті тәсіл және ерекше білім беруге қажеттілігі

бар білім алушыларды жалпы білім беру процесіне енгізу тұрғысынан қарастыру қажет.

Оксфорд және Кембридж университеттері «Басты құзыреттер 2000» бағдарламасы үшін әзірлеген басты құзыреттердің тұрпаттамасы (keyskills) , британдық мектептер, колледждер, барлық түрдегі білім орталықтарының (оның ішінде инклюзивті оқу орындары да бар) түлектері білім алу процесін бітірген соң келесі біліктер тобын меңгереді деп күтіледі:

Коммуникация – бұл пікірталас жүргізу, материал оқу және жобаға қажетті ақпаратты іріктеу, эссе жазу, әртүрлі өтініштерді толтыру және т.с.с. кезінде қолданыла алатын біліктер.

Сандармен орындалатын амалдар – сандық ақпаратты өңдеуге, есептеу және шешім мен қорытындыларды көрсетуге қатысты дағдылар.

Ақпараттық технологиялар – қажетті ақпаратты іздеу, кестелер, сызбалар құру, хаттар немесе есеп жазу, т.б. үшін компьютер қолдануда талап етілетін құзыреттер.

Адамдармен жұмыс – ортақ мақсатқа жетуге бағытталған әрекеттерді жоспарлау мен жүзеге асыруда адамдармен бірге жұмыс жасау дағдылары

Оқуға қабілетін жетілдіру және нәтижелілікті арттыру – жұмыс тапсырмаларын тиімдірек орындау, жеке өмірін ұйымдастыру, тәжірибелік тапсырмаларды орындау және өзін өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру үшін мақсаттарды қою дағдыларына қатысты құзыреттер.

Проблемаларды шешу – жұмысқа байланысты, оқуда немесе жеке өмірдегі проблемаларды шешуде, шешім іздеуде әртүрлі әдістер қолданылғанда және сол әдістердің нәтижелілігін тексерген кезде қажетті құзыреттер.

Осылайша, білім беру процесін ұйымдастыруда инклюзивті тәсілді қолдану тек ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларда ғана емес, барлық білім алушыларда «құзыреттілік» аумағының кеңеюіне ықпал етеді. құзыреттілік тәсіл білім беруде нәтижеге жетудің жалғыз әдісі бола алмайды, бірақ оның қажеттілігі сөзсіз белгілі.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту үшін жағдай жасауда оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау маңызды рөл ойнайды. Психологиялық-педагогикалық қолдау оқушыға әрбір баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес нәтижелі оқу мен дамыту үшін элеуметтік психологиялық және педагогикалық жасалатын мамандардың тұтас, ұйымдасқан әрекеттер жүйесін білдіретін білім беру процесінде көмектің (немесе қолдаудың) ерекше түрі ретінде қарастырылады [7].

Бағалау әрекеті барысында ескерілетін психологиялық-педагогикалық қолдаудың екі бағытын бөледі: балада пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған - өзекті және оқудағы болуы мүмкін ауытқушылықтардың алдын алуға, есепке алуға бағытталған перспективті. Екі бағыт та педагогикалық процесті қолдау қызметінің барлық мамандарының біріккен әрекетімен іске асырыла алады. Олардың әрекетінде бір бірімен байланысты және ескеру қажет үш міндетті компонент бар:

- бала дамуын диагностикалау (психикалық, тұлғалық, әлеуметтік);
- түзете-дамыту бағытындағы жеке және топтық сабақтар бағдарламасын іске асыру;
- бағалау жүйесі арқылы баланың даму деңгейіне қойылатын талаптар және оны оқыту мен тәрбиелеу үшін жасалған мүмкіндіктер тұрғысынан білім беру ортасын талдау [8].

Бұл санаттағы білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау объектісі оқу жетістіктерін критериалды бағалау процесі болып табылады. Берілген жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдаудың пәні әртүрлі мамандардың (пән мұғалімдері, психолог, логопед, әлеуметтік педагог, сынып жетекшісі, мектеп дәрігері, басқа мұғалімдер) және ата-ананың тығыз ынтымақтастығын қарастыратын оқушыларды қолдау болып табылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды психологиялық-педагогикалық қолдау келесіге бағытталады:

- оқушының денсаулығы мен күш-қуатын сақтау: балалар өмірінің денсаулық сақтау тәртібін ұйымдастыру, қозғалыстық белсенділіктің жеке таңдалған формасына, денсаулықты нығайтатын сабақтарға араластыру;
- оқушылардың зияткерлік дамуын қолдау: әрбір оқушының танымдық ерекшеліктерін анықтау және дамыту, табысты оқу әрекеті үшін жағдай жасау;
- қарым-қатынас саласында баланы қолдау: балалардың бір бірімен ізгілікпен әрекеттесу үшін жағдайлар жасау, іс-қимылды саналы түрде таңдауда көмек, балалардың тынығу әрекетінде жеке қабілеттердің ашылуын қолдау;
- баланың отбасын қолдау: отбасылық қарым-қатынасын зерттеу, оны үйлестіруде көмек беру.

Психологиялық-педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ортаны құруды және балаларға таңдау жағдайын беруді қарастырады. Бұндай жағдайлар баладан тек білім, білікті қолдануды ғана емес, сондай-ақ рефлексиялау тәжірибесін, өздігінен шешім қабылдау, ерік пен мінездің көрінісін талап етеді. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысы мен ұсыныстарының негізінде ұйымдастырылады және білім беру ұйымындағы штаттық мамандармен (арнайы педагог, психолог, мұғалім-логопед, әлеуметтік педагог, ЕДШ маманы және басқа) немесе білім беру ұйымынан тыс келісім-шарт негізінде оңалту орталығы, түзеу кабинеті мамандарымен, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарының педагогтарымен жүзеге асырылуы мүмкін [9].

Қолдаудың тігінен сабақтасуын құру барынша иілгіштік пен түрлілікті, бағалау әрекетінде баланың әрбір даму кезеңінде жасына байланысты психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеруді қарастырады. Жалпы білім беретін мектеп білім алушыға оның қажеттіліктеріне сәйкес қолдау түрін ұсынуы қажет. Ол қысқа мерзімді, орташа мерзімді немесе ұзақ мерзімді қолдау болуы мүмкін.

Қысқа мерзімді қолдау оқуда шамалы және уақытша қиындықтары бар, логопедпен, психологпен түзету сабақтарының қысқа мерзімді кезеңін қажет ететін оқушыларға көрсетіледі (жарты жылға дейін).

Орташа мерзімді қолдау арнайы дайындалған педагогтар мен мамандардың қарқынды қолдауын қажет ететін және дамуындағы ерекшеліктерге байланысты оқуда тұрақты қиындықтарға кездесетін оқушылар үшін ұйымдастырылады.

Оқушылардың даму мәселелерін бастапқы сатыда жеңу мүмкін болса, онда олардың оқуын оқытудың келесі сатыларында да арнайы сынып жағдайында жалғастыруға болады. Бұл жағдайда оқушыларды ұзақ мерзімді қолдау жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім беруді арнайы қажеттіліктері бар балаларды оқыту нысаны ретінде түсіну оқытуды ұйымдастыру мен жалпы білім беру бағдарламаларының ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың барлық санатына қолжетімділігін қамтамасыз етудегі мүмкіндіктерді шектейді. Бұл, әсіресе, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқу жетістіктерін бағалауға қатысты болады.

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі қиындықтар келесіге байланысты үдей түсуде:

- оқыту сапасын бағалау және зерделеу жүзеге асырылмайды, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың нақты индикаторлары жоқ;

- ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардағы туындап жатқан оқу қиындықтарының алдын алу бойынша шаралардың жеткіліксіздігі. Олар білім алушылардың денсаулық жағдайына, моралды-психологиялық және әлеуметтік жағдайына байланысты болуы мүмкін.

- инклюзивті білім беруді ақпараттық-консультативті қолдау нашар ұйымдастырылған [9].

Бұл келесі проблемаларға алып келеді:

- ерекше білім беруге қажеттілігі бар көптеген балалардың әлеуетті мүмкіндіктері жеткіліксіз қамтамасыз етіледі және соның салдарына жеткіліксіз іске асырылады;

- әлеуметтік бейімделу механизмдері нашар іске асырылады, соның салдарынан девиантты мінез-құлықты балалар саны артуда;

- бұндай балаларда функционалды сауаттылық төмен деңгейде қалыптасады, олар жұмысқа орналаса алмайды.

Оқу жетістіктерін критериалды бағалаудың психологиялық-педагогикалық жүйесі проблеманы шешудің келесі маңызды тәсілдерінен тұрады:

- тұлғалық-бағдарлы тәсіл, оның құрамына түрлі типологиялық топтардағы оқушылардың оқу материалын оқу жетістіктерін бағалаудың деңгейлік критерилерін қолдану мен меңгеру мүмкіндіктерінің біртектілігін ескеру кіреді;

– әрекетті тәсіл балаларға түрлі қолжетімді өнімді қызмет түрлеріндегі мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтауды көздейді;

– денсаулық сақтау тәсілі, ол бағалау жағдайында қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыру арқылы оқушылардың психологиялық-соматикалық денсаулығын сақтау және нығайту міндеттерін шешуді қамтамасыз етеді [9].

Аталған тәсілдерді іске асыратын педагогикалық шарттар келесі аспектілерден тұрады:

– оқу жетістіктерін бағалауда қызметтік формада сипатталған, оқушыларға қолжетімді әрі түсінікті көрсеткіштер бойынша анықталған, оқушы үшін шынайы және тұлғалық маңызды критерилерді қолдану;

– бағалау процесінде көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес келетін түрлі деңгейдегі және үлгідегі тапсырмаларды қолдану;

– оқушылардың өзі жеке оқу жетістіктерін шынайы таңдауын қамтамасыз ету және осы таңдауына қолдау көрсету.

Бағалау кезінде аталған шарттарды іске асыру білім алушының өзін еркін сезінуіне, танымдық белсенділігі, оқу мотивациясы деңгейінің артуына, эмоционалдық біркелкілігіне ықпал етеді және өз мүмкіндіктеріне сенімі артады. Міндетті түрде критериалдық бағалау жүйесі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың мүмкіндіктеріне бейімделуі тиіс, олардың ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктерін ескере отыра дайындалуы қажет.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда нақты көмек көрсететін психологиялық-педагогикалық қызмет болуы тиіс. Оның міндетіне балалармен қарым-қатынас орнатуда дамытушы немесе түзету жұмысы ғана емес, сонымен қатар, бағалау қызметін сүйемелдейтін ортақ тәсілдер, оқушылармен жұмыстың бірыңғай стратегиясын дайындау бойынша педагогтармен және ата-аналармен тұрақты ынтымақтастық орнату кіреді. Психологиялық-педагогикалық қызметтің әрбір мүшесі кәсіби этиканы сақтауы, психологиялық-педагогикалық тексеру, консультативтік қызмет немесе басқа да қызмет түрінің барысында алған мәліметтер оқушыға немесе оның отбасына зиян тигізетін болса, таратпауы қажет.

Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін іске асыру үшін білім беру жағдайларын жасау міндетімен қатар білім беру ұйымының алдына түзету жұмысының мазмұны мен әдістерін анықтау міндеті қойылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне нәтижелі қосу мәселесінің шешімі ұйымның жүйелі түрдегі психологиялық-педагогикалық консилиумы (ППК) болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық консилиум, тек оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінде ғана емес, мектептегі білім беру процесінің сапасын арттыру мәселелерін шешуде де маңызды рөл атқарары сөзсіз. ППК негізгі міндеті білім алушының қажеттіліктері мен мүмкіндіктер деңгейін анықтау және жеке білім беру бағдарламасын әзірлеу болады. Нормативтік құқықтық құжаттарда жеке білім беру бағдарламасының құрылымы мен

мазмұнына қойылатын талаптар жоқ екендігін атап өткен жөн. Аталған талаптарды анықтау білім беру ұйымының құзыретіне енеді. Әрине, қазіргі кезде ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымына қойылатын талаптардың болмауы білім беру процесіндегі жеке тәсіл үшін жағдай жасауды біршама қиындататыны белгілі. Дегенмен, басқа жағынан білім алушылар арасындағы психофизикалық бұзылыстардың әр түрлілігіне және күрделі ауытқулары бар балалар санының артуына байланысты жеке білім беру бағдарламасының бірыңғай құрылымдық-мазмұндық үлгісін әзірлеу өте қиын.

Жеке бағдарламаларды әзірлеу, бекіту және өзгерістер енгізу тәртібі білім беру ұйымы әзірлеп бекітетін локалды нормативті акт - Жеке бағдарлама туралы ережемен анықталуы мүмкін. Бұл құжат жеке бағдарламаның мазмұнында оның құрылымын, әзірлеу тәртібін, іске асыру мерзімі мен түзетулер енгізу және басқаны нақты түсіндіру арқылы педагогтердің жұмысын тиімді етуге мүмкіндік береді. Жеке бағдарламаның құрылымы мен мазмұны ең алдымен, баланың ерекшеліктеріне және онымен жұмыс жүргізуде мамандар мен педагогтер шешетін педагогикалық міндеттерге байланысты.

Инклюзивті білім беру ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды сыныптағы басқа кез келген оқушылар сияқты қабылдауды, оларды бірдей әрекет түрлеріне қосуды, оқытудың ұжымдық түрлеріне және топтық шешім қабылдауға араластыруды, ұжымдық ойын стратегияларын, ортақ жобаларды, зертханалық зерттеулерді және т.б. қолдануды білдіреді.

Инклюзивті білім беру барлық балалардың тұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтеді және ізгілік, төзімділік, құрдастарына көмектесу сияқты қасиеттерді дамытуға ықпал етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуындағы әртүрлілік аумағы өте кең: уақытша және оңай түзетілетін қиындықтары бар қалыпты дамуға жақын баладан орталық жүйке жүйесінің ауыр қайтымсыз бұзылысы бар балаға дейін. Арнайы қолдау жағдайында қалыпты дамыған құрдастармен бірге тең деңгейде оқи алатыннан бейімделген жеке білім беру бағдарламасын қажет ететін балаға дейін болады. Бұл балалармен жұмыс жүргізуде ең басты бағыт әр баланың психикасы мен денсаулығы дамуының ерекшеліктерін ескере отырып жеке тәсіл жасау болып табылады.

Кезінде Л. С. Выготский арнайы оқыту мен қалыпты дамыған балаларды оқытуды үйлесімді етіп біріктіретін оқу жүйесін жасау қажеттілігін айтқан болатын. Ол дамуында бұзылысы бар балаға тәрбие берудің міндеті оны өмірге араластыру және тек биологиялық қана емес, әлеуметтік факторларды ескере отырып кемістігінің орнын толтыруға жағдай жасау деп есептеген [10].

ҚР «Білім туралы» Заңында «білім алу үшін арнайы жағдайлар» түсінігі ерекше білім беруге қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік

және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар ретінде анықталады [2]. Арнайы жағдайлар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациямен ұсынылады және әр түрлі санаттағы балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен білім беру қажеттіліктеріне байланысты болады. Жалпы білім беретін мектепте инклюзивті ортаны жасау жағдайында мұғалімге әдістемелік көмек ретінде дамуында әр түрлі бұзылыстары бар балаларға арналған білім беру ортасын ұйымдастыру үшін арнайы жағдайлардың сипаттамасы берілген.

Есту қабілеті бұзылған балалар үшін білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Естімейтін балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беруге қажеттіліктері

Естімейтін балалар құлақ түбіндегі қатты дыбысты сезіне алады, бірақ арнайы оқытусыз сөздер мен сөйлемдерді түсінбейді. Естімейтін балалар үшін есту аппараты немесе кохлеарлы имплантты қолдану қажет. Есту аппараты немесе кохлеарлы имплантты қолданғанның өзінде естімейтін балалар айналадағылардың сөйлеуін қабылдау мен түсінуде қиналады. Бұндай балалардың ауызша сөйлеу тілі өздігінен дамымайды, сондықтан оларды ұзақ жүйелі түзете-дамыту жұмысына қосукерек. Бұл жұмыстың басты бағыттары: сөйлеу тілін дамыту (лексикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымдар) есту арқылы қабылдауды, оның ішінде сөйлеу тілін естуді дамыту және дыбыс айтуды қалыптастыру. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қалыптастырумен қатар баланың танымдық әрекетін және тұлғасын жан жақты дамыту жүреді.

Есту бұзылысын түзету мақсатында естуді протездеу немесе кохлеарлы импланттау қолданылады.

Есту қабілеті бұзылған балалар айналадығылардың сөйлеуін үш әдіспен қабылдайды: есту-көру, есту арқылы, көру арқылы.

Естімейтін/нашар еститін балалар сөйлеушіні бірнеше себептерге байланысты әрдайым түсіне бермейді. Есту қабілеті бұзылған баланың айтқанды түсінуі сөйлеушінің артикуляциялық мүшесінің анатомиялық ерекшеліктері (жұқа еріндер, тістестіру ерекшеліктері және т.б.), ерінді бүркеу (мұрт, сақал, ашық түсті далап және басқа) және сөйлеу тілінің ерекшелігі (анық емес, жылдам сөйлеу және т.б.) қиындатады.

Естімейтін/нашар еститін балаға қатысты сөйлеушінің тұрған орны және әңгімеге қатысушылардың санғы да үлкен маңызға ие. Мысалы, сөйлеушінің жарық көзіне арқасымен тұруы, балаға қырымен немесе арқасымен тұруы, әңгімеге екі немесе одан да көп адамның қатысуы – сөйлеуді түсінуге кері әсерін тигізеді.

Есту мүмкіндіктерінің ерекшеліктері (есту аппаратының бұзылуы, толық емес «есту») және баланың тұрмыстық және әлеуметтік тәжірибесінің шектеулігі (ортақ мәнмәтін/тақырып бойынша ақпараттанудың жеткіліксіздігі

және осының айтылғанды түсінуге әсер етуі) сөйлеуді қабылдау тұрақсыздығының факторлары болып табылады [11].

Сөйлеу тілінің даму ерекшеліктері, есту қабілеті бұзылған баланың сөздік қоры да оның сөйлеуді қабылдаудағы мүмкіндіктеріне едәуір әсер етеді.

Естімейтін/нашар еститін оқушылардың сөйлеу тілінде келесідей ерекшеліктер болуы мүмкін: дыбыс айту бұзылысы; сөздерді айту мен жазудағы қателер арқылы байқалатын сөздің дыбыстық құрамын жеткіліксіз меңгеру. Лексикалық деңгейде есту қабілеті бұзылған балаларда шектелген сөздік қоры, мәтіндік мағынасын толық меңгермеуге байланысты сөздерді дұрыс түсінбеу және қате қолдану болады. грамматикалық құрылымның кемшіліктері, сөйлеудегі (грамматикалық) белгілі құрылымдарды меңгеру мен қолдану ерекшеліктері естімейтін/нашар еститін балалардың сөздер/сөз тіркестерінің орны дәстүрлі емес/инвертті тәртіптегі сөйлемді қабылдаудағы қиындықтар және оқылған мәтінді түсіну шектеулігі ретінде байқалатын синтаксистік деңгейдегі қиындықтарды туғызуы мүмкін.

Есту арқылы қабылдаудың бұзылысы және осының салдарынан пайда болатын сөйлеу тілінің жетілмеуі бұндай баланың өзіндік дамуын қалыптастырады. Есту қабілеті бұзылған балаларда тек сөйлеу тілі дамуының ғана емес, танымдық және тұлғалық салаларының дамуында да ерекшеліктер байқалуы мүмкін.

Білім беру процесін ұйымдастыру үшін танымдық саланың келесідей басты ерекшеліктерін бөледі: *зейіннің төмен көлемі және ауысу қарқынының* төмендігі, яғни есту бұзылысы бар балаға бір оқу әрекетін аяқтау үшін және басқаға ауысу үшін белгілі бір уақыт керек болады. Сондай-ақ, бұл санаттағы балаларға ең төменгі зейін тұрақтылығы тән, соның салдарынан есту-көру негізінде ақпарат алатындықтан қатты *шаршағыштық* болады. Сабақ барысында оқу кезінде көру және материалды түсіндіруде есту талдағышына сүйенетін еститін оқушыға қарағанда есту қабілеті бұзылған білім алушы үнемі екі талдағышты да іске қосып отырады. Естімейтін/нашар еститін оқушы *зейінін бөлуде* үлкен қиындықтарға соқтығады және ол бір уақытта естіп, жаза алмайды.

Есте сақтаудың ерекшеліктері естімейтін/нашар еститін баланың лексикалық қорының даму деңгейіне байланысты сөздік жадына қарағанда бейнелік есте сақтаудың басымдығында байқалады. Бұл оқу материалын есте сақтауға көбірек уақытты қажет етеді, бұл орайда саналы есте сақтаудан гөрі, механикалық есте сақтау басым болады.

Есту қабілеті бұзылған бастауыш сынып оқушыларының ойлау ерекшеліктері сөздік логикалық ойлау дамуының деңгейі мен сөйлеу тілі дамуына байланысты сөздік-логикалыққа қарағанда көрнекі-бейнелік ойлаудың басымдығымен байқалады [11].

Эмоционалды саланың даму ерекшеліктері белгілі бір жағдайда айналадағылардың эмоциялық сезімдерін, оның ішінде интонация арқылы

берілетін сөйлеудің эмоциялық бояуын қабылдау шектеулігіне байланысты түсінбеу немесе ажыратуда қиналу арқылы байқалады.

Тұлға қалыптасуының ерекшеліктерінің арасында негативті жағдайлар кешенінің болуын атап өту қажет: өзіне сенімсіздік, қорқыныш, жақын ересек адамға аса тәуелділік, өзін өзі өте жоғары бағалау. Естімейтін және нашар еститін балалардың бір бөлігінде негізсіз өзін өзі жоғары бағалау ұзақ сақталады. Бұл олардың ерте жастан бастап ересектер тарапынан өзінің жетістіктерін жағымды бағалау ортасында болғандығымен түсіндіріледі.

Есту қабілеті бұзылған кейбір оқушылар мұғалімнің және сыныптастардың олардың мүмкіндіктерін жағымсыз бағалауына (көбінесе объективті) байланысты агрессия көрсетуі мүмкін.

Естімейтін және нашар еститін балалар қалыпты құрдастарына қарағанда әлеуметтік жетілуі нашар (қоғамда бейімделу) болады: тұйық, өздері сияқтылармен сөйлесуді қалайды, сәтсіздіктен қорыққандықтан еститін құрдастармен ойнаудан қашады.

Естімейтін/нашар еститін оқушы үшін ұзақ уақыт бойы, тіпті жоғары сыныптарға дейін сыныптастарының және өзін өзі бағалауын қалыптастыруда жетекші болып табылатын педагогпен қарым-қатынас орнату ерекше маңызды. Көп уақыт мұғаліммен сөйлесуге басымдық беріп, сыныптастармен әрекеттесуді шектеу әлеуметтік қарым-қатынастың бұзылуына, жоғары ашушаңдыққа, невротикалық әсерлерге алып келуі мүмкін.

Естімейтін және нашар еститін балалар есту қабілеті бұзылысының салдарынан болған *ерекше білім беруге қажеттіліктері* бар: білім беру, танымдық және коммуникативтік жағдайларда қалдық естуді қолдану және дамыту; сөйлеуші адамның айтқанын есту-көру, есту және көру арқылы қабылдауға және коммуникацияның әртүрлі формаларына үйрету; сөйлеу тілінің барлық жақтарын дамыту және мүмкіндіктердің шектелуіне байланысты қоршаған әлем туралы біліміндегі кемшіліктердің орнын толтыру; инклюзивті білім беру ортасында әлеуметтік құзыреттілікті және мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру; қажеттілік-уәждемелік және эмоционалды-еріктік саланы дамыту; қоғамда барынша тәуелсіз өмір сүруге қабілетті, оның ішінде кәсіби анықталу, әлеуметтік еңбекке бейімделу, белсенді және оптимисттік өмірлік ұстаным және тағы басқа арқылы қалыптастыру [11].

Арнайы білім беру жағдайларын жасау материалды-техникалық базаны құрудан басталады. «Кедергісіз ортаны» жасауда есту қабілеті бұзылған балалар үшін ақпарат алу үлкен қиындық туғызатынын ескерген жөн. Сондықтан, ең алдымен, ұйымда осы балаларға көп ақпаратты визуалды көздер арқылы қабылдауға мүмкіндік беретін қолжетімді орта жасалады: тәртіп ережелері, қауіпсіздік ережелері, ұйымның қызмет ету тәртібі және т.б. туралы көрнекі көрсетілген, ыңғайлы орналастырылған және қолжетімді стендтер

Архитектуралық білім беру ортасын құруда бөлмелерді акустикалық дайындау, есту аппараты/кохлеарлы импланты бар бала оқитын сыныптың акустикасын дұрыстау болып табылады. Кабинеттерді арнайы дыбыс жұтатын

панельдермен және қалың матадан жасалған педелерді құру бұл мәселені шешеді.

Түзету-дамыту сабақтарына арналған арнайы кабинеттер жасау есту қабілеті бұзылған балалардың денсаулығын сақтау шарты болып табылады. арнайы кабинеттер дыбыс өткізбейтін, түзете-дамыту сабақтарына арналған құрал-жабдықтармен жарақтандырылған болуы қажет.

Арнайы құрал-жабдықтар

Естімейтін және нашар еститін білім алушыларды ерекше қажеттіліктеріне бағдарланған оқытудың техникалық: ұжымдық және жеке қолдануға арналған дыбысты күшейткіш стационарлы желілік аппаратура (қосымша вибротактильді құрылғылары бар), сымсыз аппаратура, мысалы, FM - жүйе; сөйлеудің дыбыс айту жағын дамытуға ықпал ететін арнайы визуалды құралдар; арнайы компьютерлік оқыту бағдарламалары.

Есту арқылы қабылдау мен сөйлеудің дыбыс айту жағын дамыту бойынша топтық және жеке сабақтарға арналаған, музыкалық ырғақтық сабақтарға арналған кабинеттер дыбыс күшейткіш аппаратурамен жабдыкталады. Сөйлеушінің бетін және оның артындағы фонды жарықтандыру, заманауи электроакустикалық, оның ішінде дыбыс күшейткіш аппаратура, сондай-ақ қашықтықтан іс-әрекетті үлкен экранда көрсетуге мүмкіндік беретін аппаратураны қолдану қажет [11].

Қосымша дидактикалық материалдар

1. Есту арқылы қабылдау деңгейін анықтау үшін диагностикалық жинақ.
2. Кестелер, мәтіндер, тақырып бойынша иллюстрациялық материал
3. Ойыншықтар мен үстел ойындары.
4. Музыкалды аспаптар жинағы.
5. Сурдопедагогика бойынша арнайы әдебиеттер.

Естімейтін балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

– есту қабілеті бұзылған балалардың жұмыс қарқыны баяу болғандықтан тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беру қажет;

– кез келген жағдайда тапсырманы өздігінен орындауға басымдық беру ұсынылады;

– балаларды үнемі диалогқа, олардың нәтижеге жету процесі туралы талқылауға қосып отыру керек;

– әрекет түрін немесе тапсырманы ауыстыруда бала мұғалімді түсінгеніне көз жеткізу керек (мысалы, «не жасайтыныңды қайтала», «не жасау керектігін балаларға айтып бер»);

– сыныпта шудың қатты деңгейде болмауын қадағалау, оқу процесіне барлық балаларға пайдалы және есту қабілеті үшін тынығу болатын «үнсіздік минутасын» қосу ұсынылады;

– ұсынылған материалдың негізгілерін бірнеше рет қайталап, есту қабілеті бұзылған/барлық балаларды қайталату жөн;

– сұрақтарды балалар түсінетіндей, мәнін ұғынатындай анық, қысқа

қойып, жауап беруге асықтырмай, ойлануға уақыт берген тиімді;

– оқу процесінде иллюстративті материалды кеңінен қолданыңыз;
– есту қабілетінің бұзылысы бар баланың сөйлеушіге бұрылуға мүмкіндігі болу керек (дыбыстық ақпаратты көру арқылы қабылдау). Бұл тәртіп бұзу емес, қажеттілік.

– сабақта диалог/полилог түрінде әңгіме барысында естімейтін баланың назарын сөйлеушіге аударту (оларға бұрылып қарау ережесі) – бұл сөйлеу тілін қабылдаудың (есту және есту-көру арқылы қабылдау) тиімді жағдайы [11].

Естімейтін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

– естімейтін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;

– есту қабілеті бұзылған білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға болады;

– жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болады;

– естімейтін оқушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек –, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;

– тілдік пәндер бойынша тыңдалымға арналған тапсырмаларды білім алушының сөйлеу тілі дамуының ерекшеліктерін есепке ала отырып басқа тапсырмалармен алмастыруға болады;

– айтылымға арналған тапсырмалардың көлемі мен мазмұнын білім алушының психикалық және тілдік дамуына байланысты өзгертуге болады;

– қажет болған жағдайда (ата-ананың немесе білім алушының қалауы бойынша) арнайы құрылғыларды (ұжымдық қолдануға арналған дыбыс күшейткіш аппаратурасы, жеке есту аппараттары және басқа) қолдану ұсынылады;

– естімейтін білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Нашар еститін балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беруге қажеттіліктері

Нашар еститін балаларға жоғарылығы бойынша дыбыстарды ажырату аумағы кеңдеу (орташа 1000-4000 Гц) болатын күші 20 - 50 дБ және одан қатты (бірінші дәрежедегі саңыраулық), сондай-ақ 50 - 70 дБ, одан қатты (екінші

дәрежедегі саңыраулық) дыбыстарды еститін есту қабілеті бұзылған балалар жатады.

Бұл балалардың естімейтіндерден ең басты айырмашылығы олар жеткіліксіз деңгейде болса да өздігінен ауызша сөйлеу тілін меңгереді.

Есту қабілетінің бұзылысын арнайы диагностикасыз қалыпты жағдайда анықтау күрделі жұмыс.

Қалдық есту негізінде дамиды есту арқылы қабылдау кемістіктің күрделілігіне, оның пайда болуы мен оңалтуды бастау уақытына байланысты. Бұндай балалардың ерекшелігі қатты дыбыстарға мазасыздану, есту қабілетінің бұзылысы ауыр болған сайын дыбыс қаттылығының жылдам арту феномені анық көріне бастайды. Егер тілдік емес – музыкалық және шуға қатысты есту туралы айтатын болсақ, бұл балаларда жақсы музыкалық қабілеттерді байқауға болады. ол аудиограммамен анықталмайды, туа пайда болған жеке нышандар болып табылады. бұл санаттағы балаларда вибрациялық сезімталдық басқа балаларға қарағанда жақсы дамыған. Сондықтан, олар ырғақтық көріністі ажыратуға, музыкалық аспаптарда ойнауға, тіпті билей алуға қабілетті. Сырттан есту қабілетінің бұзылысын балалардың жиі қайта сұрауынан, бала сөйлеушінің түрін көрмесе оған айтылған сөзге жауаптың болмауынан, теледидар бағдарламаларын қатты дыбыспен көру, сөйлеушінің айтқанын жақсырақ еститін құлағымен бұрылып тыңдауынан, дыбыстың бағытын анықтай алмауынан байқауға болады.

Естуінде қиындықтары бар балалардың эмоционалды-еріктік саласы эмоциялардың жұтандығымен, ерік қасиеттерінің әлсіздігімен, бастаған ісін аяғына апарғысы келмейтіндігімен сипатталады. Дегенмен, олар еститін балаларға қарағанда белсенді болады. Олар іс-әрекеттер арқылы өзін қоршаған заттарды барлық сақталған қабылдау түрлерін қолдана отырып танып білетінін түсіну маңызды

Нашар еститін балаларда қоршаған әлемді қабылдаудың бірқатар ерекшеліктері бар. Көру арқылы қабылдауда жетілмегендік, нақтырақ қабылдау және заттарды тану жылдамдығының төмендігі байқалады.

Нашар еститіндердің сөйлеу тіліне сандық жағынан жеткіліксіздік және сапалық жағынан өзгешелік тән. Балалардағы есту қабілетінің жеңіл түрде төмендеуі сөйлеу тілі дамуының тежелуіне, бала тілдің ақырын айтылған дыбыстары мен сөздің бөлігін қабылдап ажырата алмағандықтан фонематикалық талдаудың қалыптаспауына алып келеді. Бала сөздің бір бөлігін ғана естиді, сондықтан оның мағынасын дұрыс түсінбейді. Жалпы алғанда, нашар еститін балалардың дыбыс айту бұзылған, сөйлеу тілі анық емес, дыбыс шығару қаттылығы бірде өте қатты, бірде өте төмен біркелкі емес, ым-ишарамен қатар жүреді.

Сөйлеу тілінің болмауы немесе оның төмен деңгейде дамуы баланың танымдық әрекетінің тежелуіне, әсіресе, тілдік ойлау деп аталатын көрнекі-бейнелік және тілдік-логикалық ойлаудың шектелуіне алып келеді.

Есту қабілеті бұзылған балалардың әлеуетті мүмкіндіктері өте жоғары.

Егер баланың дамуында басқа қосымша күрделі ауытқулары болмаса, тиімді және мақсатты түзету жұмысы мектепке дейінгі кезеңде жүргізілген болса, онда саңыраулықтың ауыр түріне қарамастан бастауыш мектепте жалпы және тілдік дамуды қалыпты жағдайға дейін жеткізуге болады. Бұндай балалар сөйлеу тілін толық меңгерген, балалармен де, ересектермен де еркін сөйлесе алады, көргенін айтып бере алады, оларға айтылған сөзді жақсы қабылдайды, естіп көру арқылы қабылдайды, тақпақ оқып, өлең де айтып бере алады.

Олардың сөйлеу тілінің дыбысталуы, әдетте, еститін балалардың тілінен аз айырмашылығы болады, олар есту аппараттарымен еш қиындықсыз қолданады. Оларға жалпы мектепте оқу тиімді болып табылады.

Нашар еститін балалармен түзету жұмысын ұйымдастыру үшін сурдопедагог кабинеті қажет. Ол дыбыстау индикаторы, арнайы компьютерлік бағдарламалар, сурдологопедиялық тренажер, компьютер колонкалары, магнитті тақта, аудиодисктер, айна және басқа құралдармен жабдықталады [11].

Нашар еститін балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1) Есту қабілеті бұзылған баланың білім беру ұйымының тәртібіне, оның білім беру ортасына бейімделу процесінде жеке және жас ерекшеліктерін міндетті түрде ескере отырып сабақтастық, бірізділік, біртіндеп беру принциптерін сақтау қажет.

2) Педагогтерге бұндай баламен қарым-қатынаста барлық мүмкін және қолжетімді құралдарды қолдану қажет: ауызша сөйлеу тілі, табиғи ым-ишара мен мимика.

3) Педагогтер мен мамандарға бұндай баланы айналадағылар қабылдау үшін, қарым-қатынасқа және әр түрлі әрекет түрлеріне қосу үшін арнайы жұмыс жүргізу қажет.

Нашар еститін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

– нашар еститін білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;

– есту қабілеті бұзылған білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға болады;

– жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болады;

– нашар еститін оқушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне

байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;

– қажет болған жағдайда (ата-ананың немесе білім алушының қалауы бойынша) арнайы құрылғыларды (ұжымдық қолдануға арналған дыбыс күшейткіш аппаратурасы, жеке есту аппараттары және басқа) қолдану ұсынылады;

– нашар еститін білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау оценивание жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Көру қабілеті бұзылған балалар үшін білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Көрмейтін балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беруге қажеттіліктері

Бұл санаттағы балалардың көру өткірлігі көзілдірікпен түзете отырып жақсы көретін көзде 0 (0%) мен 0,04 (4%) аралығында болады. Сондай-ақ, көру өткірлігі жоғары (1-ге дейін, яғни 100%) бірақ көру аумағы 10-15 градусқа дейін немесе көру нүктесіне дейін шектеулі балалар жатады. Бұндай балалар көруді танымдық және бағдарлық әрекетте шектеулі қолдана алатындықтан олар көрмейтіндер қатарына жатқызылады. Көру талдағышының зақымдану ауырлығы мен сипаты барлық сенсорлық жүйесінің дамуына әсер етеді, қоршаған ортаны танудың басты жолдарын, сыртқы әлемді қабылдау толықтығы мен нақтылығын анықтайды [11].

Көру қабілетінің бұзылысы сезіну, қабылдау, елестету және т.с.с. бірқатар психикалық процестердің дамуына кері әсер ететін екінші қызметтік ауытқуларды тудырады (көру аумағын тарылту, көру өткірлігін төмендету және т.б.).

Қалыпты көретін баланың іс-әрекеті айналадағылардың әрекетіне еліктеуге сүйенеді. Ал көрмейтін бала арнайы ұйымдастырылған оқытусыз өздігінен бағытталған әрекетті қоршаған заттар мен олардың әрекетін мүлдем немесетолық елестете алмау, бұрмалап елестету салдарынан меңгеруге қабілетті емес.

Көру қабілетінің бұзылысы тұлғаның жеке құрылымдық компоненттеріне әсер ететіні сөзсіз. Олардың орнын толтыру психиканы қайта құру және жаңа өмірлік жағдайларға бейімделу процесі ретінде қарастырылады.

Көрмейтін және нашар көретін балалардың ойын, танымдық және басқа әрекет түрлерінде түзету мен орнын толтыру педагогикалық және психологиялық ықпал студия әдістері мен тәсілдері, формаларының жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Оларды білу тек жеке мамандарға қажетті шарт емес, сондай-ақ бұл санаттағы балалармен жұмыс істейтін барлық адамдардың білгені дұрыс. Сезімдік тәжірибедегі кемшіліктердің орнын толтыру тек сақталған сезім мүшелерін белсенді іске қосқан жағдай ғана мүмкін.

Көру сезімі мен қабылдауының толық немесе жартылай түсіп қалуына байланысты сыртқы әсерлердің қысқаруы зейіннің дамуына кедергі жасайды, қабылдауда тікелей қызығушылықты туғызатын объектілер аумағының қысқарады. Бұл зейіннің көлемін, тұрақтылығын және басқа қасиеттерін төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар, есту қоздырғыштарының бірсарындылығы көрмейтін балаларды шаршатады және алаңғасарлыққа әкеледі. Зейін белгілі бір психикалық процесспен, қандай да бір талдағыштың қызметімен байланысты емес және іс-әрекетте қалыптастырылады.

Көрмейтіндер үшін қолжетімді сезімдік ақпаратпен сүйемелденген сөз арқылы түсіндіру негізінде олар көптеген заттар мен құбылыстар туралы түсінік қалыптастыра алады.

Сөйлеудің компенсаторлық қызметі көрмейтіндердің барлық психикалық әрекетінде көрінеді: қабылдау процесінде (сөз оны бағдарлап нақтылайды), бейнелер мен түсініктерді қалыптастыруда, түсініктерді меңгеруде және т.с.с. көрмейтін баланың тұлғасын қалыптастыруда сөйлеу тілі өте маңызды орын алады. Сөйлеу тілі арқылы көрмейтін балалар қоршаған адамдармен әрекеттеседі, қоғамда бағдарланады [11].

Көрмейтіндердің сөйлеу тілін ата-аналар, педагогтер мен мамандар тарапынан дұрыс қалыптастыруға әсер болса, қалыпты деңгейге дейін дамып, әртүрлі әрекет түрлеріне қатсу мүмкіндіктерін кеңейтетін орын толтырушы күшті құрал бола алады. Сөздік қорды дамыту қолданылатын және түсінетін сөздер қатарын арттыру және сөздікті мағыналық дамыту арқылы, яғни, атауын білдіретін сөздер мен заттар сәйкестігі, нақты зат пен сөздің мағынасын жалпылау процесі жүргізіледі.

Көрмейтін және нашар көретін балалармен уақытында және тұрақты түзету жұмысы жүргізілсе, оларға қоршаған ортада қажетті бағдарлауды қамтамасыз ететін қажетті түсініктер қоры қалыптасады.

Әлеуметтік қарым-қатынастардың бұзылуы көрмейтін бала тұлғасының қалыптасуында ауытқуларға алып келеді және жағымсыз мінез-құлық ерекшеліктерінің пайда болуына әкелуі мүмкін. Оларға қажеттіліктерді қанағаттандыру қиындығымен байланысты олардағы өзгерістер динамикасы, сезімдік көріністің шектелуіне байланысты қызығушылықтар қатарының азаюы, көру арқылы қадағалауды талап ететін әрекет түрлеріне қабілетінің төмендеуі, ішкі жағдайлардың сыртқы көрінісінің болмауы немесе бірден шектелуі жатады.

Әрине, көру қабілетінің бұзылысы тұлғаның негізгі қасиеттерінің дамуына қосалқы әсер етеді, ал негізгі рөл әлеуметтік факторларға (әрекеттің шектелуі, қалыпты көретіндермен сөйлесудің жағымсыз тәжірибесі және т.с.с.) тиесілі.

Арнайы білім беру жағдайларын жасау архитектуралық орта (оқудан тыс және оқу кеңістігі) мен арнайы құрал-жабдықтардан тұратын материалды-техникалық базаны құрудан басталады.

Кедергісіз кеңістік

Ғимаратқа кіргенде сүйеніштер міндетті түрде қажет. Сүйеніштер баспалдақтың екі жағынан 50 см биіктікте болуы керек. Диаметрі 3-5 см болатын шеңберлі сүйеніштер ыңғайлы. Сүйеніштердің ұзындығы баспалдақ ұзындығынан 30 см-ге ұзынырақ болуы керек. Сүйеніштердің басы мен соңын тактильді бағдарлармен белгілеп қою керек.

Ғимарат ішімен қозғалу үшін дәліздердің бойында тұтқыштарды орналастыру керек. Бағдарлауды жеңілдетудің бір әдісі еденді әртүрлі рельефті жолмен жабу – бағытты ауытырғанда едендегі рельеф те ауысады. Бұл еденге арналған плитка немесе кілемді жол болуы мүмкін.

Ғимаратта көрмейтін баланы сүйемелдеу бойынша дыбыстық бағдарларды (дәліздің басы мен соңында, қабаттарды белгілеу) қолдануға болады.

Сынып кабинетінде бағдарлау үшін жағдайлар жасау қажет: партадағы тактильді бағдарлар, бөлменің жалпы аумағын рельефті фактуралармен немесе кілеммен зоналарға бөлу [11].

Арнайы құрал-жабдықтарға рельефті құралдар, Брайль шрифтісі бар компьютерлер, тактильді төсемдермен жабдықталған спорт зал жатады.

Қосымша дидактикалық материалдар

Тегіс баспалы оқу құралдар бұл санаттағы балалар үшін қолжетімсіз болғандықтан материалдарды берудің басқа түрлерін таңдау керек:

1. Брайль шрифтісімен жазылған оқулықтар мен оқу құралдары;
2. Цифрлік аудиожазба: mp3 және басқа;
3. Көрнекі құралдардың рельефті бейнелері;
4. Ақпаратқа визуалды емес қолжетімділік бағдарламалары;

Көрмейтін балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

– көрмейтін балалардың жұмыс қарқыны баяу болғандықтан тапсырмаларды орындауға көбірек уақыт беру қажет.

– бала сипап сезу немесе естіп сипап сезу арқылы үйренеді, сондықтан оған заттарды ұстап көру мүмкіндігі берілу керек.

– көру бейнелерінің кедейлігі мен сызбалығының орнын толтыратын түсіндірмелер санына назар аудару ұсынылады. Бұл жағдайда түсіндірмелер, сипаттамалар, нұсқаулардың нақтылығына ерекше көңіл бөлу керек.

– заттарды/суреттерді көрсетуді сөздік нұсқаумен немесе сипаттамамен бірге жүргізу керек.

– затпен және объектімен таныстыруда сабақтың қарқынын төмендету керек. Себебі, көрмейтін балаларға тапсырманы қабылдауға, есте сақтауға, түсінуге ұзағырақ уақыт керек.

– сипап сезуге байланысты материалды ұсынғанда көруге берілген тапсырмамен салыстырғанда орындау уақыты 2-3 есе артатыны ескеру керек.

– сабақ барысында әкөру қабілеті бұзылған бала кім сөйлеп жатқанын түсіну үшін әрбір оқушыны атымен атаған жөн.

– мұғалім балаларға түсіндірген тақырыптарды көрмейтін бала қайта тыңдау үшін магнитофон/диктофонға жазып алу ұсынылады.

Нашар көретін балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беруге қажеттіліктері

Нашар көретін балалардың санатына көру өткірлігі көзілдірікпен түзете отырып жақсы көретін көзде 0,05 (5%) мен 0,4 (40%) аралығында болады. бұл балалар тобының көрмейтін балалардан басты айырмашылығы: көру өткірлігінің ауыр төмендеуі болса да көруталдағышы қоршаған әлем туралы ақпаратты қабылдаудың негізгі көзі және оқу процесінде, оның ішінде оқу мен жазуда жетекші болып қалады. Бұл балалар көруі төмен немесе нашар көру мен қалыпты көру аралығындағы, яғни, көру өткірлігі түзете отырып жақсы көретін көзде 0,5 (50%) пен 0,8 (80%) аралығында болады [11].

Қызметтік бұзылыстары бар балалардың көп бөлігін амблиопия мен қылилығы бар балалар құрайды.

Көру талдағышының зақымдану ауырлығы мен сипаты барлық сенсорлық жүйесінің дамуына әсер етеді, қоршаған ортаны танудың басты жолдарын, сыртқы әлемді қабылдау толықтығы мен нақтылығын анықтайды.

Берілген топтың білім алушыларына

- жалпы және көру арқылы жұмысқа қабілеттілігінің төмендеуі;
- табыстылығы көру қызметінің жағдайымен анықталатын заттық-практикалық әрекеттердің баяу қалыптасуы;
- өлшеу дағдыларын меңгеруде, көру-моторлы координациямен көру-кеңістіктік талдау мен жинақтауға байланысты тапсырмаларды орындаудақиындықтар туындауы
- көру қызметінің төмендеуі және әр түрлі клиникалық көріністеріне байланысты ғана емес, сондай-ақ көру арқылы қабылдау мен психомоторлы құрылымдардың жеткіліксіз дамуының салдарынан сезімдік тәжірибенің кедейлігі;
- қозғалыстық белсенділіктің төмендігі және дене дамуының өзіндік ерекшеліктері (қозғалыстардың үйлесімі, нақтылығы, көлемінің бұзылысы, көз, бас, дене, қол және т.б. қозғалысы байланысының бұзылуы).
- сөйлеу тілінің өзіндік даму ерекшелігі;
- тілдік (фонематикалық құрам, сөздік қор, грамматикалық құрылым) және тілдік емес (мимика, пантомимика, интонация) қарым-қатынас құралдарын меңгерудегі, коммуникациялық әрекетті (қарым-қатынас құралдарын қабылдау, өңдеу) жүзеге асыруда белгілі бір қиындықтардың болуы.
- жалпы және танымдық белсенділіктің төмендеуінен әр түрлі әрекет түрлерінің, ең алдымен сенсорлы-перцептивті дамуының қиындығы
- орындалатын әрекеттердің сапасымен, дағдылардың машықтануы, орындалатын әрекетті көру арқылы қадағалауға байланысты қиындықтардың болуы.

– көру арқылы қабылдаудың жылдамдығы мен нақтылығының төмендеуі, көру бейнелерінің қалыптасу баяулығы, көру арқылы қабылдау қасиеттерінің қатарының қысқаруы және әлсіреуі; ойлау операцияларын іске асырудағы және зейіннің негізгі қасиеттерін дамытудағы қиындықтар ретінде көрінетін танымдық процестердің құрылуы мен барысының ерекшелігі тән [11].

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Білім беру ұйымы құрылыстық ережелер мен нормаларға, санитарлық және гигиеналық нормаларға, өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес болып, көрмейтін және нашар көретіндер үшін жабдықталуы керек:

– баспалдақтың төменгі және жоғарғы сатысын қанық түспен бояу: баспалдақты, табалдырықты, жиектерді, маңайдағы аумақтың шығыңқы жерлері талаптарға сәйкес белгіленуі керек;

– баспалдақтардың екі жағынан тегіс сүйеніштер болуы керек;

– маңайдағы аумақты және дәліздерді бағдар беретін рельефті-қанық бояулы төсем салу; дәліздегі баспалдақтарды, дәліздерді, қабырғалар мен есіктерді бағдарлармен жабдықтау ұсынылады.

– баспалдақтың бірінші және соңғы сатысы басқалардан фактурасы мен түсі қанықтығы бойынша ерекшеленуі керек.

– баспадақтың екі жағында тұтқалар барлық қабат аумағында құрылып, есік жақтауына 30-40 см жетпей аяқталады.

Түсті көрсеткіштер. Егер ғимаратқа кіретін есіктер шыныдан жасалса, оларды белгілі бір биіктікте ені 400 мм болатын екі көлденең жолақпен белгілейді: жоғарғы жолақ – қызыл түсті, төменгісі – сары түсті. Сары жолақ еденнен 500 мм биіктікте болуы керек.

Жарық көрсеткіштері. Ғимаратқа кіруді белгілеу үшін бағдар ретінде жанып-өшетін шам қолданылуы мүмкін, бірақ жарықтың сәулесі көзге қоздыратын әсердің алдын алу үшін тікелей емес, міндетті түрде шағылуы керек.

Қажетті арнайы құрал-жабдықтар. Нашар көретін балалардың оқу-танымдық әрекетін жеңілдететін арнайы тифлотехникалық және оптикалық (оптикалық түзетудің жеке құралдары, электронды үлкейткіш әйнек, қашықтықты үлкейткіш әйнек, қалталы әртүрлі еселік үлкейткіштер және басқа) құралдар қолданылуы керек [11].

Қосымша дидактикалық материалдар

Сабақта табиғи заттарды қолдану үшін оларды таңдауда белгілі бір ережелерді сақтау керек: көру және сипап сезу арқылы зерттеу үшін заттар ыңғайлы болуы керек; заттардың пішіні дәстүрлі тез танылатын және негізгі бөліктері айқын білінетін болуы керек; заттар ашық түсті, негізгі бөліктері түспен белгіленуі керек.

Үлестірмелі иллюстративті материалды әзірлеуде әрбір баланың көру қабілетінің бұзылыстарын және оған ұсынылған көру жүктемесін ескерген жөн.

Балаларға слайд, кино мен бейнематериалдарды таңдауда да оқушылардың көріп қабылдауына ыңғайлы, зат пен құбылыс туралы дұрыс түсінік алуға мүмкіндік беру тұрғысынан қарау керек.

Графикалық көрнекіліктерде қолданылатын шартты суреттер бейнеленген заттардың негізгі мазмұнын, сипаты мен қасиеттерін көрсететіндей өте қарапайым, әрі нақты болып, яғни тез танылуы керек.

Нашар көретін балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

– баланың көру жағдайы туралы офтальмолог дәрігердің қорытындысымен танысу керек. Егер көзілдірікті үнемі тағу жазылса, баланың сол талапты орындауын қадағалау керек.

– баламен терезенің маңында жарыққа қарама-қарсы тұрып сөйлесу ұсынылмайды.

– педагогқа көру қабілеті бұзылған бала жақсы қабылдайтын ашық түсті киім кию ұсынылады.

– көру қабілеті бұзылған балалардың жұмыс қарқыны баяу болғандықтан, оларға тапсырма орындауға көбірек уақыт берген жөн.

– трафаретпен сурет салу, штрихтеу, микрокеңістікте (қағаз бетінде) бағдарлау дағдыларын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізу ұсынылады.

– әрекет түрлерін алмастыруда көздің шаршауын басу үшін жаттығуларды қолдану, көзге тынығу болып табылатын динамикалық үзілістерді оқу-тәрбие жұмысына қосу ұсынылады.

– көрнекі және үлестірмелі материал үлкейтілген, түсі мен бейнесі бойынша жақсы танылатындай болу керек.

– көру қабілеті бұзылған балаларға көру арқылы қабылдау, есте сақтау, тапсырманы түсіну, қайта қарау үшін көбірек уақыт қажет болғандықтан объектпен таныстыру барысында сабақтың қарқынын төмендету ұсынылады.

– көру қабілеті бұзылған балалардың біртіндеп көріп қабылдауы басым болғандықтан материалды түсіну уақыты кемінде екі есе ұзартылады (нормамен салыстырғанда). Сондықтан сабақты жоспарлауда осы ерекшелікті ескерген жөн.

– көру қабілеті бұзылған балаларда көбіне қозғалыс үйлестіруінің қиындықтары, тапсырманы орындауда көз бен қолдың қозғалыстарының келісімділігі бұзылады. Сондықтан графикалық тапсырмаларды орындауда дәлдік пен сапасы емес, оның дұрыстығы бағалануы керек.

– көру қабілеті бұзылған балаға сабақ барысында көрсетілген материалды келіп қарауға мүмкіндік берілу керек. Суреттер үлкейтіліп беріледі.

– көру қабілеті бұзылған бала сабақта кім сөйлеп жатқанын түсіну үшін әрбір оқушының атын атау ұсынылады.

Көру қабілеті бұзылған (көрмейтін, нашар көретін) білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

– көру қабілеті бұзылған білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;

– көру қабілеті бұзылған білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға болады;

– жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болады;

– көру қабілеті бұзылған оқушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;

– қажет болған жағдайда арнайы құрылғыларды (арнайы тифлотехникалық және оптикалық құралдар, цифрлік аудиожазба және басқа) қолдану ұсынылады;

– көрмейтін білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізіледі (ауызша, жазбаша: болған жағдайда брайль құралдарында, брайль баспа машинасында, көрмейтіндерге арналған арнайы программалық жабдықталған компьютерде және басқа).

– нашар көретін білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу әрекетін жеңілдететін құралдарды (жеке оптикалық түзету құралдары, электронды үлкейткіш әйнектер, қалталы әртүрлі есеге үлкейткіштер және т.б.) қолдана отырып жүргізіледі.

– көру қабілеті бұзылған білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар үшін білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беруге қажеттіліктері

Қимыл-қозғалыс функциясынан айрылу немесе бұзылуы, дамымай қалуы, қалыптасуының кешігуі негізгі сипаттымасы болып табылатын тірек-қимыл аппараты бұзылған (бұдан әрі – ТҚАБ балалар) балалар кең және бір текті емес тобын құрайды. Балалардың тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы, туа біткен немесе ерте пайда болған аурулар мен зақымдар себебінен болуы мүмкін [11].

ТҚАБ балаларды психологиялық-педагогикалық тұрғыда, шартты түрде білім беру кеңістігі жағдайында түзету-педагогикалық жұмыстың түрлі нұсқаларын қажет ететін екі санатқа бөлуге болады.

Бірінші санатқа (қозғалыстық бұзылулары неврологиялық сипаттағы) орталық нерв жүйесінің қозғалыс бөліктерінің органикалық зақымдануы себебінен, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар жатады. Балалардың бұл тобын көпшілігінде БСА-сы бар балалардан тұрады. Балалардың дәл осы санаты клиникалық және психологиялық-педагогикалық аспектілерде ең көп зерттелген болып табылады. Өйткені БСА кезінде қозғалыс бұзылулары жеке тұлғалық саланьң, сөйлеудің және танымдық дамудың бұзылуымен үйлеседі, онда бұл санаттың балаларының негізгі бөлігі психологиялық-педагогикалық және логопедиялық түзетумен қатар емдеу мен әлеуметтік көмекті де қажет етеді.

Екінші санатқа (қозғалыстық бұзылулары ортопедиялық сипаттағы) көбінесе неврологиялық сипаттағы емес тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар жатады. Әдетте, бұл балалардың зияткерлік дамуында көрініп тұратын бұзылушылық болмайды. Кейбір балалардың психикалық дамуының жалпы қарқыны ештеп баяулаған және жекелеген қабықтық функциялары, әсіресе көру-кеңістіктік ойы парицально бұзылған болуы мүмкін. Бұл санаттағы балалар жеке қозғалыс режимін сақтауға және жүйелі түрде ортопедиялық емдеу аясында психологиялық қолдауға мұқтаж.

Қозғалыс бұзушылықтарының сипаты мен ауырлығы, көру және естудің ықтимал бұзылуы, сенсорлық ақпараттың (сырт қарағанда-мотор үйлестіру және т. б.) кірігуіне негізделген күрделі функциялардың қалыптасу қарқыны мен мерзімдерінің кешігуінің, кез келген сенсорлық ақпараттың қабылдану және өңделуінің сапалы ерекшеліктерін болжайды.

Көріп қабылдау ерекшеліктері көру ықыласы (көзқарасқа көңіл қою және оны объекте ұстау, объекте/нысанада бақылап отыру қиындықтармен), шамамен көру реакцияларының әлсіздігімен, жартыкештігімен және ыңғайластырылмағандығымен, қабылдау қарқынының өзгеруімен сипатталады. Оң жақ немесе сол жақ аяқ-қолдары айрықша зақымдалған балалардың бойынан көру өрістерінің айтарлықтай шектелуі немесе айырылып қалуы байқалады, ол күрделі сырт қарағандағы-мотор үйлестіруді қалыптастыруды қиындатып қана қоймай, көру коммуникациясының («көзге көз» контакт) бастапқы нысандарының қалыптасуы қиындықтарын айтарлықтай дәрежеде анықтайды [11].

Естіп қабылдау ерекшеліктері шамамен-іздістіру есту реакцияларының тұрақсыздығымен сипатталады. Бала дыбыс шығарушыға үнемі үйрене алмайды, қарама-қарсы дыбыстарды айыруда, дыбыстың бағыты мен күшін анықтауда қиналып қалады.

Зейін мен зерденің бірқатар ерекшеліктері бар. Көбіне қалай болса солай назар аудару, оның тұрақсыздығы мен ауыспалылығынан зардап шегеді. Ис-әрекеттің бір түрінен екіншісіне көңіл аудару үшін қосымша уақыт қажет

болады. Зейінді бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстыру үшін қосымша уақытта талап етіледі. Белгілі бір уақыт бірлігінде қабылданатын ақпараттар көлемі әдетте тарылған. Бір анализатор жүйесінде зерде бұзылуы мүмкін (көру, есту, қозғалыс-кинестетикалық). Ойлау процестері салғырттықпен, қорыту операцияларының төмен деңгейімен сипатталады. Балалардың сал ауруы клиникасында сөйлеудің әр түрлі бұзылыстары маңызды орын алады. Жетекші мамандар ретінде дизартрия (артикуляцияның бұзылулары дауыс пен тыныс алу бұзылыстарымен үйлесетін, сөздің сөйлеу таптарының бұзылуы).

Жеке психикалық функцияларының дамуының бұл бұзушылықтар бүтіндей БСА-сы бар балалардың психикалық дамуын тежейді. Алайда БСА-сы бар балалардың психикалық дамуын болжау тірек-қимыл жүйесінің қаншалықты зақымдану тереңдігіне ғана байланысты емес, бұл жерде баланың компенсаторлық мүмкіндіктері (оның ішкі ресурстар) және барабар жағдайлар, оның әлеуметтік бейімделуінің (сыртқы ресурстар) шешуші мәні бар.

ТҚАБ балаларға арналған білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Кедергісіз кеңістік

ТҚАБ бала білім беру ұйымының аумағына кіру үшін ғимаратқа кіреберісте пандус орнату қажет. Пандус бала арбасына өздігінен онымен көтерілуге және түсе алатындай барынша жайпақ болуы керек (10-12°). Пандустың ені 90 см.-ден кем емес болуы керек. Пандустың қажетті атрибуттары, ұзындықтары әрбір жағынан пандустың ұзындығынан 30 см.-ге артық болатын тұтқалары (биіктігі 50-90 см) және қоршап тұратын бортик (биіктігі - 5 см кем емес) болып табылады.

Егер ғимараттың сәулеті дұрыс пандус (мысалы, тар баспалдақ) салуға мүмкіндік бермесе, онда қайырмалы пандус жасауға болады, бұл жағдайда сырттан көмек қажет.

Ғимараттың есіктері пандусқа қарама-қарсы жаққа ашылуы тиіс, әйтпесе бала арбасымен төмен сырғанап кетуі мүмкін.

Қозғалыс патологиясы бар нашар жүретін білім алушылар ғимарат бойынша олардан ұстап жүру үшін барлық периметрі бойынша дәліздер бойымен тұтқалар жасау қажет. Есіктердің ені 80-85 см.-ден кем болмауы керек, әйтпесе бала арбасымен олардан өте алмайды.

Бала арбасымен жоғарғы қабаттарға көтеріле алуы үшін, ғимаратта баспалдақтарда көтергіштер алдын ала қарастырылуы керек [11].

Дем алу, сабақ оқу және т.б. үшін әр аймақта белгілі бір объектілер мен заттардың орналасқан орындарын бекіте отырып, кеңістікті аймақтарға бөлу қолайлы болып табылады. Аймақтарға бөлу әдісі кеңістікті танымал етеді, демек, ТҚАБ бала үшін қауіпсіз және ыңғайлы, оның кеңістікте табысты бағдарлануын қамтамасыз етеді, ұсынылатын нысандағы өзара іс-қимылға бейімдейді, өз белсенділігінің деңгейін арттыруға мүмкіндік туғызады.

Бұл арада келесі шарттар сақталуы тиіс:

– осы ұйымда білім алушы қозғалыс патологиясы бар балалардың қажеттіліктерін ескере отырып санитарлық-тұрмыстық (жабдықталға киім ілгіш, санитарлық торап, орындық, жеке гигиена және т. б. болуы);

– осы ұйымның ТҚАБ баланың нақты қажеттіліктерін ескере отырып әлеуметтік-тұрмыстық (ұйымның жабдықталған кеңістігі, баланың жұмыс орнының және т. б. болуы);

– арнайы жабдықталған медициналық кабинет;

– емдік дене шынықтыруға арналған арнайы жабдықталған зал.

Қажетті арнайы құрал-жабдықтар

– жүріп-тұру құралдары: мүгедектер арбасының әр түрлі нұсқалары (бөлмелік, серуендік, функционалдық, спорттық), қайта отырғызу үшін көтергіштер, шағын автобус, басушылар мен ағашақтар (бөлмелік және серуендік), балдақ, шаяндар, таяқтар, велосипедтер; арнайы тұтқалар, пандустар, тротуарларға шығатын жерлер және т. б. Көптеген көп функционалды кресло-арбаларды балалар көп уақытын өткізе алады. Оларда тамақ ішуге және сабақ оқуға арналған үстел, алмалы-салмалы кеме, кітаптар үшін бөлімшесі, тағаммен термосты сақтауға арналған арнайы орын бар;

– өзіне-өзі қызмет көрсетуін жеңілдететін құралдар (ыдыс-аяқтар мен асханалық аспаптар, киіну және шешіну, есікті ашу және жабу, өз бетінше оқулары, телефонды пайдалану үшін құрал-жабдықтар; электр құралдарын қосатын ерекше, тұрмыстық аспаптарды қашықтықтан басқару құралдары);

– баланың қажеттілігіне сай жиһаз;

– балаларды жатқызып оқытуға арналған сыналы тіреуіштері бар медициналық кушеткалар;

– балаларды тұрғызып оқытуға арналған көлбеу үстелдер [11].

Қосымша дидактикалық материалдар

ТҚАБ балалардың ерекше білім алудағы қажеттіліктері кейде ауызша емес байланыс құралдарын қолдануды талап етеді. Балама (ауызша емес) қарым-қатынас құралдары болып табылатындар: арнайы таңдап алынған заттар; графикалық/баспа суреттер (фотосуреттер, суреттер, пиктограммалар және т. б. тақырыптық жиынтықтары, сондай-ақ жеке коммуникативтік альбомдардан жасалғандар); электрондық құралдар (бейне жазба құрылғылары, электронды коммуникаторлар, сөйлеу тренажерлер), тиісті бағдарламалық қамтамасыз етілген және қосалқы құрал-жабдықтармен планшетті немесе дербес компьютер және т. б.).

Әр бала үшін жеке ортопедиялық режимді сақтау міндетті шарт болып табылады. Дәрігер- ортопедтің, ЕДШ инструкторының ұсынымдарына сәйкес қозғалысты жүзеге асыру мүмкіндігі мен баланың кеңістіктегі барынша қолайлы жәйін қамтамасыз ететін сауықтыру техникалық құралдарын пайдалана отырып, баланы отырғызу және қозғалты ережесі, тыйым салу позициясы – рефлексі анықталады (патологиялық рефлексстердің

белсенділігінің төмендеу және бұлшық ет тонусын қалыпқа келтіру үшін балаға үлкендер мән берілетін дене тұрысы).

Баланың ұзақ уақыт бойы басы төмен қарай салбырап, арқасы мен аяғы бұғулі отыр мауын қадағалап отыру керек. Бұл тұрақты патологиялық қалыпқа алып келеді, тізе мен жамбас буындарының бүгілуінің дамуна қарсы ықпал етеді. Мұны болдырмау үшін баланы орындыққа басы мен арқасын түзулеп, аяғы созыңқы, табаны тіреке тіреп отырғызу керек.

Ортопедиялық режимді сақтау қимыл-қозғалыстың бұзылуына ықпал ететін теріс тұстарын жоюға мүмкіндік береді, осылайша баланың қозғалыс мәртебесін тұрақтандыруға оң әсер етеді.

ТҚАБ балаларды оқыту келесі: қозғалыс ақауын шамадан келгенше медициналық түзету, жүйке-психикалық ауытқулар терапиясы, соматикалық ауруларды купелеп бөлу бағыттарында жүргізілетін емдеу-қалпына келтіру жұмыстары аясында жүзеге асырылуы тиіс. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі жас ерекшеліктер бойынша өзгерістерді ескере отырып емдеу-сауықтыру режимін (күн тәртібін ұйымдастыру, ортопедиялық аяқ киім кию режимі, қызмет түрлерін ауыстыру, физикалық үзілістерді өткізу және т.б.) жүзеге асыру бойынша ұсыныстарды жүйелі түрде сұрастырып отыруы қажет.

Қозғалысында ақау бар балаларға өзін-өзі қамтамасыз ету, гигиена, әлеуметтік-тұрмыстық бағдар беру дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру маңызды шарт болып табылады. Өзіндік ұстау дағдыларын қалыптастыру және тұрмыстық бағдар қалыптастыру кезінде церебральды сал ауруымен ауыратын балаларда жалпы моториканың бірқатар ақауларынан қолдың, саусақтардың функционалдық қозғалыстарының, сөйлеудің, танымдық белсенділігінің, соның ішінде кеңістіктік көріністердің болмауын ескеру қажет.

ТҚАБ балалармен жұмыс істеудің міндетті шарты сөйлеу бұзылуларын түзету үшін логопедтік көмек ұйымдастыру болып табылады. Сөйлеуінде әртүрлі ауытқулары бар балалармен логопедтік жұмыс істеу балалардың сөйлеу қабілетін түзетуге және кейде қалыпқа келтіруге мүмкіндік береді. Логопед оқытуларының негізгі бағыттары сөйлеуді дамыту және оның бұзылуын түзету болып табылады.

Дыбысты қалыптастыру жұмысы ең ауқымды специфика болып табылады. Церебральды сал ауруындағы бұл жұмыстың ерекшелігі артикуляторлық аппараттың зақымдануының ауырлығы мен сипатына байланысты талаптарды орындау болып табылады [11].

Сөйлеудің айқындығын қалыптастыру кезінде пассивті және белсенді артикуляциялық гимнастика, тыныс алу гимнастикасы және дауыстық жаттығулар жасалуы керек. Бұл жаттығулардың кешендері балалардың қозғалыс әрекеті мен сөйлеу қабілеттеріне байланысты жеке таңдалады.

Логопедиялық жұмыстың ерекшелігі - ортопедиялық режимді қатаң ұстану. Логопед баланың тұлғасын, аяқ-қолдың дұрыс орналасуын үнемі

бақылап отыруы керек. Қажетсіз патологиялық реакциялар болған жағдайда, логопед пассивті - активті әдіс арқылы оларды жеңуге көмектеседі.

ТҚАБ балаларға арналған білім алу процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

– бір сабақ шеңберінде іс-әрекеттің динамикалық өзгеруі қорғаныс режимін (ТҚАБ балаларымен психикалық процестердің сарқылуын болдырмау, оның белсенді көңіл-күйін сақтау және т.б.) жүзеге асыруға және баланың белсенді ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

– әрбір білім алушыға жеке ортопедиялық режимді сақтау (әртүрлі ортопедиялық құралдармен серуендеу, қолдар мен саусақтардың орналасуын түзету, басын тұрақты ұстау және т.б.) үшін оңтайлы қозғалғыштығын қамтамасыз етеді;

– ТҚАБ баланың сөйлеу мүмкіндігі аурудың клиникалық көріністеріне ғана емес, (гипертония, гипотония, дистония, гиперкинезия, апроксия) сондай-ақ оның эмоционалдық жай-күйіне, денесі мен басының жазықтықтағы орналасуына, сыртқы әсерлерге де байланысты (сенсорлық және эмоционалдық ынталандырулар). Коммуникативті мінез-құлықтың маңызды құрамдас бөлігі - балаға қол жетімді коммуникативтік құралдарды: «көз контактісі» жүйесі, пантомима (ым, бет әлпеті, пантомима), паралингвистикалық (вокализация, интонация), сөйлеуді меңгеру және тәжірибеде қолдану болып табылады.

Баланы түсіну үшін сөйлескенде қажетті жағдайлар:

– сөйлесудің қысқаша және мәнерлілігі (нұсқаулар, өтініштер, пікірлер, хабарламалар);

– балалардың күтілетін реакциясы үшін көбірек қайталау, баяу қарқынмен сөйлеу, үзіліс жасап отыру;

– ауызша сөйлесу мен вербалды емес әдістердің үйлесуі (ыммен, пантомима, іс-әрекетті көрсету);

– кез-келген нұсқаулық, мәселе баланың көңілін бөлу үшін балаға сөйлеуден басталуы тиіс.

Егер баланың сөзі түсініксіздеу немесе іс жүзінде қол жетімсіз болса, вербалды емес қарым-қатынас технологиялары (карталар, нысандар) қолданылады.

Бала практикалық іс-әрекеттерге қол жеткізуіне қарай, көмек көрсету көлемін толық операциядан (әрекеттер тізбегін) жеке іс-әрекеттерге дейін азайту керек, сондай-ақ вербалды емес әдістен (әрекеттер, субъектілер, қимылдар) сөйлеуге ауысудың сипатын өзгерту қажет (кемшіліктерді тікелей көрсету, әрекеттерді бағалау, ынталандыру) [11].

ТҚАБ білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

– ТҚАБ білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуді қарастырады;

– ТҚАБ білім алушының жеке психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға, жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болатындай уақыт тәртібін өзгертуге болады;

– ТҚАБ білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;

– ТҚАБ оқушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;

– ТҚАБ білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады;

– қажет болған жағдайда ТҚАБ білім алушыға физикалық және техникалық көмек көрсететін ассистенттерді, сондай-ақ арнайы құрылғылар мен техникалық құралдарды қарастыру ұсынылады;

– тілдік пәндер бойынша тыңдалым мен айтылымға арналған тапсырмаларды бағалауда ТҚАБ білім алушының сөйлеу тіліндегі өзіндік бқзылыстар (интонациялық мәнерліліктің жеткіліксіздігі, қарқынның баяулығы мен бірқалыптылықтың болмауы және т.б.) дамуының ерекшеліктерін есепке алу қажет;

– жазылымға арналған тапсырмаларды ТҚАБ білім алушының моторлы даму ерекшеліктеріне байланысты өзгертуге немесе басқа тапсырмалармен алмастыруға болады.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар үшін білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беруге қажеттіліктері

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары (СТКБ) бар балалар – бұл есту қабілеті сақталған, ақыл-ойы бұзылмаған, бірақ сөйлеуінеде айтарлықтай ақау бар, дамуында кешеуілдеу бар ерекше санаттағы балалар.

Баланың сөйлеуін дамыту ана тілін бірте-бірте меңгеруімен байланысты: фонемалық естуді дамыту және ана тілінің дыбыстарын білу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қоры, синтаксис ережелері және сөздің мағынасы болу керек. Баланың тілі қоршаған айналасындағы ересектердің сөйлеуінің тікелей әсеріне және сөз сөйлеудің жеткілікті тәжірибесіне, сөйлеу ортасының мәдениетіне қарай, оқыту мен тәрбиелеу арқылы қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуы сөйлеудің әртүрлі компоненттеріне әсер етуі мүмкін: дыбыстық жазба (сөйлеудің түсінігі, дыбыс кемшіліктері), фонемиялық есту (сөздің дыбыстық құрамының жеткіліксіздігі), лексико-грамматикалық құрылымы (сөздік қордың аздығы, сөйлемдегі сөздерді үйлестіру қабілетсіздігі). Бұндай бұзушылық сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуі деп аталады.

Жоғарыда аталған деңгейлерге сәйкес балалардың сөйлеуі тұтығу, дизартрия, ринолалия, алалия, афазиямен бірге жүруі мүмкін. Сөйлеуінде ауыр патологиясы бар балаларда барлық танымдық қызметінің дамымауы байқалады (қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөйлеу), әсіресе саналық деңгейде. Ойлау қызметінің ерекшеліктері сөйлеудің, оның барлық компоненттері дамымағандығы есебінен қалыптасады. Сөйлеу тілінде бұзылулары бар балалардың зейіні тұрақсыздық, ауыстыру және тарату қиындықтары сипатталады. Балалардың осы санатында материалды тез ұмыту, әсіресе ауызша (сөйлеу), мәтін сюжетіндегі оқиғалардың туындауын есте сақтау процесінде белсенді бағыттың азаюы байқалады. Олардың көпшілігінде ақыл-ойдың аз дамуынан меңгеру қабілетінің төмендеген. Дыбыс патологиясы бар балаларға сөйлеу емес, көрнекілік түрде ұсынылған тапсырмаларды орындау жеңілдеу. Сөйлеу бұзылыстары бар көптеген балаларда тірек-қимыл бұзылуы бар. Олар қозғалғанда ыңғайсыз, импульстік, хаотикалық қозғалыстармен сипатталады. Сөйлеу бұзылулары бар балалар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмен болады. Олар ұзақ уақыт бойы тапсырма орындауға кірісе алмауы мүмкін.

Эмоционалды-ерік жағынан да ауытқулар байқалады. Оларда қызығушылығының тұрақсыздығы, ынтаның төмендігі, тұйықтық, өзіне сенімсіздік, агрессивтілік, ренжігіштік, басқалармен қарым-қатынаста, құрдастарымен байланыс орнатудағы қиындықтар орын алады.

Сөйлеу қабілетінің бұзылуы бар балалардың арнайы білім беру қажеттіліктері жалпыға бірдей, сөйлеуді дамытудағы ауытқулары бар барлық балаларға тән [11].

СТКБ бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін уақытында есепке алу үшін мына жайттарды ескеру қажет:

- сөйлеу бұзылулары бар балалардың талдағыштық, аналитикалық, синтетикалық және реттеуші қызметті қалыпқа келтіруге кешенді көмекпен қамтамасыз етуге негізделген жағдай жасау; педагогикалық, психологиялық және медициналық құралдарды кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық түзету құралдармен үйлестіру;

- білім беру кеңістігін барынша кеңейту, әлеуметтік байланыстарды күшейту арқылы тиісті коммуникациялық стратегияларды және тактикаларды таңдауға және қолдануға үйрету;

- баламен түзеу-сауықтыру жұмысына белсенді түрде қатысу мақсатында отбасын психологиялық-педагогикалық қолдау; ата-аналармен серіктестікті ұйымдастыру.

Қажетті арнайы құрал-жабдықтар

Оқытудың интербелсенді техникалық құралдары:

– СТКБ бар балалар үшін қажетті көру және есту көрнекіліктерінің мүмкіндіктерін пайдаланатын полисенсорлық негізде құрылған дидактикалық құралдар;

– балада қалыптастырып жатқан дағды мен білікті жаттықтыру үшін, сондай-ақ СТКБ бар балаларға қажетті материалды әртүрлі нұсқада көп рет қайталату үшін оқытушы компьютерлік ойындар;

– СТКБ бар балалардағы бастапқы білік пен дағдыларды қалыптастыруға арналған арнаулы оқу-жаттықтыру құрылғылары.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың қабылдау ерекшеліктері көрнекі (графикалық) материалдың көп көлемін қолдануды талап етеді. Оларды балалардың көру аумағында орналастыру үшін кілемді және/немесе магнитті тақталар және басқа сияқты арнайы жабдықталған орын қажет.

Қосымша дидактикалық материалдар

СТКБ бар балалардың бір бөлігіндегі ерекше білім беру қажеттіліктері қарым-қатынастың вербалды емес құралдарын қолдануды қажет етеді. Қарым-қатынастың альтернативті (вербалды емес) құралдары: арнайы таңдалған заттар; графикалық/баспа суреттер (фотосуреттердің, суреттердің, пиктограммалардың тақырыптық жиынтығы және басқа); электронды құралдар (бейнежазба құралы, электронды коммуникаторлар, тілдік тренажерлер, сәйкес программалық қамтамасыз етілу және көмекші жабдықтары бар планшеттік немесе дербес компьютер және басқа) бола алады. Жоғарыда аталған және басқа да құралдар білім алушылардың вербалды қарым-қатынасын дамыту үшін қолданылуы қажет.

Әлем туралы және қоршаған ортамен әрекеттесу тәжірибесі туралы қолжетімді түсініктерді қалыптастыру дәстүрлі дидактикалық құралдарды, бейне, проекциялық құралдарды, интернет қорлар мен баспа материалдарын қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балаларға білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

СТКБ бар балаларға білім беру процесінде педагогикалық нәтижеге жету үшін бірқатар ұсынымдарды есепке алу қажет:

– тапсырманы ұсына отырып, сабақта әр түрлі тапсырмаларды орындау барысында бір баланың белсенді және әлеуетті мүмкіндіктеріндегі айырмашылықтарды есепке алу қажет.

– балалар мәнін түсіну үшін сұрақтарды анық, қысқа етіп қойып, жауабын беруге асықтырмай, ойлануға уақыт беру керек.

– СТКБ бар балаларға тән тез шаршауды болдырмау үшін бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстыру, әр түрлі әрекет түрлерін қолдану маңызды.

– әр түрлі көрнекі құралдарды білім беру міндеттеріне сәйкес тиімді пайдалану ұсынылады.

– баламен көбірек сөйлесіп, барлық әрекеттерді, айналадағыларды айта отырып, бір сөздерді қайталауға қорықпай, оларды анық, сабырмен, мейірімділікпен айту керек.

Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстарын жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

– СТКБ бар білім алушыларға арналған жиынтық жұмыстары олардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуді қарастырады;

– СТКБ бар білім алушының жеке психофизикалық ерекшеліктеріне байланысты жиынтық жұмыстарының тапсыру уақытын ұзартуға, жиынтық жұмысты жүргізу барысында білім алушыға тынығу үшін немесе басқа қажетті шаралар үшін қысқа уақытты үзіліс беруге болатындай уақыт тәртібін өзгертуге болады;

– СТКБ бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстары арнайы сараланып әзірленген тапсырмаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Жиынтық жұмыстарының тапсырмалары, бағалау критерийлері және дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық қолдау маманымен бірге әзірлейді;

– СТКБ бар оқушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсету, оқу тапсырмасын қабылдау мен орындау кезеңінде эмоционалды жайлы жағдайды жасау және сақтау мақсатында қажеттілігіне байланысты психологиялық-педагогикалық қолдау маманының қатысуына рұқсат етіледі;

– СТКБ бар білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпы қабылданған критерийлерді, сонымен қатар олардың психофизиологиялық жағдайы мен сөйлеу тілі әрекетінің даму ерекшеліктерін ескеретін критерийлерді есепке ала отырып жүзеге асырылады;

– тілдік пәндер бойынша әрекет дағдыларына (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) арналған тапсырмаларды бағалауда СТКБ бар білім алушының сөйлеу тіліндегі өзіндік бұзылыстарды (сөйлеу тілінің жалпы жетілмеуінің деңгейі, ринолалия, тұтығу және т.б.) есепке алу қажет.

Психикалық дамуы тежелген балалар үшін білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беру қажеттіліктері

Психикалық дамудың тежелуі – бала психикасының даму қарқынының бәсеңдеуі, ол жалпы білім қорының жетіспеушілігінде, ойлау қабілетінің жетілмеуінде, ойынға қызығушылықтың басымдығында, зияткерлік әрекетке тез жалығуда байқалады.

ПДТ норма мен ақыл-ой кемістігі арасындағы шекті жағдай болып табылады. Бұл тұрақты, қайтымсыз психикалық жетілмеу туралы емес, оның

қарқынының бәсеңдеуі туралы ұғым. Бұл ретте, бір жағдайларда эмоционалдық дамудың кідірісі бірінші орынға шығады, ал зияткерлік саладағы бұзылулар (инфантилизм түрлері) тез арада байқалмайды, басқа жағдайларда, керісінше, зияткерлік саланың дамуындағы іркіліс басымырақ болады.

Психикалық дамудың тежелуі әртүрлі себептерге байланысты туындайды. Сонымен бірге бұл санаттағы балаларда танымдық әрекет пен тұлғаның дамуында бірқатар ортақ ерекшеліктер болады.

ПДТ бар балалар орталық жүйке жүйесі функционалдық жағдайының жетілмеуімен сипатталады (тежеу және қозу процестерінің төмендігі, күрделі шартты байланыстардың қалыптасуындағы қиындықтар, анализаторлар арасында байланыс құруда артта қалушылық). Оларға білім беру ұйымында қалыптасқан мінез-құлық нормаларын сақтау қиын. Олар іс-әрекетті еркін ұйымдастыруда қиындықтарды сезінеді: олар мұғалімнің нұсқауларын ретімен орындай алмайды, оның нұсқауы бойынша бір тапсырмадан екіншісіне ауыса алмайды. Олар сезінетін қиындықтар олардың жүйке жүйесінің бәсеңдегенімен қиындай түседі: балалар тез шаршайды: жұмыс қабілеттері төмендейді, кейде жай ғана бастаған жұмыстарын орындамай қояды.

Барлық ПДТ бар балаларға зейіннің төмендеуі тән. Оларда зейін тұрақтылығының төмендеуі әртүрлі сипатта болуы мүмкін: тапсырманы орындай бастағанда зейіннің барынша шиеленісуі және одан әрі бәсеңдеуі; біраз жұмыс істегеннен кейін ғана зейін қоя бастау; зейін шиеленісінің мерзімді ауысып тұруы және барлық жұмыс уақыты кезеңінде оның төмендеуі [11].

Психологтардың зерттеулері ПДТ бар балалардың көпшілігінде көзбен және есту арқылы қабылдаудың сезімтал формаларының толық жетілмегендігін, кеңістіктік және уақыттық бұзылуларды, күрделі қозғалыс бағдарламаларын жоспарлау мен орындаудың жеткіліксіздігін анықтады. Мұндай балаларға көру, есту арқылы және басқа да әсерлерді қабылдау және өңдеу үшін көбірек уақыт керек. Әсіресе ол күрделі жағдайларда (мысалы, бала үшін мағыналық және эмоционалдық мазмұны бар, біруақытта әрекет ететін сөздік қоздырғыштар болған кезде) айқын байқалады. Осындай балалардың қабылдау ерекшеліктерінің бірі қасиеті ұқсас заттарды олардың бірдей деп (мысалы, сопақшаны дөңгелек ретінде қабылдайды) қабылдауы болып табылады.

Бұл санаттағы балаларда кеңістіктік түсініктер жеткіліксіз қалыптасқан: кеңістік бағыттарында бағыт алу практикалық әрекеттердің деңгейінде жүзеге асырылады, аударылып қойылған суреттерді қабылдау қиындайды, жағдайды кеңістіктік талдау мен синтездеуде қиындықтар туындайды. Кеңістіктік қарым-қатынастарды дамыту конструктивті ойлаудың қалыптасуымен тығыз байланысты. Сонымен, күрделі геометриялық өрнектерді дестелеу кезінде ПДТ бар балалар формаға толыққанды талдау жасай алмайды, құрастырылатын фигуралар бөлшектерінің симметриялылығын, ұқсастығын анықтай алмайды, оны тұтас жинай алмайды. Салыстырмалы қарапайым өрнектерді ПДТ бар балалар, ақыл-ой кемістігі бар балаларға қарағанда, дұрыс орындайды.

ПДТ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері жалпы, мүмкіндігі шектеулі барлық балаларға тән және спецификалық:

– оқу тапсырмаларын өз бетінше орындауға мүмкіндік беретін деңгейге жеткенге дейін жалғасатын, білім алушының танымдық әрекетінің қалыптасуын үздіксіз бақылауды қамтамасыз етудегі;

– меңгеріп жатқан білімнің мазмұнын түсінуде және кеңейтуде, меңгерген біліктерін бекітуде және жетілдіруде тұрақты көмекке;

– қалыптасқан білім мен біліктерді шынайы өмірмен өзара әрекеттесудің жаңа жағдайларына «ауыстыруға» арнайы оқытудағы;

– кешенді сүйемелдеудегі, сондай-ақ эмоционалдық даму тапшылығының орнын толтыруға және танымдық әрекет пен мінез-құлықты саналы өз бетінше реттеуді қалыптастыруға бағытталған арнайы психокоррекциялық көмектегі;

– коммуникация құралдарын, конструктивті қарым-қатынас пен өзара (отбасы мүшелерімен, құрбыларымен, ересектермен) әрекеттесу тәсілдерін дамытудағы және пысықтаудағы, әлеуметтік қабылданатын мінез-құлық қалыптастырудағы, әлеуметтік байланыстарын барынша кеңейтудегі;

– отбасы мен білім беру ұйымының өзара іс-қимыл жасасуын ата-аналармен ынтымақтастықты ұйымдастыру, әлеуметтік белсенді ұстанымды, адамгершілік және жалпы мәдени құндылықтарды қалыптастыру үшін отбасы ресурстарын жандандыру) қамтамасыз етудегі қажеттіліктерді қамтиды [11].

Психикалық дамуы тежелген балалар үшін білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Қажетті арнайы құрал-жабдықтар

ПДТ бар балаларды жалпы білім беретін ұйымға қосқан кезде білім беру ортасын көрнекі материалмен және мультимедиялық аппаратурамен міндетті жеткілікті жабдықтау туралы есте сақтау керек.

Оқытудың интербелсенді техникалық құралдары:

– психикалық дамуы тежелген балалар үшін көзбен және есту арқылы көруге болатын көрнекіліктерге сүйенетін қажетті, сондай-ақ баланың танымдық қызығушылығын оятатын құралдарды пайдалану;

– психикалық дамуы тежелген балаларда бастапқы біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға арналған мамандандырылған оқу-жаттығу құрылғылары. Оқытуда тренажерларды пайдалану меңгерілетін әрекетті модельдеу процесінің негізінде құрастырылатын, арнайы әзірленген бағдарламаларды қолдануға негізделген, бұл психикалық дамуы тежелген балаларда сол немесе өзге әрекеттің динамикалық стереотипін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қосымша дидактикалық материалдар

ПДТ бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктері барлық мазмұнды салалар бойынша оқыту процесін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін дидактикалық материалды арнайы іріктеу қажет екенін көрсетеді.

Айналадағы адамдармен қарым-қатынас жасау практикасын меңгеру көрнекі-дидактикалық, иллюстрациялық материалды, басқа тәсілдермен

(түсіндіру, нұсқау, сұрақтар) үйлестіріп сөздік жаттығуларды; белгі-символдарды модельдеуді (модельдер құру және оларды объектілердің құрылымы, осы объектілер элементтерінің арасындағы қарым-қатынастар мен байланыстар туралы түсінік қалыптастыру мақсатында пайдалану); вербальды коммуникация құралдарын пайдалануды болжайды.

Психикалық дамуы тежелген балалардың білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

– балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, жақын және жуық даму аймағы туралы есте сақтау қажет;

– көбірек ұнататын әрекет түрлерін іріктеу ПДТ бар балалардың әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыру жағдайларын оңтайландыруды ескере отырып жүргізіледі. Оқу процесіне қабылдауды, талдау жасай отырып бақылауды, ойлау операцияларын (талдау және жинақтау, топтау және жіктеу, жүйелендіру), әрекеттер мен біліктерді дамытуға арналған тапсырмаларды қосу мақсатқа сай болады;

– тапсырманы ұсына отырып, сабақта бір және сол баланың өзекті және әлеуетті мүмкіндіктері әртүрлі тапсырмаларды орындау кезінде әртүрлі болуы мүмкін екенін ескеру қажет;

– балалар түсінуі, мазмұнына жетіп ойлануы үшін сұрақтарды дәл, қысқа қою қажет, бұл ретте оларды жауап беруге асықтырмай, ойлануға уақыт беру керек;

– ПДТ балаларға тән тез шаршауды болдырмау мақсатында балаларды бір әрекет түрінен екіншісіне ауыстырып отыру, сабақ түрлерін түрлендіру, әртүрлі әрекет түрлерін пайдалану дұрыс болады;

– әрекет түрлерін немесе тапсырмаларды ауыстырған кезде баланың мұғалімді түсінгеніне көз жеткізу қажет;

– білім беру міндеттеріне сәйкес әртүрлі көрнекі материалдарды ұтымды пайдаланыңыз;

– ПДТ бар әр бала үшін оған қажетті көрнекі тіректерді пайдаланыңыз, танымдылық пен бастамашылықтың кез келген көрінісін қолдаңыз және көтермелеңіз;

– балаға қатысты әртүрлі педагогикалық шараларды пайдаланыңыз: ПДТ бар балалардың қызығушылықтары, әдетте, санаулы бағытта, тұрақсыз болып келеді; қажетті ықпал ету шарасын үнемі тез табу мүмкін бола бермейді – баланың оған бейімделуіне байланысты бір және дәл сол шара өз күшін жояды.

– баланың оқудағы жетістіктерін оның танымдық дербестілікке, танымдық қызығушылыққа жылжу қарқынына қарай бағалаңыз;

– ПДТ бар балалармен жұмыс істеген кезде ерекше педагогикалық такт көрсетіңіз – балалардың ең аз жетістігін ескеру және көтермелеу қажет, оның өз күші мен мүмкіндігіне деген сенімін дамыту қажет, жағымды эмоционалдық көңіл-күйін қолдау керек;

– балалардың әрекетін бағалаған кезде жеке тәсілдерді пайдаланыңыз: егер ол тапсырманы жақсы орындаса, баланы міндетті түрде көтермелеңіз, бір

нәрсені нашар орындаған балаларға ешқандай сөгіс айтып, жазғыруға жол бермеңіз;

– бала еңбегінің нәтижелерін басқа балалармен салыстырып бағаламаңыз. Нақты баланың өз алдына әрбір жеке ұмтылысын көтермелеу және соңғы нәтижені ғана емес, сонымен қатар танымдық процесті, баланың әрекетін, оның дамуындағы динамиканы бағалау да маңызды [12].

Психикалық дамуы тежелген білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

– ПДТ бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар арнайы әзірленген дифференциалды тапсырмаларды; жиынтық жұмыс тапсырмаларын пайдаланып жүргізіледі, бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін маманмен бірлесіп әзірлейді;

– ПДТ бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізудің уақыт режимін білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып көбейтуге болады;

– жиынтық жұмыс жүргізген кезде, қажеттілігіне қарай білім алушыға демалу немесе басқа да қажетті іс-шаралар үшін шамалы үзіліс беруге болады;

– ПДТ бар мектеп оқушыларына арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді жүзеге асыру, оқу тапсырмасын қабылдау, орындау кезеңдерінде эмоционалдық қолайлы климат орнату және қолдау мақсатында қажеттілігіне қарай психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін маманның қатысуына рұқсат етіледі;

– тапсырмалардың көлемі мен мазмұнын білім алушының психофизиологиялық даму ерекшеліктеріне байланысты өзгертуге болады;

– қажет болған жағдайда қосалқы құралдар мен көрнекі материалды (калькулятор, формулалар, таблицалар және т.б.) қолдануға рұқсат етіледі;

– ПДТ бар білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпыға танымал өлшемшарттарды да, сонымен қатар психофизиологиялық жай-күй мен даму ерекшеліктерін ескеретін өлшемшарттарды да ескере отырып жүзеге асырылады.

Ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың психофизикалық ерекшеліктері және ерекше білім беру қажеттіліктері

Ақыл-ой кемістігі бар балалар санатына бас ми қабығының диффузиялық органикалық зақымдануы салдарынан танымдық әрекеті мен эмоционалдық-ерік мүмкіндіктері тұрақты бұзылған балалар жатады. Бұзылудың байқалу дәрежесі зақымдану ауырлығына, оның басым орналасқан жеріне, сондай-ақ пайда болу уақытына байланысты болады. Ақыл-ой кемістігінің жеңіл формалары кезінде дене дамуының жай-күйінде көзге көрінетін өзгерістер

байқалмауы мүмкін. Дене дамуының жай-күйіндегі өзгерістер туа біткен аурулар, әсіресе хромосомалық жиынтықтың бұзылуына байланысты (мысалы, Даун ауруы, сондай-ақ зат алмасудың бұзылуымен байланысты олигофренияның тұқым қуалайтын формалары кезінде) аурулар кезінде байқалады. Дене дамуының жетілмеу белгілері ми қабығы ауыр зақымданған кезде жиі кездеседі. Ішкі органдар жағынан да өзгерістер байқалады – жүрек ақауы, жүрек-қан тамыры жүйесінің немесе ішек-қарын жолының басқа да бұзылулары, дем алу органдарының даму ақаулары, бөлініп шығатын заттар жиі кездеседі.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларда қозғалыс аппаратының бұзылулары орын алады, олар онша байқалмайтын парез түрінде, әртүрлі сипаттағы буын ет тонусының өзгеруі түрінде байқалуы мүмкін. Анамнезінде қозғалыс функцияларының дамуында артта қалушылық байқалады. Қозғалыс бұзылулары жылдамдыққа, дәлдікке, ептілік пен қозғалыс мәнеріне қатысты болады. Балалар сөздік нұсқама бойынша орындайтын қозғалыстар синкинезияларға (негізгілерді сүйемелдейтін қосымша қозғалыстар) ұласады. Ақыл-ой кемістігі бар балалардың көпшілігінде сөйлеу тілінің бұзылулары байқалады [13].

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың негізгі даму ерекшелігі барлық танымдық әрекеттің, әсіресе ойлау қабілетінің жетілмегендігін сипаттайтын, психикалық әрекеттің бұзылуы болып табылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалар қоршаған ортаны негізінен сайма-сай қабылдайды, алайда қабылдау процесінің өзінің белсенділігі төмен болады. Бұл балалардың түсініктері нақты емес және аз дифференцияланған. Қалыптасқан шартты байланыстары мықты емес және тез өшеді. Жадтың бұл ерекшеліктері оқу материалын зерделеген кезде едәуір қиындықтар тудырады. Оны бірнеше рет қайталау керек. Қабылдау мен түсінудегі бұзылулар зияткерлік әрекеттің негізін құрайтын жоғары психикалық функциялардың қалыптасуына теріс әсер етеді. Бұл барабар емес реакцияларға және жеткілікті ойланбай жасалған мінез-құлық формаларына себеп болуы мүмкін.

Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың танымдық әрекетінің өзіндік ерекшелігі сөздік-логикалық ойлау қабілетінің едәуір жетілмеуінде. Ең аз дегенде бұл ерекшелік көрнекі-әсерлі, көрнекі-бейнелеп ойлау процесінде байқалады, оны оқыту мазмұнын таңдаған кезде де, ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларын оқыту әдістерін, тәсілдері мен құралдарын анықтаған кезде де ескеру қажет.

Ақыл-ой кемістігі кезінде ерік-жігер дамуында бұзылулар байқалады. Сырттан қарағанда ол ретсіз жүріс-тұрыстан, еріксіз сипаттағы қозғалыстар мен әрекеттердің басымдығынан байқалады. Кейде мүлдем мойындамау (негативизм) көрінісі байқалады. Еріксіздігінің әлсіздігі басқа адамның ықпалына бағынуынан, табандылық пен бастамашылдықтың болмауынан көрініп тұрады. Жүріс-тұрысы ырықсыздық сипатта болады. Ерікті зейіні тұрақсыздықпен сипатталады. Оқушылардың бір затқа, әрекетке көңіл бөлуі

қиын болады, бұл оқытуды өте күрделендіреді. Алайда, оқыту мен тәрбиелеу процесінде зейін тұрақтырақ бола бастайды, оның көлемі кеңейеді. Бұған өзіне қызмет көрсету және қиын тапсырмаларды орындау дағдыларын меңгеруі ықпал етеді.

Психикалық әрекеттің бұзылуларына эмоционалдық тұрғыдан ауытқушылықтар да жатады, оның оқыту процесіндегі маңызы зор, өйткені ол ойлау қабілетін жандандырады. Мұндай балалардың сезімдері де аз дифференцияланған, селдір болып келеді.

Ақыл-ой кемістігі кезіндегі қалыпты бұзылу сөйлеу тіліндегі бұзылулар болып табылады. Сөздік қоры баяу кеңейеді және қалыпты дамып келе жатқан құрбыларының деңгейіне жетпейді. Сөздердің буындық құрылымы, сөйлеу мәнерінің грамматикалық құрылымы бұзылады. Айналадағы адамдардың сөзін түсіну шектеулі болады.

Танымдық әрекеттің, дене дамуы мен соматикалық денсаулық ерекшеліктерінің елеулі бұзылуы салдарынан ақыл-ой кемістігі бар оқушыларда ерекше білім беру қажеттіліктері туындайды. Қарастырылып отырған санаттағы мектеп оқушылары:

- түсінуге қолжетімді және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға және кәсіп алуға (МЖББС) талаптарын орындауды болжамайтын) бағытталған оқу материалын іріктеуді;

- дәстүрлі білім беруде қолданылмайтын, оқытудың спецификалық құралдары мен әдістерін;

- қорғаушылық педагогикалық режиммен қамтамасыз етуді (мөлшерленген оқу және физикалық жүктеме, жұмыс қабілеттілігінің жеке ерекшеліктеріне, психологиялық жайлылық атмосферасына және т.б. сәйкес еңбек пен демалысты алмастырып отыру);

- таңдап алынған оқыту бағдарламасының шынайы жетістіктерге, баланың даму деңгейіне сәйкестігін үнемі бақылауды;

- психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін мамандардың (логопед, психолог, ЕДШ нұсқаушысы және т.б.) жеке көмегін;

- ақыл-ой кемістігі бар оқушының айналасындағы ересектердің баланың ерекше, оның ішінде білім беру кеңістігінен тыс, білім беру қажеттіліктерін іске асыруға дайын болуын және нақты қатысуын қажет етеді.

Ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің түпкілікті мақсаты – бұл әлеуметтік бейімдеу және кәсіби-еңбекке дайындау. Осы мақсаттарға қол жеткізу ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларын оқытудың оқу жоспарына енгізілген оқу пәндерінің мазмұнымен қамтамасыз етіледі.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар мектеп оқушыларына арналған оқу жоспарында «Кәсіби-еңбекке баулу», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар беру», ал орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған оқу жоспарында «Қолөнер», «Шаруашылық еңбек», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар беру» пәндері ерекше

орын алады. Аталған пәндер бойынша сабақтар өткізу үшін тиісті жабдықпен (аспаптармен, шығыс материалдарымен, станоктармен, тұрмыстық электр құралдарымен, ыдыс-аяқпен, ас үй құралдарымен және т.б.) жарақталған шеберханалар мен оқу бөлмелері қажет.

Қажетті арнайы құрал-жабдықтар

Ырғақ сабақтарын, сондай-ақ сөйлеу тілінің даму кемшіліктерін түзету бойынша (логопедпен) жеке және топтық коррекциялық сабақтарды, белсенді-қозғалыс сипатындағы сабақтарды, танымдық әрекетті коррекциялау жөніндегі сабақтарды, психомоторика мен сенсорлық процестерді дамыту жөніндегі сабақтарды өткізу үшін арнайы үй-жай мен арнайы жабдық қажет (даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жарақтау мен қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптардың нормативтеріне сәйкес) [13].

Қосымша дидактикалық материалдар

Ақыл-ой кемістігі балалар оқушыларды, әсіресе орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту сақталған көрнекі-әсерлі ойлауға сүйене отырып, практикалық бағыттылықта болады. Бастауыш сыныптарда да, жоғары сыныптарда да сабақта көрнекі-дидактикалық материалдар кеңінен пайдаланылады. Төменгі сыныптарда нақты заттармен, олардың модельдерімен және суреттерімен заттық-практикалық әрекет ұйымдастырылады. Жаңа материалды зерделеу процесінде дидактикалық материалға сүйену білім алушыларда зерделеніп жатқан ұғымдардың мағынасын жақсы түсіну үшін қажетті нақты бейнелерді құрауға көмектеседі. Көрнекі құралдар білім алушылардың ойлау қабілетінің дамуын тежемес үшін оларды біртіндеп абстракциялау қажет. Жаңа материалды алғаш зерделеу кезеңдерінде заттарды көрнекі құралдар ретінде пайдалану керек. Келесі жұмыс кезеңдерінде нақты объектілердің модельдеріне, содан кейін иллюстрацияларға, одан әрі сызба түріндегі-шартты сипаттағы дидактикалық материалдарға көшуге болады. Жоғары сыныптарда АКТ пайдалануға болады.

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Ақыл-ой кемістігі (жеңіл және орташа) бар оқушыларды оқыту арнайы Үлгі оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады, олардың мазмұны МЖББС талаптарын орындауға бағдарланған. Бұл оқушыны білім беру процесіне қосқан кез келген жағдайда: арнайы сынып жағдайында да, кәдімгі сынып жағдайында да орын алады. Ақыл-ой кемістігі бар оқушыны кәдімгі сыныпқа қосқан кезде мектептің педагогикалық кеңесі осындай оқушы үшін жеке оқу жоспарын және ақыл-ой кемістігі (жеңіл және орташа) бар білім алушыларға арналған Үлгі оқу жоспары мен бағдарламаларының негізінде құрастырылған жеке оқу бағдарламаларын бекітеді.

Оқу пәндері бойынша үлгі бағдарламалар оқушының жеке тұлғасын жан-жақты дамыту үшін, олардың зияткерлік, эмоционалдық-ерік қызметінің

кемшіліктерін коррекциялау үшін және оларды кәдімгі әлеуметтік орта жағдайларында қоғамдық пайдалы еңбек әрекетіне дайындау үшін, кәсіби-еңбек біліктілігін одан әрі жетілдіру үшін қажетті материалды қамтиды.

Мектептегі әлеуметтік-тұрмыстық және заттық-дамыту ортасы ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жас және физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс (демалу, қозғалыс белсенділігі, санитарлық-гигиеналық рәсімдер мен т.б. үшін жайластырылған кеңістік қажет).

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды 1-4 сыныптарда оқыту бастапқы оқу, жазу, есептеу дағдыларын, қарапайым еңбек дағдылары мен біліктерін қалыптастыру мен дамытуды, адамгершілік тұрғыдан тәрбиелеуді қамтамасыз етуге арналған. 5-9 сыныптарда – білім беру пәндеріне қарапайым оқыту, еңбекке және кәсіби оқыту, тұлғаның азаматтық және адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жүзеге асырылады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқытудың коррекциялық-дамыту бағыттылығы оқытудың арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Бұл ретте: ойлау процестерінің енжарлығы, танымдық белсенділігінің төмендігі, қорытындылайтын және абстракциялайтын ойлау функцияларының төмендігі, сөйлеу тілінің дамуында кенже қалушылығы ескеріледі. Білім алушылармен жұмыс істеген кезде олардың еліктегіш қабілеттеріне, сақталған көрнекі-әсерлі ойлау қабілетіне сүйену керек. Ғылымдардың негізіне оқыту білім алушыларда қабылдау, жад, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық функцияларды дамыту үшін жағдай жасайды. Бұл ретте бастаған жұмысты соңына дейін жеткізу, шамасы жететін қиындықты жену, ұқыптылық пен дербестілік көрсету білігін қалыптастыру мүмкіндігі пайда болады.

Білім алушылардың қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап күрделі әлеуметтік дағдыларға, көзқарастарға, сенімдерге дейін қоса алғанда, әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормаларын, өмірлік дағдыларды меңгеруі бойынша арнайы педагогикалық жұмыс көзделеді.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеу тілін, ойлау қабілетін, қарым-қатынас жасауын дамытуда спецификалық проблемалар орын алады, олар мүмкіндігіне қарай әрбір нақты жағдайда, оқыту мен әлеуметтендіруде табысқа жеткізу үшін педагогикалық құралдардың көмегімен орны толтырылады. Қажет болған жағдайда оқушы логопедтің көмегін алуға тиіс. Сыныпта мұғалім берген нұсқаулар мен түсіндірулер қысқа, нақты болуы тиіс. Олар іс-әрекетті көрсету, жұмыстың орындалу үлгісі арқылы бекітілу керек. Оқушыларға оқу тапсырмасын орындаудың бастапқы және соңғы кезеңінде көмек көрсетуге болады. Оқушының жұмыс қабілеттілігі мен зияткерлік мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу тапсырмасының көлемі мен күрделілігін мөлшерлеу қажет.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту процесінде заттық-практикалық әрекетті пайдалану керек, ол оқу материалын түсіну үшін жағдай жасайды. Бұдан басқа заттық-практикалық әрекет жоғары психикалық функциялардың сенсомоторлық негізін (қабылдауды, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін) дамытуға, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жетіспеушілігін толтыруға, жалпыға бірдей білім беру пәндері бойынша білімді, білікті және дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

Ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін арнайы сыныпта білім беру процесі дифференцияланған тәсілді пайдаланып жүзеге асырылады. Оқушылар 4 типологиялық топқа бөлінеді [13]. Әрбір типологиялық топ үшін педагог қолжетімді күрделілік пен көлемді ескере отырып, олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келетін оқу материалы мазмұнын таңдайды. Бұл ретте оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестілік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері ауысып отырады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты түрде және ойнақы жүргізіледі. Дифференцияланған тәсіл оқытуды жекешелеумен толықтырылады.

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтардың өзіндік оқу-танымдық әрекеті қиындауы немесе мүмкін болмауы кездеседі, ол кезде педагог оқу тапсырмасын табысты орындауды қамтамасыз ету үшін оқушы әрекетінің жетілмеген функцияларын өзі орындайды.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту осы сөздің кең мағынасымен түсіндіріледі және оларға қатысты мүмкіндіктер резерві шағын пәндік білімдерді қалыптастыру саласына ғана емес, сонымен қатар осы санаттағы білім алушылар үшін одан да маңыздырақ өмірлік дағдыларды қалыптастыруға қатысты. Орташа ақыл-ой кемістігі бар балалардың зияткерлік тұрғыдан терең жетілмеуі, бұзылған сөйлеу-ойлау функцияларының жеке көрініс табуының едәуір нұсқаларының болуы білім мен дағдыларды қалыптастыру кезінде оларда елеулі қиындықтар тудырады. Бір сыныптың оқушыларын оқытудың табыстылығы меңгерілген дағдылардың қарқыны мен көлемі бойынша біршама ерекшеленеді, бұл барлығын бір қарқынмен, бір тақырыптың шеңберінде оқыту мүмкін еместігін көрсетеді. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған үлгі оқу бағдарламаларының мазмұны ұсынымдық сипатқа ие, педагог әрбір білім алушы сыныптың оқу мазмұны мен қарқынына оның мүмкіндіктері мен ерекше білім беру қажеттіліктеріне сәйкес кез келген өзгерістер енгізуге құқылы.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін білім алушылардың практикалық әрекеті мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін мектеп ортасы қажет. Білік пен дағдыларды қалыптастыруды осы дағдылар пайдаланылатынға барынша жақын жағдайда жүзеге асыру қажет. Бұл білім мен дағдыларды жаңа жағдайға көшіру қиындықтарымен байланысты. Сабақтарды ұйымдастыруға арналған үй-жайлар әртүрлі өмірлік жағдайларды көрсететін кеңістіктерге айналуы тиіс. Заттық орта білім алушылардың қажеттіліктері өзгерген сайын біртіндеп өзгеріп

отыруы тиіс. Оқушылардың мектептегі күн сайынғы қызметі біріктірілген сипатта болуы тиіс. Мазмұнды оқу жоспарының бірнеше пәндік салаларынан біріктіруге болады, ол мектепте оқытудың алғашқы 3-4 жылы ішінде пәнсіз оқыту идеясымен іске асырылады. Барлық сабақтар білім алушыларды жалпы (коммуникативті, қозғалыс, сөйлеу тілі, сенсорлық) дамытуға бағытталады. Білім алушылардың жеке тұрғыдан дамуы алға жылжыған сайын заттық оқытуға көшу жүзеге асырылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларда сөйлеу тілі (оның мүлде болмауына дейін қоса алғанда) мен қарым-қатынас жасауды дамытуда өздеріне тән проблемалар болады. Оқу процесінде басқа педагогикалық құралдардың көмегімен осы проблемалардың орны толтырылуы тиіс (сөйлеу тілін түсіну, қарым-қатынас жасаудың вербальды емес құралдарын қалыптастыру). Педагогтың тарапынан білім алушылардың қызметін сөз арқылы сүйемелдеу мөлшерленген және білім алушының түсінуі үшін қолжетімді болуы тиіс.

Білім алушылардың өмірлік тәжірибесі мен әлеуметтік байланыстары кезең-кезеңмен және жоспарлы түрде, балалар үшін қолжетімді шекте кеңейеді. Оқу уақытының бір бөлігі мектеп қабырғасынан тыс жерде ұйымдастырылады (қоғамдық көлікпен жүру, дүкенге, дәріханаға, поштаға, емханаға, мұражайға, театрға, дәмханаға және басқа да қоғамдық пайдалану орындарына бару). Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың социумға қиындықсыз енуі үшін төзімді және жақсы ниеттес қоршаған орта құру қажет. Осы мақсатта мектеп қауымдастығымен жоспарлы жұмыс жүргізу қажет.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқыту процесі ұйымдастырушылық формалар тұрғысынан қатаң регламенттеуді көздемейді. Ұжымдық оқыту жағдайындағы төмен танымдық қызығушылық, фронтальды жұмыста пайдаланылатын ынталандыруларға төмен реакция, бір оқу пәнінің мазмұнына қырық бес минут ішінде білім алушылардың белсенділігін ұстап тұра алмау дәстүрлі академиялық құрылған сабақтың төмен тиімділігіне әкеп соғады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар сабақты басқаша, оқушы өзіне қажет болған кезде әрекет түрін ауыстыра алатындай, педагогтың жеке көмегін ала отырып, жеке (басқа білім алушылардың жұмысынан ерекше) жұмысты орындай алатындай ұйымдастыруды қажет етеді. Білім алушыларға сынып бөлмесінде еркін жүріп-тұру мүмкіндігі берілу керек.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың негізгі әрекет түрлері: жанды және жансыз табиғатты және әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау; заттық-практикалық әрекет; ойын іс-әрекеттері және ойын әрекеті; білім алушылардың шаруашылық-еңбек қызметі; әлеуметтік-тұрмыстық әрекет; білім алушылармен және жақын айналасындағы ересектермен (шағын социум) коммуникация; оқу әрекеті (білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес) болуы тиіс. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың оқу-тәрбие процесі мектепте оқыған барлық кезең ішінде заттық әрекетке негізделеді [13].

*Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін
бағалауға ұсынымдар*

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдарының көмегімен ғана жүзеге асырылады. Оқу бағдарламаларын (оның ішінде жеке бағдарламалар) меңгеру нәтижелерін мұғалім сабақта білім беру процесі барысында бағалайды. Оқушылар оқитын Үлгі оқу бағдарламаларында қалыптастырылған оқу мақсаттары немесе жеке оқу бағдарламаларында бекітілген оқу мақсаттары бағалау өлшемшарттары болып табылады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктерін бағалау

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ сайын), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүргізіледі. Ағымдық бақылау жүргізу үшін педагог оқушының сабақтағы әрекетін күн сайын бақылайды, ауызша жауаптарына, практикалық және жазбаша жұмыстарына талдау жасайды. Сабақ сайын бақылау мұғалімге оқу материалының мазмұнын және оны оқушыларға түсіндіріп жеткізу әдістерін таңдауға көмектесуге тиіс, олар оқушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Сабақ сайын бақылау да білім алушыға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

Кезеңдік бақылау бағдарламалық тақырыпты, бөлімді зерделегеннен кейін жүргізіледі. Педагог белгілі бір тақырыптың шеңберінде оқу материалын зерделеу нәтижелері әртүрлі типологиялық топтарға жататын ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды бірдей болмайтын түсіну және соған дайын болу керек. 1 типологиялық топтың білім алушылары (В.В. Воронкованың жіктеуі бойынша) оқу материалын меңгергенін білімдерін қолдану деңгейінде көрсетеді. 2 типологиялық топтың оқушылары – тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3 типологиялық топтың білім алушылары материалды білу деңгейінде меңгере алады және өз білімдерін жандандыру кезінде мұғалімнің көмегін қажет ететін болады [13].

Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың соңында жүргізіледі. Қорытынды тексеру жұмысының мазмұнын мұғалім оқушылардың әртүрлі мүмкіндіктері деңгейіне сүйене отырып анықтайды. Педагог оқу жылы ішінде әр оқушының даму динамикасы мен жетістіктеріне талдау жасайды. Пән бойынша оқу бағдарламасының әртүрлі бөлімдерінде қол жеткізген жетістіктер қорытынды жетістіктер карталарына тіркеп жазылады.

Олардың көмегімен дағдылар қалыптасқан тапсырмалар мен жаттығулар сабақ сайын, кезеңдік және қорытынды бақылау жүргізу үшін бағалау құралдары болып табылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктерін бағалау

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін оқушыны оқытудың жеке бағдарламасында қалыптастырылған міндеттер серпіліс сәті болып табылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыны оқытудың жеке бағдарламасын құру оның мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне алдын ала педагогикалық баға беруден басталады. Бағалау өлшемшарттары баланың негізгі даму жүйелерінің онтогенезіне сәйкес айқындалады. Жеке оқыту бағдарламаларын іске асыру нәтижелерін тікелей мұғалім сабақтарда білім беру процесі барысында бағалайды.

Бақылау, оқыту мен тәрбиелеудің жеке міндеттерімен салыстыра отырып, оқушы әрекетінің өнімдерін зерделеу бағалау әрекеттері болып табылады.

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау рәсімдері мынадай реттілікпен жүргізіледі:

1) білім алушылардың даму, білім мен дағдылары деңгейін алдын ала бағалау. Жеке оқыту бағдарламасын жасау үшін негіз ретінде білім алушының даму профилін жасау;

2) жетістіктері мен дамуын ағымдық бағалау. Оқыту мазмұны мен әдістерін коррекциялау мақсатында сабақ үстінде оқушылардың жұмысын күн сайын бақылау жүзеге асырылады;

3) аралық бағалау бірінші жарты жылдық аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Жеке оқыту бағдарламасына сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру табыстылығы туралы педагогтың бағалау пікірі жеке бағдарламаның тиісті бағанына тіркеп жазылады;

4) жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылы аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Ол да сипаттамалық түрде болады [13].

Сипаттамалық бағалау білім алушы жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылады. Сипаттамалық бағалау жеке білім беру процесі жүзеге асырылған салаларда оқушының дамуы мен тәрбиесіне қатысты өзіндік ерекше педагогикалық есепті білдіреді. Пәнсіз оқыту кезеңінде бұл – әлеуметтік дамыту және өзіне-өзі қызмет көрсету, дене дамуы, танымдық, сөйлеу тілі, сондай-ақ білім алушының әрекет түрлерінің (заттық-практикалық, бейнелеу, ойын, қарапайым еңбек және оқу) қалыптасуы. Жетістіктер оқу жылының басындағы және соңындағы оқушы профилінде жазылады. Білім алушыларды пәндік оқытуға көшірген кезде – бұл әрбір оқу пәнінің саласындағы жетістіктерді және өмірлік дағдыларды сипаттау болады.

Сипаттамалық бағалау дамыту мен оқытудың қолда бар деңгейін ғана анықтап қоймайды, сонымен бірге мұғалімге оқушымен әрі қарай жұмыс істеудің алдағы қадамдарын анықтауға көмектеседі.

Оқушылардың жетістіктерін сипаттаған кезде бір немесе өзге дағдыны, әрекетті пайдаланған кездегі оқушының дербестілік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі. Бұл әрекетті өз бетінше толық орындау, не болмаса үлгіге сүйене отырып орындау, не болмаса мұғалімге еліктеп орындау, немесе педагогпен бірлесіп орындау болуы мүмкін. Оқыту процесін қадағалау және оның нәтижелерін тіркеу мұғалімге оқыту барысында жеке тәсілдер қолдану міндетін табысты шешуге көмектеседі. Педагог бағалау рәсімдерінің көмегімен алған

ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру процесінде туындайтын қиындықтарға уақытында және барабар ден қоюға мүмкіндік береді.

Аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалар үшін білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері

Аутистикалық спектр бұзылыстары бар балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері мен ерекше білім беру қажеттіліктері

Аутистикалық спектр бұзылыстары – бұл мінез-құлық сипаттамаларының үлкен әртүрлілігімен байланысты бұзылулар, олар ең төменнен бастап айқын көрінетін әртүрлі формаларда байқалуы мүмкін. Бала өзін ақыл-ой кемістігі бар және жоғары интеллектуалды, қандай да бір салада парциалдық дарынды, бірақ бұл ретте қарапайым тұрмыстық және әлеуметтік дағдылары жоқ етіп көрсетуі мүмкін; бір және сол бала бір жағдайларда ебедейсіз болып көрінсе, ал басқа жағдайларда таңқаларлық ептілік көрсетеді.

Әлеуметтік өзара әрекеттесу саласындағы ерекшеліктер:

- жақын адамдармен байланысының бұзылуы;
- «көзбе көз» көру арқылы байланыстан қашады немесе ұзақ емес, құбылмалы көзқарас, «басқа жаққа» қарау, «өтіп кетіп» қарау;
- ересек адамның сөзіне жауап берген кезде күлімдемеу;
- балалармен сайма-сай байланыстың болмауы: басқа балаларды елемейді, достасуға, қарым-қатынас жасауға мүлдем тырыспайды;
- құрбылыстарымен ойнамайды/ойынды қолдмамайды;
- қоғамда өзін-өзі ұстау нормалары мен қағидаларын түсінбейді;
- эмоцияларының диапазоны тар, сайма-сай емес көріністер көрсетуі ықтимал (орынсыз күледі немесе айқайлайды);
- бет әлпетін, ымдар мен жалпыға танымал сигналдарды «оқи алмайды»;
- басқалар өздерін қалай сезінетінін және өз эмоцияларын қалай білдіретінін нашар түсінеді;
- оқиғалар мен адамдар арасындағы байланысты меңгерудегі қиындықтар;
- басқа адамдардың (және өзінің) болжамдары мен жоспарларын түсінуге қабілетсіздігі;
- өзінің есіміне бұрылып қарамайды немесе естімегендей болып көрінеді;
- онымен кім сөйлесіп тұрғанын байқамайтындай көрінеді;
- кейбір балаларда сөйлеу тілі дамуының кеш қалғаны немесе сөйлеу тілінің жақсы дамығаны байқалады, бірақ әрқашан коммуникативті функциялары бұзылғаны білінеді: ол басқалардың не айтып жатқанын естіместен, өзінің қызығушылықтары туралы ғана әңгімелейді;
- үлкен сөздік қоры, «ересектер» кеңінен қолданатын сөз орамы бар сөйлеу тілі жақсы дамыған жағдайда – дағдылы, мәнерлеп, «фонографиялық» сипатқа ие болады. Әңгімелесушіні тыңдау білмейді, үнемі оның сөзін бөледі,

әңгімеге қосыла алмайды және кезек сақтай алмайды, ақпаратты жеткізе алмайды, өзінің өзіндік, әдетте, бір және сол тақырыпты алға тарта береді;

– эхолалиялар тән (естіген сөздерін немесе сөз орамдарын тез арада немесе кешеуілдетіп қайталай беру);

– сөйлеу тілінде жеке есімдіктерді дұрыс пайдалана білмеу;

– тақуалықпен сөйлеу: тым сөзбе-сөз, түсіну деңгейінің төмендігін немесе метафораларды, идиомаларды және әзілдерді түсіне алмайтындығын көрсетеді;

– коммуникациялық құралдар жиынтығы шектеулі, бұл ретте оларды жағдайға барабар пайдалана алмайды;

– ымдарды, дауыс ырғағын, қарым-қатынас жасау үшін дұрыс мимиканы имитациялау немесе пайдалану кезінде жиі қиындықтарға кезігеді («аффективті блокада»);

– мимика мен ымды, дауыс пен дауыс ырғағының қаттылығын танып білудегі қиындықтар;

– өрістетіп айту және диалог құру кезіндегі қиындықтар;

– көмек сұрауға қиналады;

– басқалармен қарым-қатынас кезінде қызығушылық танытпайды немесе жанындағы әгімелесушінің қызығушылықтарын ескермейді;

– функциялық және рөлдік ойынды имитацияламайды немесе көрсетпейді;

Мінез-құлық ерекшеліктері:

– қолы тиіп кеткен, құшақтаған кезде ұнатпайды немесе ширығып қалады;

– стереотипті (қайталанатын) қозғалыстар: саусақтарымен тарсылдатады, қолын сіліклейді, теңселеді және т.с.с.;

– кейбір дыбыстық қоздырғыштарға өте сезімтал; кейбір дыбыстық қоздырғыштарға ден қоймайды;

– стереотипті және қайталана беретін сөйлеу тілі немесе идиосинкразиялық сөйлеу мәнері;

– қандай да бір заттарға асыра назар аудару; қалыпты тәртіпті ұстануға негізсіз табандылық көрсетеді және оны өзгертуге қарсылық білдіреді;

– көптеген қорқыныштарды сезінеді: әртүрлі тұрмыстық шудан, газет сыбдырынан, масаның ызыңынан қорқу, тактильді гиперестезиямен байланысты қорқулар және т.б.), бірақ шынайы қауіптен қорықпайды;

– барабар емес, сандыраққа ұқсас қорқынышты сезінеді, оларды сандыраққа алғышарт ретінде бағалауға болады;

– өзгерістер алдындағы қарсылық және қорқыныш, барлық жаңадан қорқу (неофобия) [11];

Танымдық белсенділік ерекшеліктері:

– қоршаған әлемді тануда білуге құмарлықтың және белсенділіктің болмауы;

- заттар мен материалдарды оларды пайдалану мүмкіндіктері бойынша сааламайды, олардың қасиеттерін ескерместен, олармен әрекетке түседі;
- ақпаратты кешеуілдетіп өңдеу;
- назар аударудың мүмкін еместігі;
- бірлескен зейіннің болмауы;
- көру шегінен тыс жердегі көзбен қабылдау басымдығымен көру назарының фрагментарлығы;
- дыбыс немесе көру қоздырғыштарына байланысты зейіннің алаңдаушылығы;
- назарын ұсақ бөлшектерге аударады және басты картинаны елемейді;
- еліктеу қабілеті бұзылған;
- жаңа қозғалыс актілерін орындау қабілеті бұзылған;
- объектінің бейнесін қалыптастырудағы қиындықтар;
- жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгеру қабілеті төмендеген;
- етістіктер мен есімдіктерді түсінбей қиналу;
- айтылғанды сөзбе-сөз түсіну;
- абстрактілік ойлау мен қорытындылаудың қалыптаспауы, нақты өзара әрекеттесуді талап етеді;
- дағдыларын ұқсас материалға, басқа жағдайға ауыстырудың қалыптаспауы;
- нақты әрекет түрлерін өз бетінше орындаудағы қиындықтар;
- ұйымдастырушылық дағдылары, жоспарлау немесе таңдау дағдылары қиындатылған;
- дағдылардың бір және сол немесе әртүрлі салаларындағы тұрақсыз көрсеткіштер, кейде кейбір салаларда айрықша жоғары көрсеткіштер көрсетеді (парциалды дарындылық);
- қызба, компульсивті және табандылық әрекеттерге бейім; мінез-құлқы қарама-қайшы;
- күте алмайды немесе бос (ұйымдастырылмаған) уақытын пайдалана алмайды;
- меңгерген қағидаларды, сигналдарды және басқа да модельдерді басшылыққа алады;
- білім беру саласындағы өзгерістерге қарсылық білдіреді.

Аутистикалық спектр бұзылуларының жоғарыда келтірілген сипаттамалары аутизммен ауыратын балада байқалуы мүмкін қиындықтарды атап көрсетеді, олар баланың мінез-құлқы мен білім алуына әсер етеді. Бұл сипаттамалардың барлығы АСБ бар балалар үшін бірдей болмаса да, олардың барлығына әлеуметтік әрекеттесу, қарым-қатынас жасау, сенсорлық сигналдарды өңдеу және жаңа дағдыларды меңгеру саласындағы қиындықтар тән болады [11].

*Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету
Кедергісіз орта*

Қосымша көп функциялы кеңістіктің болуы баланың демалыс бөлмесі, баланы күтіп отыратын ата-аналар үшін бөлінген орын, ойын бөлмесі, қозғалыс аймағын қарастырады.

Қажетті арнайы құрал-жабдықтар

- демалыс бөлмесіне арналған жабдық: жұмсақ жиһаз, кілем төсеніш, аудиожабдық (музыка және табиғат дыбыстары жазылған дискілер жинағымен)
- перделер;
- жұмсақ төсеніш пен модульдер;
- театрландыруға арналған ойындар жиынтықтары;
- мектепте, сыныпта өзін-өзі ұстау қағидалары, күн тәртібі және әрекет түрлерін ауыстыру реті жазылған кестелер.

АСБ балалары үшін білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

- аутизммен ауыратын баланың дамуындағы бұзылулармен байланысты қиындықтарды назарға алыңыз;
- бала өзінде алаңдаушылықтың пайда болғанын түсінбеуі мүмкін, сондықтан ықтимал стимулдар мен агрессия белгілерінің бастапқы көріністеріне көз салып қарау қажет. Баланың назарын басқа әрекеттерге ауыстырып, тіпті алаңдаушылықтың ең алғашқы белгілерінің өзін ойын фрагменттеріне көшіру керек;
- мінез-құлықты қадағалау мен бақылау барабар емес әрекеттің себебін түсіндіруге көмектесуі және қаламайтын мінез-құлықты түзететін әрекеттерді меңзеп көрсетуі мүмкін;
- айналадағы адамдар жай ғана еркелік немесе тындамаушылық деп түсіндіретін, балада байқалатын барабар емес мінез-құлықтың бірқатар мағыналары болуы мүмкін. Мысалы, ол бір нәрсені алғысы келетінін, қаламайтын оқиғаларға қарсы наразылығын, толық түсінбейтіндігін, күйзеліс жағдайларынан қашатынын, қосымша стимуляция алғысы келетінін, көмек немесе назар аударуды қажет ететінін көрсетуі мүмкін;
- жаңа үй-жайдан қорқу сезімі болмаған жағдайда, балаға сыныбы қайда екенін, сабақ қайда өтетінін, балалар қай жерде тамақтанатынын, дәрігерге қай жерге баратынын көрсетіп, білім беру ұйымының кеңістігімен біртіндеп таныстыру маңызды;
- баланың сыныптағы жеке орындарын (шкаф, парта) белгілеу үшін визуалды маркерлерді пайдалануға болады: белгілі картина, егер бала оқи білсе – оның есімін жазу. Бұл балаға жаңа жағдайды қабылдауға, өзін қауіпсіздікте сезінуге көмектеседі;
- мектеп өмірінің тәртібі қағидалармен, кестемен нақты болуы тиіс;
- жеке (картиналары немесе символдары бар) кестені пайдаланыңыз, онда әр сабақ ретімен орналасу керек; бұл баланың күн тәртібін алдын алу білуіне және артық алаңдаушылықты болдырмауға көмектеседі. Бұдан басқа

кесте мен үй-жайлардың алмасуы АСБ бар балаларға бір әрекеттен екіншісіне көшуді меңгеруге көмектеседі;

– сонымен бірге күн тәртібіндегі аздаған өзгерістердің өзі баланың мінез-құлқын өзгерте алатынын және алаңдаушылық немесе күйзеліс түрінде байқалатынын ескеру керек. Сондықтан өзіңіз білетін өзгерістер туралы баланы алдын ала ескертіңіз;

– АСБ бар баланы жұппен сапқа тұру, шағыр алдында кезектілікті сақтау, әлеуметтік қабылданған ара-қашықтықты сақтау, құрбыларының аяғын бастап, итеріспеу сияқты әлеуметтік мінез-құлық ережелеріне арнайы үйрету қажет;

– тапсырманы барлық топқа беріңіз, онда басқа балаларды аутистикалық спектр бұзылулары бар баламен бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдырыңыз, алайда тапсырманың өзі осы баланың қабілеттері шеңберінде болуы тиіс;

– балалар аутизммен ауыратын балалармен достасып кеткен жағдайларды көтермелеңіз;

– ересектер еркін ойын уақыты кезеңінде, денені дамытумен байланысты сабақтар кезінде, түскі ас кезінде бақылауды күшейту қажет; АСБ бар баланың қиындықтары туралы құрбыластарын хабардар ету қажет;

– сыныптағы балалар мен ата-аналарға аутизммен ауыратын бала құрбылыстарына қарағанда өзін неліктен басқаша ұстайтынын түсіндіріңіз. Өртүрлілік құрметтелуі тиіс;

– білім алушылармен жұмыс істейтін барлық мамандар білім беру процесіне қатысты ортақ тәсіл қабылдауға, баланың мінез-құлқына пікірлері, әсіресе көтермелеу мен жазалауды пайдаланумен байланысты жағдайларда бірдей болуға тиіс және қойылған, орындалатын міндеттерден шегінбеу керек.

– тьютордың сүйемелдеуі аутизммен ауыратын баланы білім беру ортасына, әсіресе баланың бейімделуі кезеңінде, табысты қосу үшін қажетті шарт болып табылады [11].

Аутистикалық спектр бұзылулары бар балалар ауызша тілді ерекше қабылдаумен өзгешеленеді. Ересектер олардан не талап ететінін олар әрқашан тез түсіне алмайды. Жағдайды толық түсінбеу кезеңінде агрессивті болулары мүмкін. Өзін-өзі қорғау рефлексі белсене түседі.

Кез келген дағды қазір немесе кейін, бала өсетін болашақ өмірінде тікелей практикада пайдалану үшін түсініп меңгеріледі. Аутизммен ауыратын балаларды оқыту жағымды мотивацияға баса назар аударылып жүргізілуі тиіс.

Күштеп мәжбүрлемей, баланың танымдық әрекеттегі табиғи қажеттілігіне сүйену керек. Оқыту позитивті атмосферада өту керек.

Барлық балаларға өз әрекеттерінің ретін дауыстап айту қажет. Басқаларға кедергі жасамау үшін балаларды тыныш, жарты дауыспен сөйлеуге, «еріндерімен» сыбырлауға үйретіңіз. Бірақ оларға дауыстап айтуға тыйым салмаңыз – жаңа және қиын материалды сыртқы сөйлеу тілі арқылы түсініп меңгереді.

Біз аутист баланы бір нәрсеге оқытқан кезде, біз дереу, араға уақыт салмай, пайдалану үшін дайын тұрған үлгіні оған беруіміз керек: қарапайым сөздерді барлық оқушылармен пысықтау арқылы оқуға, тұтас әріптер мен сөздерді дереу жазуды меңгеру арқылы жазуға; қарапайым есептеу операцияларынан бастап арифметиканы үйретуге келеміз. Алгоритмді білу – аутист балалардың мықты жағы. Бір рет және дұрыс оқыту керек. Орта және үлкен жастағылар үшін бір ғана алгоритм. Қайтып үйретуге болмайды!

Коммуникация және әлеуметтендіру дағдылары жұппен жұмыстаржы, шағын топтармен жұмыстарды, рөлдік ойындарды, сынып және мектеп бойынша кезекшілік ұйымдастыру, мұғалімнің осы бағыттарда нысаналы жұмыс істеуі кезінде жақсы қалыптасады.

Балаларды бір-бірімен араласуға жиірек түрткі болыңыз, осылайша олар қоғамда өздерін дұрыс ұстауға үйренеді. Сабақтар да аутист-балаларға басқа балалардың, сондай-ақ өздерінің эмоцияларын анықтауға көмектесуге тиіс. Оқыту процесінде белгілі жағдайларды сипаттайтын және аутист балаларды белгілі жағдайларда өзін-өзі ұстауға үйрететін қысқа оқиғаларды пайдалануға болады.

Өзіндік жұмысқа үйреткен кезде мынадай алгоритмді пайдалану ұсынылады:

1. Тапсырманы түсіндірген кезде, оқулықта орындау керек болатын тапсырмалардың астын сызыңыз.

2. Нұсқаудан кейін әр оқушыға көз тоқтатып қараңыз.

3. Әрқайсысы тапсырманы дұрыс түсінгеніне және орындауға дайын екендігіне көз жеткізіңіз.

4. Нұсқауды жеке қайталаңыз.

5. Нұсқауды қайталағаннан кейін де бала тапсырманы орындай бастамаса, тапсырманы онымен тақта алдында орындап көріңіз.

6. Осындай тапсырманы кейіннен берген кезде жұмысқа тьюторды қосыңыз.

7. Тапсырмаларды өз бетінше орындау кезінде басқа оқушыларды көзден таса қалдырмаңыз.

Аутизмі бар баланың спецификалық сипаттамаларды жеңу жолдарын анықтайық:

- ақпаратты сызбалар, көрнекі картиналар арқылы жеткізу,
- қатты жалықтырмау,
- оқу кеңістігін нақты ұйымдастыру,
- жазылған сақтау жүйелерін пайдалану,
- бала пайдаланатын заттарды жазып қою,
- балаға есімін атап сөйлеу,
- өзіне-өзі қызмет көрсету және тұрмыстық бағыт-бағдар дағдыларына үйрету,

- әрекеттерді бөліктермен, кезеңдермен меңгеру, содан кейін біртұтас етіп біріктіру,

- дұрыс әрекетті тәтті көтермелеумен, құшақтаумен, стимулмен бекітуді пайдалану,
- ірі және шағын моториканы ұдайы дамыту [13].

Аутистикалық спектр бұзылулары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізу тәртібін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар

– аутистикалық спектр бұзылулары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар арнайы әзірленген дифференциалды тапсырмаларды; жиынтық жұмыс тапсырмаларын пайдаланып жүргізіледі, бағалау өлшемшарттары мен дескрипторларды мұғалім психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу маманымен бірлесіп әзірлейді;

– аутистикалық спектр бұзылулары бар білім алушылар үшін жиынтық жұмыстар жүргізудің уақыт режимін білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып көбейтуге болады;

– жиынтық жұмысы жүргізген кезде, қажеттілігіне қарай білім алушыға демалу немесе басқа да қажетті іс-шаралар үшін үзіліс беруге болады;

– аутистикалық спектр бұзылулары бар білім алушыларға арнайы психологиялық-педагогикалық көмек көрсетуді жүзеге асыру, оқу тапсырмасын қабылдау, орындау кезеңдерінде эмоционалдық қолайлы климат орнату және қолдау мақсатында қажеттілігіне қарай психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін маманның қатысуына рұқсат етіледі;

– жиынтық жұмыстарды орындау кезінде психикалық жағдай (аффективті мінез-құлық, агрессия және самоагрессия, бақылауға және өзін-өзі бақылауға көнбейтін, қозғалыстың өршуі) өршіген сәтте осы жағдайды жазып алатын және АСБ бар балаға осы жұмысты қайта тапсыруға мүмкіндік беру қажет;

– тапсырмалардың көлемі мен мазмұнын аутистикалық спектр бұзылулары бар білім алушының ерекшеліктері мен психофизиологиялық даму мүмкіндіктеріне байланысты өзгертуге болады;

– қажет болған жағдайда қосалқы құралдар мен көрнекі материалды (калькулятор, формулалар, таблицалар және т.б.) қолдануға рұқсат етіледі;

– жиынтық жұмысты компьютерлік нұсқада немесе кейіннен басып шығарып, планшетте орындау мүмкіндігін қарастыру ұсынылады;

– аутистикалық спектр бұзылулары бар білім алушылардың жиынтық жұмыстарын бағалау жалпыға танымал өлшемшарттарды да, сонымен қатар психофизиологиялық жай-күй мен даму ерекшеліктерін ескеретін өлшемшарттарды да ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Оралман балалар, саны аз ұлттар, соның ішінде мигранттар, босқындар отбасыларынан шыққан балалардың оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

Қазақстан халықаралық және ұлттық заңнама нормаларына сәйкес барлық балаларға білім алу құқығына кепілдік береді.

Соңғы жылдары республикада әртүрлі балалар топтары үшін білім беру қызметтерінің сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында түрлі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда: Қазақстан Республикасында «2016-2019 жж. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан балалары», «Балапан» тағы басқалары.

Білім алу құқығын қамтамасыз ету оралман-балалардың, аз ұлттар отбасылары балаларының, соның ішінде мигранттар мен босқындардың арасындағы айырмашылықсыз жүзеге асырылуға тиіс.

Босқындардың отбасыларының және қазіргі қоғамдағы ел ішіндегі қоныс аударатын адамдардың проблемаларының маңыздылығы адамның жеке-қоршаған орта жүйесіндегі өмірінің әртүрлі аспектілерінде өзекті болып табылады.

Мәжбүрлі көші-қон адамның әлеуметтік бейімделуін айтарлықтай бұзады: бір табиғи және әлеуметтік ортасынан, ол басқасына ауысады, көптеген табиғи-антропологиялық байланыстарды қинала үзіп, жасанды түрде жаңа жерлерде осындай байланыстар жасайды. Соның салдарынан босқын балалар көбінесе олардың ата-аналары мен жақындарының өліміне куә болудан психикалық соққы алады. Психологтар дәлелдегендей, травматикалық оқиғалар есінде сақталып қалған баланың психикасында терең із қалады. Психологиялық шокты бастан кешірген барлық балалар оның салдарынан зардап шегеді. Көптеген физикалық және психикалық бұзылулардан басқа, оларда таным процесі мен қоғамдағы мінез-құлық процесінде бұзылушылықтар байқалады. Бұзушылықтардың ауырлығы мен олардың көріністері, әдетте, зорлық-зомбылықтың дәрежесіне, балаға келтірген дене жарақаттарының болуы немесе болмауы, сондай-ақ отбасын қолдаудың жоғалуы немесе сақталуымен байланысты.

Балалар ересек адамдарға қарағанда ең алданғыш және көнбіс болғандықтан көбінесе әртүрлі жағдайларда құрбан болып қалады. Олар отбасылық немесе мектепте, көшеде зорлық-зомбылық құрбандары болуы мүмкін [14].

Зорлық-зомбылықты бастан кешірген балалармен жұмыс жасаудың ортақ мақсаты – травматикалық ауырлықтарды азайту және жою, кемсітушілік сезімін, кінәлі және ұят сезімдерін жеңу болып табылады. Баламен жұмыс істеу кезінде қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынас жасауда, оның жеке дамуына қолдау көрсету маңызды.

Қиын жағдайға тап болған балалардың проблемаларының бірі, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, мобильдік шектеу, құрдастарымен және

үлкендермен байланыстың аздығы, табиғат және мәдени құндылықтармен байланысы шектеулі болуы т.б. болып табылады. Мектеп қызметінің шектеулері көптеген оқушылардың тәрбие түріне негативті көзқарасын туғызады, оған жеке тұлға ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік бермейді. Бала өміріндегі қиын жағдайлардың пайда болуына ең үздік және ең нашар оқушылар арасындағы үлкен айырмашылықты көрсететін білімнің қанағаттанарлықсыз деңгейі себеп болуы мүмкін. Бұл баланың жеке басына өзіндік баға беруіне тығыз байланысты. Осыдан кейін балаларда мектептегі әлеуметтік қарым-қатынастарға бейімделе алмауынан түрлі бағыттағы проблемалары туындайды. Бұл проблемалар баланы қиын жағдайға әкелуі мүмкін [15].

В.А. Никитин зерттеу барысында социализацияны «адамның әлеуметтік қарым-қатынасқа ену процесі мен нәтижесі» деп сипаттайды [16].

Әлеуметтендіру - бұл адамның өмір бойы жүретін процесс екенін есте ұстаған жөн. Сондықтан әлеуметтендірудің негізгі мақсаттарының бірі - ол қоғамның қалыптасуының негізі болып табылатын адамның әлеуметтік өмірге бейімделуі болып табылады. Қазіргі кезде баланың әлеуметтік төмен деңгейге әкелетін қиын жағдайларға мыналар жатады: қайыр сұрау, қараусыздық, әр түрлі девиантты мінез-құлықтар, сондай-ақ ауру мен мүгедектік.

Мұндай балаларды әлеуметтік жағдайға бейімдеудегі мәселелердің барлығы дерлік әлеуметтік мәселелер: әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіз формалары: денсаулық сақтаудың, білім, мәдениет, тұрмыстық қызметтің қолжетімсіздігі т.б.

Бұл кешенді мәселелер балалар үшін тең мүмкіндіктер құруға бағытталған бүкіл қоғам мен мемлекеттің күшімен шешіледі.

Балалар құқықтары декларациясы «физикалық, ақыл-ой немесе әлеуметтік жағдайы төмен балалар арнайы күтіммен, біліммен және қамқорлықпен қамтамсыз етілуі тиіс» делінген [17].

Мемлекеттік деңгейде өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға көмек көрсетуге бағытталған арнайы бағдарламалар үнемі қабылданып, жүзеге асырылуына қарамастан, өмірдің қиындығына тап болған балаларға мемлекет күшімен ғана көмек көрсету жеткіліксіз екенін көрсетті. Мұндай балалардың дамуына және өмір сүруіне қолайлы жағдайлар жасау бойынша міндеттердің алуантүрлілігі, күрделілігі мен масштабы осы жұмыста осындай балаларға жақын адамдарға қатысуды талап етеді.

Әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болған Қазақстан Республикасы кез келген өркениетті мемлекет сияқты, мемлекеттің саясатына, басқа мемлекеттерде тұратын қазақтарға және тарихи отанына оралғандарға қолдау көрсетуді енгізді.

Сондықтан Қазақстан Республикасының даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі қазақтардың тарихи отанына қоныс аударуына жан-жақты қолдау көрсету болып табылады. Сондай-ақ, адамның әлеуметтік бейімделуі

елеулі түрде бұзылып жатқаны белгілі: бір табиғи және әлеуметтік ортадан ол басқасына ауысады, көптеген табиғи-антропологиялық байланыстарды үзіп, жасанды түрде жаңа жерлермен байланыстар жасайды. Мұндай жағдайларда көші-қон мәселелерін бірінші болып сезінетіндер, әрине, балалар.

Қиындықтар мына жағдайлармен байланысты болуы мүмкін:

–тұрғылықты жерін мәжбүрлі түрде өзгерту салдарынан(балалардың ересектерге тәуелді болуына байланысты әрқашан мәжбүрлі мигранттар болып табылатын) психологиялық стресстерге ұшырауы және әдеттегі мәдени, коммуникативтік, отбасылық, табиғи-аумақтық және басқа байланыстардың құрылымын бұзуы;

–жаңа ортада өмір сүрудің қиындықтарымен, сондай-ақ жиі шеттететін, алаңдаушылық және психикалық шиеленіс, агрессивтілік және қақтығыс туындайтын орта салдарынан;

–білім беру процесіне ену қиындықтары (қазақ (орыс) тілін білмеуі;

–әлеуметтік жанжалдардың өсу қаупі (әлеуметтік төмендігіне байланысты қақтығыстар).

Мұның бәрі болашақта елеулі түрлі жағдайларға ұрындыруы мүмкін, мысалы, мінез-құлықта әлеуметтік тәжірибенің жоқтығы мен педагогикалық қолдаудың болмауы аурудың, психикалық бұзылулардың өсуіне, сабақтан қашуға және девиантты және суицидтік мінез-құлықты қалыптастыруға әкелуі мүмкін. (толығырақ келесі тарауда).

Оралмандармен жұмыс жасау кезінде арнайы педагогикалық тәсілдерді талап ететін мәселелер:

–баланың үнемі психикалық стресстері (жанжал, апатия, шаршаудың жоғарылауы).

–қабылдамау және бас тарту сезімі (бала психикалық зорлық-зомбылықты, қысым көрсетуді сезінуі мүмкін);

–өзін-өзі тануын, құндылықтарын, сезімдерін жоғалтады;

–мәдени айырмашылықтардан туындайтын әртүрлі эмоцияларға (таңданыс, жеккөрушілік, наразылық, реніш) негізделген тұрақты мазасыздықты сезіну;

–әлсіздікті, толыққанды еместікті сезінеді.

Жоғарыда айтылғандардан оралмандарға әлеуметтік-психологиялық бейімделу үшін олардың коммуникативтік және білім беру қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға бағытталған арнайы психологиялық-педагогикалық бағдарламалар қажет.

Коммуникативті құзыреттілікті жоғарылату конфликтілерді шешу дағдыларын (ішкі және сыртқы) алуды, белгілі бір мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруды қамтиды, содан кейін нақты өмір жағдайында қолдануға бағыттайды.

Оралман баласының білім алу қажеттіліктері ережелердің бес түрлі бағытымен байланысты: тіл, базалық білімдер, эмоционалдық жағдай, әлеуметтік дағдылар, мәдени нормалар. Бұл білім беру қажеттіліктері, бірінші

кезекте, мемлекеттік тілді үйренуді ұйымдастыруды қажет ететін тілдік мәселелермен байланысты. Сонымен қатар, кез-келген сабақта тілдік мәселелерді ескеру қажет және оқушыға білім алуға көмектесетін бірқатар әдістерді қолдануға болады. Атап айтқанда, балаға әдістерді таңдау (ауызша немесе жазбаша жауап нысаны, графикалық немесе сурет) және тапсырманың қарқыны, жұмыс уақытын арттыру, графикалық схемаларды, қысқа нұсқаулықтарды, пиктограммалар түріндегі алгоритмдерді қолдану мүмкіндігі беріледі.

Оралман балаларды тілге оқыту мәселелері, оның ішінде ерекшеліктер, мәні, халықаралық тәжірибе, еліміздегі жағдайды талдау, жалпы білім беретін мектептегі оқу процесінде оралман балаларды тілдерге оқыту бойынша педагогтер мен басшыларға арналған ұсынымдар Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА 2017 жылы әзірлеген «Оралман балаларды тілдерге оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралында толық және кеңінен қарастырылған (Академия сайты: www.nao.kz).

Тілдік мәселелер білім бағдарламаларының мазмұнын игерудегі табыстармен бейнеленеді, сонымен қатар әлеуметтік қарым-қатынаста, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың тиімділігі, білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру табыста, және әлеуметтік қарым-қатынаста (құрбыларымен, ересектермен), коммуникативтік құзыреттілікті тиімді қалыптастырудан көрінеді. Өз кезегінде коммуникативтік біліктіліктің жеткіліксіздігі топтағы қарым-қатынас сипатын, конфликтілерді шешуге дайындығын/дайын еместігін, анықтайды. Мұндай мәселелерді шешуде ересек адам модератор рөлін алуға болады. Модератор қайшы тараптардың соқтығысуының себептерін, мәдени және әлеуметтік нормалардың сәйкес келмеуін түсіндіреді және келісім жолдарын таңдауда көмектеседі. Модератор үшін мәдениетаралық контекстер жағдайға қаншалықты әсер ететіні, мәдени немесе әлеуметтік айырмашылықтардан туындаған жоқпа, осылар өте маңызды. Модератор міндеті, сондықтан барлық тараптар үшін жағдайды түсіндіру [18].

Оқушылардың жеке дамуына көмектесу үшін педагог жасөспірім жаңа топтағы қарым-қатынас қиындықтарына байланысты мәселелерді шешуге жауапкершілік алады. Осы мақсатта жасөспірімдермен келесі мәселелерді талқылауға болады:

–Қандай әдістер балаға қиын жағдайдан шығуға көмектесті (жаңа қалада өз орнын тауып, жаңа жағдайға шығуға т.б.)?

–Сыныптағы басқа балада қандай қиын жағдайдан шығудың қандай тәсілдері бар?

–Ол «әдістен» өзіне не алады?

–Оған көмектесуге кім дайын?

Білім беру ұйымының осындай диалогтарын «мектепке арналған татуластыру қызметі», сондай-ақ төзімділікті қалыптастыру және этносаралық және діни экстремизмнің алдын алу бойынша әлеуметтік бағдарламаларды

жүзеге асыруға болады. Мұндай бағдарламалар білім беру ұйымының негізгі білім беру бағдарламасы мен әдістемелік жұмыс бағдарламалары аясында жоспарлануы тиіс.

Әзірленген бағдарламалардың негізгі стратегиялық мақсаттары:

–оралмандардың білім беру мекемесінің әлеуметтік-мәдени ортасына толығымен қосылуы,

–оралмандарды білім беру мекемесінің әлеуметтік-мәдени ортасына бейімдеу (оның енгізілуін қамтамасыз ету);

–оқу орнында оң мәдениетаралық қарым-қатынас жасау үшін жағдай жасау,

–оралман-оқушылардың білім беру мекемесін дамытуға оң әсерін көрсету.

Мұндай бағдарламаларды іске асырудың ең тиімді түрі – тренинг; ұжымдық қызметке бағдарланған балалар және жасөспірімдер бірлестіктерде құндылық бағдарларын қалыптастыру табысты жүріп жатыр.

Білім берудің маңызды технологияларының бірі - білім беру жобасының және әлеуметтік жобаның технологиясы, ол балаға және жасөспірімдерге бірлескен қызметтің қажетті когнитивтік және әлеуметтік тәжірибесін береді.

Психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-ағартушылық әдебиеттерде мәдениетаралық қарым-қатынас саласында түрлі тренингтерге арналған нұсқалар ұсынылған:

- жеке тұлғаның өз мәдениетін білетін өзін-өзі ақпараттандыру бойынша оқыту;

- когнитивті тренинг, онда қатысушылар басқа мәдениеттер туралы ақпарат алады;

- қатысушыларға басқа мәдениет тұрғысынан серіктестердің жағдайлары мен әрекеттерінің себептерін түсіндіруге үйрететін атрибуция тренингі;

- басқа мәдениетте өмір сүру немесе өз өкілдерімен қарым-қатынас жасау үшін қажетті практикалық дағдыларды үйретуге бағытталған мінез-құлық тренингі;

- нақты мәдениетаралық қарым-қатынастарды талдау, сондай-ақ туындаған мәселерді талқылау [14].

Баланы қолдаудағы жеке педагогикалық жұмыстарда бағыттардың мазмұны, сондай-ақ психологиялық қолдау бағыттары мінез-құлық ерекшеліктері, оқушылардың эмоционалдық көріністерінің ерекшеліктері арқылы анықталады, олар туралы объективті бақылау және терең диагностика негізінде қалыптасады. Іс-әрекеттердің бірыңғай стратегиясы мұғалімдер, педагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар жүргізетін дамушы (түзету) сыныптардың жеке және топтық формаларын, оқушылармен және ата-аналармен кеңес беру кездесулерін қамтиды.

Оралмандардың балаларының психологиялық және әлеуметтік-мәдени бейімделуін қамтамасыз ету мынадай іс-әрекеттерді қамтиды:

1. оралмандарды оқыту мен әлеуметтік-психологиялық бейімдеудегі қиындықтарды анықтау, диагностикалау және бағалау;

2. Оралмандарды интеграциялау мәселелері бойынша психологиялық, медициналық және педагогикалық кеңестер өткізу және осы балалар мен олардың отбасыларын психологиялық-педагогикалық қолдаудың бірыңғай стратегиясын әзірлеу;

3. Консультациялардың шешімдерін орындау.

Жалпы білім беру мекемелерінде жеке қолдаудың негізгі кезеңдері:

Баланың дамуындағы бірінші кезең - бұл бала туралы ақпарат жинағы.

Екінші кезең - алынған ақпаратты талдау.

Үшінші кезең балаға, мұғалімге, ата-ана үшін ұсыныстарды бірлесіп әзірлеу болып табылады: әрбір «проблемалы» оқушыға кешенді көмек көрсету жоспарын жасау.

Төртінші кезең - балалардың проблемаларын шешу жолдары мен тәсілдері бойынша кеңес беру.

Бесінші кезең - бұл мәселелерді шешу, яғни, әрқайсысының ұсыныстарын орындау.

Алтыншы кезең - барлық қатысушылардың ұсынымдарын талдау не (сәтті болды? не сәтті болмады? неге?)

Жетінші кезең - баланың дамуына қосымша талдау жасау (Бұдан әрі не істейміз?).

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Психологиялық-педагогикалық консилиум туралы ережелері» негізінде мұндай жұмыстарды білім беру мекемелерінің психологиялық-педагогикалық кеңесі аясында жүргізу ұсынылады [19].

Жоғарыда көрсетілген сатылар шартты болып табылады, өйткені әрбір баланың өз проблемасы бар және оның шешімі жеке көзқарасты талап етеді.

Оралман баласын әлеуметтендіру бойынша қабылданған шаралардың табыстылығын сипаттайтын барлық педагогикалық іс-әрекеттердің нәтижесі:

- жеке немесе мәдени сәйкестік сезімі;
- жақсы психологиялық және физикалық денсаулық (өзін сезінуі);
- психологиялық қанағаттану мен оңтайлы өзін-өзі бағалау.

3. Қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар, сонымен қоса жетім балалар, виктимді балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және/немесе әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасынан шыққан балалардың оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

Білім беру – адамның ажырамас құқығы. Дәстүрлі түсінетін болсақ, білім беру жүйесі оның белгілі талаптарына жауап беретіндерді, яғни стандартты мүмкіндіктері бар, барлығына бірдей бағдарламалар бойынша оқуға және барлығы үшін қалыпты үлгерім нәтижелерін көрсетуге қабілетті балаларды толыққанды оқытады. Бірақ соңғы бірнеше онжылдықтағы қоғамдық жағдай білім беру мекемелерінің алдына тағы бір проблеманы ұсынып отыр, ол білім алушылардың психикалық дамуы мен оқыту жүйесінің ара қатынасы түрінде көрсетілген. Бұл мәселенің шешімі 2 мәселеде:

1) оқу процесін баланың психикалық дамуына қолайлы әсер ету мақсатында ұйымдастыру,

2) оқу материалын кедергісіз қабылдау үшін баланың психикалық дамуын ынталандыру мақсатында бейімделген педагогикалық тәсілдерді ұйымдастыру.

Барлық балалардың білімге бірдей қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында инклюзивті білім беру жүйесі, осы мәселелер төңірегінде көптеген міндеттерді шешуге, оның ішінде әртүрлі бұзылулары бар не болмаса балалардың тәрбиесіне, мектепте және әлеуметтік бейімделуіне кедергі келтіретін сол немесе өзге жағымсыз қолайсыздықтағы балаларды оқыту мәселелерінде бейімделетін педагогикалық бағдарламаларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Десек те, бұл бұзылулардың көлемі шекті жағдайлардан бастап психикалық бұзылулардың ауыр формаларына дейін қоса алғанда, жеткілікті дәрежеде кеңейген, шартты түрде оларды «оқытудағы бейімсіздену триадасы» деп аталатын топқа жатқызуға болады:

- білім алуға төмен мотивация;
- төмен коммуникациялық дағдылар;
- мектеп ережелерін қабылдамаушылық.

Бұл саладағы психологтардың зерттеулері ерекше білім беретін тәсілдерін талап ететін, әдетте «әлеуметтік бейімделуі қиын балалар» деген бір терминмен анықталатын балалардың мынадай санаттарын анықтауға мүмкіндік береді [20]:

1. *Мінез-құлқында анық виктимділігі бар балалар. Бұл топтағы балаларды да бірнеше санаттарға бөлуге болады:*

- соматикалық аурулармен ауыратын не әлсізденген, жиі және ұзақ ауыратын балалар. Мектепте мұндай балалар сабақты жиі босатады, тапсырмаларды қиналып орындайды. Дене шынықтырудан олар босатылады, көбінесе бұл өте әлсіз балалар. Олар қыңыр, енжар болады, өздерін нашар сезінетіндіктеріне тез үйреніп алады және бұл жағдайда олардың көңілін табуға әлектенеді, олардың жағдайын жеңілдетуге тырысады, кейде олар бұл жағдайды жақсы пайдаланады. Бұл белгілі психологиялық проблемалар «жиынтығы» (жоғары

алаңдаушылық, депрессия, қорқыныш, үмітсіздік және көмексіз қалу сезімдері, фрустрация және т.с.с.) бар екенін атап көрсетеді, олар мінез-құлық бұзылуларына (агрессивті және қақтығыстық мінез-құлық, тұйықтық, қарым-қатынасымен манипуляциялау және т.б.) әкеп соғуы мүмкін. Сондай-ақ, созылмалы соматикалық аурулары бар балаларда Мен-тұжырымының бұрмалануын атап көрсетуге болады, олар өздері туралы жұпыны түсініктер мен өзін-өзі дұрыс бағаламауда байқалады. Бұл бастан кешкен күйзелістің не зорлық-зомбылықтың салдары болуы мүмкін.

Бала тұлғасының дамуын қалыптастыруда отбасына үлкен рөл артылатыны баршаға мәлім. Көптеген зерттеулер көрсетіп отырғандай, созылмалы аурумен ауыратын баласы бар отбасы қиын психологиялық деформацияға ұшырайды, отбасының құрылымы, онда қалыптасқан қарым-қатынастар, отбасылық тәрбие стилі өзгереді. Науқас баланың психикалық жайлылығы барлық отбасы мүшелері таңдаған функционалдық немесе функционалдық емес ұстанымды қоса алғанда, осы санамаланған процестердің барлығы қандай бағытта жүріп жатқандығына байланысты. Науқас балалардың отбасыларындағы балалар-ата-ана қарым-қатынастарының ерекшеліктеріне көптеген авторлардың пікірін қорытындылай келе, тәрбиенің мынадай бұрмалану жолдарын атап көрсетуге болады: баланы жоғалтып алу қорқынышы, басым немесе құптайтын гиперпротекция (гиперқамқорлық), тәрбиелік сенімсіздік пен тұрақсыздық, санкциялардың, талаптар мен тыйым салулардың төмендеу үдерісі, балалар қасиетінің проекциясы. Созылмалы соматикалық науқас балалардың аналарында баланың әрекеттерін шектеу және оның әрекетін бақылау жоғары деңгейде болатыны жиі кездеседі. Сондай-ақ, көптеген аналардың тарапынан балаларды дәрі-дәрмекке, режимге тәуелділікпен, бала күнінен бастап құрбыларына қарағанда әлсіз деп тәрбиелеумен, науқастығына иландырып тәрбиелеу жиі кездеседі [21].

Соматикалық ауруларға шалдыққан немесе әлсізденген, жиі және ұзақ ауыратын балалармен жұмыс жүргізудің негізгі ережелері – бұл коррекциялық-профилактикалық жұмыс, ол баланың жеке ерекшеліктерін және отбасылық қарым-қатынастар сипатын ескере отырып, дәлме-дәл әзірленген әрекеттер мен жаттығулар алгоритмін талап етеді, оған мынадай бағыттар кіруі тиіс: педагог-психологпен; әлеуметтік педагогпен жұмыс; ата-аналармен жұмыс; баламен жұмыс.

– гипобелсенді немесе баяу балалар. Олар әрқашан үнемі асығып жүретін және ешқашан үлгермейтін ата-анасының ашуын келтіреді. Баланың баяулығы олардың ерекше ашуын тудырады және олар оны үнемі асықтырады не болмаса шадамай, баланың орнына барлығын өздері орындайды, бұл оның дамуын тежейді, бастаған ісін аяқтауды үйренбейді. Баяулық – жеке тұлғаның қасиеті, ол қозғалыс белсенділігінің төмендеуінде, психикалық әрекетінің баяулығында көрінеді, жүйке процестерінің аз қозғалмалылығына негізделген және дұрыс тәрбиелемеу нәтижесінде туындайды [22]. Американдық психолог Дж. Холт 1956 жылы өзі жүргізген бақылаулардың негізінде баяулықтың тіпті ең аз

дәрежесінің өзі баланың оқуда табысқа жету мүмкіндіктерін төмендетеді деген қорытындыға келген. Сондықтан, мектепте ол үлгермейді, мұғалім өзімен-өзін қалдырып, оны жиі ұмытып кетеді, бұл оқуда баланың үнемі үлгермеуіне, мектепке барғысы келмеуіне және оған қарсылық білдіруіне әкеп соғады. Енжар, аз қозғалатын, сылбыр балалар – әдетте, олар өздерінің ширақ құрбыларының көлеңкесінде қала береді. Олар балалар ұжымында аз байқалады, сондықтан педагогтардың назарына түсе бермейді, сондықтан да, бір қарағанда, олардың оқудағы проблемалары тіпті байқалмайды. Кейіннен, баяу балалардың көпшілігі белгілі психологиялық қорғаныс табады: олар мүлдем тырысудан қалады және «тыныш орташа оқушы» жағдайына бойы үйренеді, не болмаса «екі алғыш» баланың агрессивті-наразылық мінез-құлқын қабылдайды («ал мен мүлдем оқымаймын»), не болмаса мектепке келуден қалады, сабақты босатады және оқу күнін өзіне өте ыңғайлы шаруамен өткізеді, мысалы компьютерлік клубтарда. Сондықтан, гиподинамикалық синдромы бар балалар (баяу балалар) да психологиялық коррекцияны және ерекше көзқарасты қажет етеді, оқу-танымдық процесті ұйымдастыру кезінде өздеріне назар бөлуді талап етеді. Сабақта оны асықтыруға және одан жұмысқа тез араласуды талап етуге болмайды, өйткені олардың жаңа тапсырмаларды орындау белсенділігі біртіндеп артады.

1. Тапсырмаларды орындау кезінде мұндай оқушыны алаңдатуға, оның назарын басқа нәрсеге аударуға болмайды.

2. Жігерсіз баланы жаңа, енді ғана өткен материалға жауап беруге мәжбүрlemeу керек.

3. Жігерсізден күтпеген сұраққа тез арада ауызша жауап алу керек болатын жағдай тудырмау керек; оған ойлануға және дайындалуға уақыт берген жөн.

4. Сабақтың басында сұрамаған дұрыс, өйткені жігерсіз оқушылар алдыңғы жағдайлардан (мысалы, үзіліс кезінде айналысқан шаруасынан) тез ауыса алмайды.

5. Неліктен екені белгісіз, егер жазудан қиындықтар болса, көбірек жазу керек, егер оқуда – көбірек оқу керек, егер бала баяу болса, барлығын «жылдамдыққа» жасау керек деп есептеледі. Бұл үлкен қателік, өйткені қанағаттанушылық бермейтін жүктемелер қиынға түседі, істеген жұмыс қуаныш әкелмейді. Сондықтан баланың шамасы жетпейтін жұмыспен оны шаршатпай, ол жақсы орындай алатын жұмыспен кезектестіріңіз.

6. Сирек жағдайларда баяу балалар үйде не істеу керектігін біледі. Үй тапсырмалары, әдетте сабақтың соңында беріледі, сыныпта у-шу болады, ал баяу бала тек шаршап қана қойған жоқ, мұғалімді де естімейді, бірақ басқалары аяқтап болған тапсырманы ол жалғастырып орындай беруі мүмкін. Сондықтан ол үйге ешқандай тапсырма берілген жоқ деп шынайы айтуы мүмкін. Не істеу керек? Ата-аналар баласының үй тапсырмасын неліктен жазып үлгермегенін міндетті түрде айтып (бұл өте маңызды!), өз баласының мектептегі досынан үй тапсырмасын сұрап біледі. Тіпті болмаса, бала өзін қорлады деп ойламас үшін,

оған көрсетпей, мұғаліммен тапсырманы қағазға жазып, сізге беріп жіберуін сұрап, келісуге болады.

7. Баяу балалармен жұмыс кезінде ата-аналар үшін нақты ұсынымдар қажет [22].

– *депрессиялық балалар*. Депрессия – елеулі эмоционалдық бұзылу, оған балалар мен жасөспірімдерді қоса алғанда, барлық жастағы адамдар шалдығуы мүмкін. Ол жабыраңқы және күйгелектік көңіл-күйдің тұрақты жай-күйімен және қызығушылық пен өмірге қанағаттанушылықты жоғалтумен сипатталады. Бұл сезімдер тәбет пен ұйқыға, белсенділік деңгейіне және зейінге, сондай-ақ өзінің хал-жағдайына әсер ететін, бірқатар қосымша симптомдармен ілеседі. Депрессия адамның барлық ағзасына, оның сезім мүшелеріне, ойы мен әрекеттеріне, сондай-ақ оның әлеуметтік бейімделуіне әсер етеді. Депрессия – бұл халықаралық проблема және кез келген ұлттың әлеуметтік дамуына елеулі қауіпті білдіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Еуропалық өңірлік бюросының есептеулері бойынша депрессияға шалдыққан Қазақстан тұрғындарының саны 4,4% құрайды. Бұл шамамен 800 000 адам [20]. Бірнеше жыл бұрын көптеген балалар психиатрлары балалар мен жасөспірімдер жасында депрессия болу мүмкін еместігін алға тартты, олар депрессия өсіп келе жатқан немесе ересек тұлғаға тән, ал қысым мен қайғыру белгілерін балалық шақтағы депрессия симптомдары деп мойындамады. Депрессияны заманауи зерттеулер депрессияның психотикалық және эндогендік формалары ересектерден гөрі балаларда жиі кездесетіні туралы куәландырады [20]. Мектеп оқушылары мен жасөспірімдерде депрессияның жеңіл және ауыр формалары байқалуы мүмкіндігін анықтады [23]. Сондай-ақ, жас кездегі депрессия мен суицидтік бейімділік арасындағы байланысты анықтады.

Бүгінгі күні, зерттеулер санының көптігіне қарамастан, балалар мен жасөспірімдердегі депрессивті бұзылулар проблемасы: вегетативті бұзылулар, сабаққа үлгермеушілік, қорқыныш пен үрей, беймазалық, дөрекілік және басқа да темекі шегу, алкоголь мен есірткіні теріс пайдалану, қылмыстық және әлеуметтік тәртіпті жалпы бұзушылық сияқты әрекеттер, тұлғалық ауытқушылықтары бар балалар санының артуына байланысты әлі де қалып отыр және жанданып келеді.

Балада депрессияның пайда болу себептері қандай болуы мүмкін?

Олар әртүрлі болуы мүмкін:

- отбасындағы ұдайы қақтығыстар; толық емес отбасылар; спирттік ішімдіктерді теріс пайдаланатын (есірткі тұтынатын) отбасылар; ата-аналар асыра қамқорлық танытатын отбасылар; тәрбиеден бас тарту және қамқорлықты үшінші адамдарға (аталары, әжелері, басқа туыстары, балалар үйі және т.с.с.) беру;

- мектептегі, бала бақшадағы немесе колледждегі буллинг;

- жасөспірімдік кезеңдегі гормоналдық өзгерістер: сырт келбетіндегі өзгерістер, оған ілеспелі, ағзаның жұмыс істеуіндегі өзгерістер, басқа да

факторлардың ықпалымен депрессиялық бұзылулардың пайда болуына түрткі болуы мүмкін (дисморфофобия);

- құрсақ ішіндегі патология;

- депрессияға генетикалық бейімділік (эндогенді депрессия): адамдардың, оның ішінде жасөспірімдердің бір бөлігі депрессияның дамуын тез қабылдайды, ол бейімділік тұқым қуалаушылықта жатыр.

Депрессиялық баланы қалай анықтауға болады? Олардың жай-күйі өз күшіне сенбеушілікте, жігерсіздікте, эмоционалдық көңілсіздікте, кез келген жаңа әрекет алдында үрейленуде байқалады. Бала өзінің керек еместігі, оған жақын адамдардың тарапынан қабыл алынбауы туралы айта алады. Ол әрқашан қорғансыз, үнемі ренішті және қорланған. Сабақта әрқашан зорға отырады, бет әлпеті қайғылы, көзқарасы мазасыз немесе солғын. Ішкі органдары тарапынан айқын проблемалар байқалмаса да, бір нәрсе мазалайды, (басы, іші, тамағы және т.б.) ауырады деп әртүрлі шағымдануы мүмкін. Тәбеті нашар, зейіні бұзылған, энурез болуы да мүмкін. Әрқашан депрессиялық балаларға оқудағы қиындықтар тән, өйткені зейін қоюмен, жаңа материалды меңгерумен байланысты, бір нәрсені жаттау, тез орындау кезінде шаршағандығы байқалып, нәтижелілік төмендейді. Сырт келбеті салақ.

Егер педагог балада депрессиялық жай-күйдің дамуын байқаса, онда тез арада мектеп психологына жүгіну керек.

2. *Эмоционалдық-ерік саласында бұзылулары бар балалар* (негізінен жасөспірімдер). Олар – отбасындағы тәрбиенің елеулі қателіктерімен, олқылықтарымен және кемшіліктерімен байланысты нәтиже. Әрбір осындай бала үшін оның мінез-құлқындағы, өзара қарым-қатынасындағы және әрекетіндегі көріністер формаларының көптүрлілігін табатын өзіндік ерекшелік тән:

– *аса белсенді балалар, сондай-ақ зейін тапшылығы синдромы бар балалар*. Бұл балалар баланың ерекшелігіндегі басқа шекті білдіреді. Аса белсенділік пен зейін тапшылығының сыртқы көріністеріне мыналар жатады:

– жоғары қозғалыс белсенділігі, бітпейтін тынышсыздық;

– қызбалылық, қозғалыстың екпінділігі;

– ұдайы мылжындық (тіпті оны естімесе де, бала өзімен-өзі сөйлесе береді («мұрын астынан қыңқылдау»)), өте көп сұрақтар қояды;

– агрессиялық, бала ересектер мен балаларға жиі ашуланады;

– оқушы үнемі қақтығыстық жағдайлар тудырады;

– эмпатияның болмауы (басқа адамның сезімдері мен уайымын түсіну қабілеті); шамалы (қатты қуанудан бастап түңілуге дейін) оқиғалардан туындайтын, көңіл-күйіндегі жиі өзгерістер;

– жоғары қызбалылық; бірлескен ұжымдық ойындардан, бірлескен әрекеттерден бас тарту;

– өзін-өзі төмендете бағалау, пессимистік көңіл-күй; бала үнемі алаңдайды, назар бөліп, зейін қоя алмайды.

Егер себептері туралы айтар болсақ, бәрінен жиі генетикалық тұқым қуалаушылық пен туу кезіндегі жарақаттар аталады. Бұған жүктілік кезіндегі әйелдердің күйзелістері мен инфекциялық аурулары, алкогольді көп пайдалануы, жүктілікті тоқтату әрекеттері немесе түсік тастау қаупі, іш жарақаттары, ұзақ босануы, балалардың уақытына жетпей тууы, сондай-ақ туған кездегі дене салмағының аз болуы жатады. Осы салада батыс статистикалық зерттеулері санының көп болуына қарамастан, гипербелсенділіктің қалыптасуы сол немесе өзге факторларға тікелей байланысты болатындығы әлі анықталған жоқ. Ғалымдар бұлардан бөлек тағы бір қызық заңдылықты бөліп көрсетеді – осы синдромға шалдыққан барлық балалардың арасында ер балалардың саны басым болып келеді (әдетте 80% астам), зерттеушілер мұны ұлдардың белсенді өмір салтына «генетикалық» бейімділігімен түсіндіреді. Осы бұзылулардың қалыптасуы мен одан әрі дамуында әлеуметтік-психологиялық факторлар: отбасындағы кикілжің мен қақтығыстар, жанжалмен және баланың көзінше ара-қатынастарын анықтаумен ұласатын, ата-аналарының ажырасуы, тәрбиедегі қаталдық көріністері де маңызды рөл ойнайды. Мектепте мұндай балаларға көбінесе ерке немесе тәрбиесіз бала ретінде қарайтындықтан, білім беру процесін ұйымдастыру кезінде педагог репрессивті әдістермен немесе қаталдықпен оны тәртіпке шақыруға тырыспай, барлық жоғарыда санамаланған факторларды ескеруі тиіс, өйткені баланың бойындағы мықты жағымсыз эмоциялар (жазалау реакциясы, мұғалімдердің наразылығы, жаман бағалар) оның жалпы мектепті жек көруін және қандай сылтау болса да мектепке барудан қашуын тудыруы мүмкін. Мектепте қақтығыстық жағдайлар туындаған кезде балаларда дене қызуы көтеріліп, олардың жүрек айнуы орын алған оқиғалар белгілі, ал бұл жағдай шешілген кезде, суық тию немесе тамақпен улану симптомдары тез арада жойылады. Бұл балалардың сырқаты көбінесе соматикалық сипатқа ие, тіпті асқазан бұзылуы немесе суық тию болса да, олар ең алдымен, жоғары жүйке қозуымен байланысты. Өйткені олардың сырқаты физикалық және психикалық проблемалардың үйлесуі болып табылатындықтан, онда емдеу кезінде де осы екі факторды да ескеру қажет. Сыныбында гипербелсенділік және зейін тапшылығы синдромы бар бала оқитын мұғалімге алғашқы күннен бастап оның ата-аналарымен сенімді қарым-қатынастар орнату және олармен үнемі байланыста болу керек. Олардың осындай үйлесімді ынтымақтастығынан баланың осы синдромды қаншалықты тез жеңетіні байланысты болады. Ешқандай жағдайда баланың нашар тәрбиесі үшін ата-аналарды кінәламау керек. Олар онсыз да баланың тым оजारлығы, басқаруға көнбейтін мінез-құлқы үшін ыңғайсызданады. Кейде сынып жетекшісі ата-анаға олардың баласының ерекшеліктерін, олардың баласының мінез-құлқы – еркелік пен қыңырлық емес, бірқатар себептерден туындайтын күрделі құбылыс екенін түсіндіруге тура келеді. Мектепте де, үйде де гипербелсенді бала үшін оқу әрекетін, оның күн тәртібін, қалай ұйымдастыру керектігін олар бірге ойластырып, қатаң келісуге және оны қатаң ұстануға тиіс.

Бұл балалар өз құрбыларына қарағанда қызбалау екенін есте сақтау маңызды, өйткені ол балалардың қарым-қатынас жасауда этикет нормаларын сақтауына кедергі келтіреді. Сондай-ақ бұл балалар мұғалімнің назары мен құрбыларының оқудағы жетістіктеріне қызғанышпен қарайтынын да ескере кеткен жөн. Көп жағдайда мұны өзін-өзі төмендете бағалаумен, сондай-ақ шекті эмоционалдық тұрақсыздықпен түсіндіруге болады. Олар кез келген құралдармен мұғалімнің және балалардың назарын өздеріне аударуға тырысады. Гипербелсенді баламен қарым-қатынас кезінде асықпай, дауыс көтермей, ақырын сөйлеуге тырысу керек. Бұл балалар мұғалімнің дауысындағы ашу, ыза екпінін байқап қалады, кейде олардың реакциясы өте агрессиялы болады. Сабақ кезінде мұғалім сергіту сәті туралы ұмытпау керек, ол балаларға сабақ барысында жинақталған шаршағандықты бюасуға көмектеседі. АҚШ-та бір эксперимент жүргізілген екен, оның барысында сабақ кезінде гипербелсенді балаларға қолдарына резеңке доп ұстауға рұқсат берілген. Қолымен оны аша және қыса отырып, олар алаңдаушылық пен қозғалыс екпінділігін аз көрсеткен. Мұндай балалар үшін компьютерлік оқыту бағдарламалары таптырмайтын оқу құралдары болып табылады, олар балаларға оқу материалын оған ыңғайлы қарқында өтуге мүмкіндік береді. Материалды олар көрнекілік формасында жақсы меңгереді, сондықтан сабақта картиналарды, модельдерді пайдалану өте қажет. Сондай-ақ мұндай балаларды оқытқан кезде тапсырмалар жазылған әртүрлі дәптерлерді пайдаланған дұрыс. Бала ылғи да тақтада жазылғанды соңына дейін дәптеріне жазып алмайтыны, сабақтың қарқынына үлгермейтіні мұғалімнің ашуын тудырмау керек. Сабаққа дайындалған кезде кейбір балалардың осы ерекшеліктерін ескере отырып, мұғалім тақтада қолданбақшы болған мәтіндерді, сызбаларды жазып дайындағаны дұрыс, бұл баланың мәтінді көшіріп жазу қажеттілігінен босатады [24].

– *агрессиялық балалар*. Агрессия – жанға батыру, жою немесе үстемдік орнату ниетінен туындайтын мінез-құлық. Ұдайы немесе өте жиі (аптасына 1-2 реттен кем емес) ашуланатын, балалармен және ересектермен ұрысатын, оларды мазақтайтын немесе қорлайтын, олардың заттарын лақтыратын және (немесе) бүлдіретін, басқа адамдарды әдейі ызаландыратын, дауласатын, өзінің мінез-құлқын бақылай алмайтын, төбелесетін, тіпті бұл белгілер ұзақ уақыт бойы (кемінде 6 ай) байқалатын бала агрессиялық деп есептеледі.

Агрессиялық мінез-құлық симптомдары:

1) Эмоционалдық-бағалау:

- басқа адамдардың сезімі мен уайымдарын түсінбейді;
- өзінің сезімдері мен уайымдарын да түсіне алмайды, оларды атап беруге қиналады;
- өте күдікшіл, басқа адамнан, құрбыласынан немесе ересек адамнан үнемі физикалық және моральдық жамандық, соққы, қорлау;
- дұшпандар әлемінде өздерін керексіз, жалғыз сезінеді; менменшіл;

– өзін-өзі шектеп бағалайды (не «мен бәрінен жақсымын», не «мен бәрінен жаманмын»), өзінің мінез-құлқын тиісінше бағаламайды;

– барлық қателіктері мен келеңсіздіктеріне айналадағылар кінәлі, ал өзінің агрессиялық әрекеттерін дұрыс, мәжбүрлі немесе қорғаныс үшін деп есептейді.

2) Мінез-құлықтық:

– өзін-өзі бақылай алмайды;

– физикалық (төбелесек) және вербальды агрессия (қауіптер, дөрекілік, балағаттау) көрсетеді;

– қатты ашуланатынын көрсетеді (айқайлайды, шыңғырады, аяқтарымен жер тебінеді, еденде домалайды, заттарды лақтырады және сындырады);

– ызақор, ашуқор, қаһарлы, қисық, күншіл, өкпешіл, ашушаң, күдікшіл, кекшіл;

– сол немесе өзге авторитетке (мұғалім, жетекші-оқушы) қарсы бағытталған, «оппозициялық» мінез-құлық мәнерімен ерекшеленеді;

– қақтығыстық жағдайларды әдейі жасайды, жанжалға түрткі болады

3) Физикалық:

– бас ауруынан, бұлшық еттің қарысуынан зардап шегеді;

– түнерген, жабыраңқы көңіл-күймен ерекшеленеді.

Көбінесе баланың агрессиялық мінез-құлқының негізгі себептері ата-анасының агрессиясы, олардың баланы жақсы көрмейтіндігін көрсетуі, ата-аналардың баланы қорлауы болып табылады, осының салдарынан қоршаған ортадан қауіптілік пен қастандық сезімі қалыптасады; ұзақ және жиі өкпелеу, оларға да ата-аналар немесе қандай да мән-жайлар себеп болады; бас ми қабатының органикалық зақымдануы.

Агрессиялық мінез-құлық вербальды да, физикалық та болуы мүмкін. Ол адамдарға немесе жануарларға немесе заттарға бағытталуы мүмкін және ашуға немесе қастандыққа көрсетілетін кәдімгі реакцияны білдіреді. Агрессия жай ғана жатталған немесе еліктегіш мінез-құлқы да болуы мүмкін. Ата-аналарының тарапынан физикалық ықпал ету шараларына тап болған балалар мүлдем жазаланбаған балалармен салыстырғанда өте агрессиялы болып келеді. Жаза қаншалықты қатал болса, балалардың құрбыластарына, одан әрі ата-аналары мен басқа да адамдарға қатысты агрессиялық мінез-құлқы өрши түседі. Агрессиялық балалармен жұмыс істеудің өз ерекшеліктері бар. Бастапқы кезеңдерде топтық форма қажет емес, Басынан бастап, баламен бірге, отбасымен де қатар жұмыс істеу керек. Ол белгілі диагностикалық жұмыстардан кейін, отбасылық қарым-қатынастарды және олардың үйлесімсіздік дәрежесін диагностикалағаннан кейін жоспарлануы тиіс, одан кейін жеке және топтық психокоррекциялық жұмыс жалғасу керек. Бірақ баламен жеке жұмыс жүргізуге ерекше назар бөлген жөн. «Өзін дұрыс ұстау» қажеттігі туралы ортақ әңгімелер мүлдем тиімсіз болады. Коррекциялық жұмыста жасөспірімнің мінезі мен қабілеттерінің ерекшеліктері негізінде оның

қызығушылықтарының аясын қалыптастыруға ерекше орын беру керек. Тұлғаны жақсы жағынан қалыптастыруға тарту әрекеттері: кітап оқу, өз бетінше білім алу, музыкамен, спортпен шұғылдану есебінен жасөспірімнің бос уақыты – «бос сенделіс және әрекетсіздік» кезеңін барынша қысқартуға тырысу керек. «Түк істемей бос жүру» – бос уақыты кезеңіндегі нәтижесіз әрекет кезінде – жасөспірім бейәлеуметтік ортаға жылдам қайтуы және делинквенттігінің қайталануы мүмкін [25].

Баланың дамуы әрекетте жүзеге асырылатынын, ал жасөспірім өзін, өзінің ұстанымын ересектер арасында ересек сияқты тұжырымдауға тырысатынын ескере отырып, жасөспірімнің осындай әрекетке қосылуын қамтамасыз ету қажет, ол ересектердің қызығушылықтары саласында жатыр, бірақ жасөспірімге өзін ересектер деңгейінде тұжырымдауға мүмкіндік жасайды [16].

– *девиантты мінез-құлықты балалар*. Ауытқушылық, девиантты мінез-құлық – қоғамда қабылданған құқықтық немесе адамгершілік нормаларына қарама-қайшы теріс қылықтар жүйесі немесе жекелеген теріс қылықтар.

Ауытқушылық мінез-құлықтың табиғаты күрделі болады және әртүрлі өзара әрекет ететін факторларға байланысты. Олардың арасында маңыздылары:

1) Биологиялық факторлар – бұл бала ағзасының қолайсыз физиологиялық немесе анатомиялық ерекшеліктері (ақыл-ой дамуы бұзылған, есту және көру дефектілері, жүйке жүйесі зақымданған, дене дефектілері, сөйлеу тіліндегі дефектілер және т.б.);

2) Психологиялық факторлар – бұл мінездің психопатологиялары немесе акцентуациясы. Бұл ауытқушылықтар жүйке-психикалық аурулар, психопатия, жүйке бұзылуы, жүйке жүйесінің қозуын арттыратын және жасөспірімнің барабар емес реакциясын тудыратын шекті жағдайлар кезінде байқалады.

3) Әлеуметтік–психологиялық факторлар отбасылық, мектеп және қоғамдық тәрбие дефектілерінде байқалады, олардың негізінде – әлеуметтендіру процесінің бұзылуына әкеп соғатын, балалардың жас-жыныстық және жеке ерекшеліктерін елемей.

Баланың психоәлеуметтік дамуындағы ауытқушылықтардың маңызды себептері қолайсыз отбасылар, отбасылық қарым-қатынастардың белгілі стильдері болуы мүмкін, олар оқушының ауытқушылық мінез-құлқын қалыптастыруға әкеп соғады, атап айтқанда:

– тәрбиелік және отбасыишілік қарым-қатынастардың үйлесімсіз стилі, бұл жерде балаға бірыңғай тәсіл, жалпы талаптар қойылмағаны байқалады; ажырасу, балалар мен ата-аналардың ұзақ уақыт бөлек тұруы жағдайында, көбінесе толық емес отбасыларында үстем, тәрбиелік ықпалдың қақтығыстық стилі;

– дұрыс ұйымдастырылмаған отбасындағы қарым-қатынастардың бейәлеуметтік стилі. Ол үшін алкогольді, есірткіні жүйелі пайдалану, ешқандай себепсіз қаталдық пен зорлық-зомбылық көрсету тән болады.

Баланың психоәлеуметтік дамуына отбасы мен оның ықпалын талдау көптеген балалар топтарында оларды ерте әлеуметтендіру жағдайлары бұзылғанын көрсетеді. Осыған байланысты, баланың проблемаларын бөліп қарауға және отбасын, тәрбие стилін және ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынастарын зерделемей, онымен жұмыс істеуге болмайды.

Девиантты мінез-құлық симптоматикасы.

Бала өзінің пайымдауында біршама қарама-қайшы болуы мүмкін, ол сабақ үлгерімін күрт төмендетуі мүмкін, арынды болады, оның көңіл-күйі өзгеріп тұрады, кейбірде негізсіз үрей пайда болады, тез қозады, ашуланады және осындай жай-күйде өзінен батылырақ құрбылас-балаларға тез бағынады. Кейде өзін тым жүгенсіз, ата-аналарына, мұғалімдеріне қатысты дөрекі ұстайды. Өзге жағдайларда, керісінше, тұйықталып, құрбы-достарымен қарым-қатынасқа түсуге қорқады. Сондай-ақ қақтығыстық жағдайларда жоғары ренжігіштігі, тәбетінің болмауы, нашар ұйқы мен жүйке жұқаруы байқалады. Жасөспірім кезінде теріс ықпалға бейім келеді, бұзақылық жасайды, ішімдік ішіп, темекі шегеді, ұрлық жасайды.

Девиантты, яғни нормадан ауытқушылық мінез-құлқы бар балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу мәселесі қазіргі заманғы педагогика мен психологиядағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Көп жағдайларда педагогтар жасөспірімдердің ересектерге тән даму міндеттерін шеше отырып, барабар емес мінез-құлқы стратегиясын пайдаланатындығымен кездеседі, бұл оқушының мектепте және әлеуметтік теріс бейімделуіне әкеп соғады және түзетуді талап етеді. Девиантты мінез-құлқы бар оқушылармен жүргізілетін жұмыс едәуір тиімді болу үшін білім беру мекемелері әр оқушыны сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын әзірлеу керек. Бұл ретте, мұндай жұмысты мамандардың кешенді тобы: сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, әлеуметтік педагог, педагог-психолог, мектеп дәрігері, мектеп әкімшілігі және, сөзсіз, білім алушының ата-анасы мен заңды өкілдері жүзеге асыруы тиіс. Мұндай балалардың қарым-қатынас жасау мәнері мен мінез-құлқы қызбалылыққа, еліктеушілікке, иланушылыққа, өзін көрсете білу ниетіне байланысты. Көбінесе мұндай мінез-құлқтың нәтижесі құқық бұзушылықтар мен қылмыстылық болып табылады.

Эмоционалдық-ерік саласында бұзылулары бар балалармен жұмыс істеудің негізгі қағидалары:

1) Кабинетті бейнекамералармен жарақтау (мектеп әкімшілігі деңгейінде). Практика көрсетіп отырғандай, балалар оларға бақылау жүргізіліп жатқанын сезінген кезде олардың мінез-құлқы қалыпты болады. Мұндай жүйе білім алушылардың жүріс-тұрысын тәртіпке келтіруге көмектесіп қана қоймай, бейнежазбаны көріп шыққаннан кейін мұғалімнің сабаққа талдау жасауына мүмкіндік береді.

2) Жұмыс қабілеттілігін арттыру үшін сабақ барысында баға қою. Сабақ үстінде баға қою жүйесі білім алушыларды белсенділікке тартады. Бұл

балалардың назарын сабақ бойы оқу материалына аударуға, олардың жұмыс қабеліттерін арттыруға мүмкіндік береді.

3) Девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімге жеке тапсырма беру. Сабақта жұмыстың осындай түрін қолдану девиантты мінез-құлқы бар баланы сабаққа жұмылдыруға мүмкіндік береді. Мысалы, презентацияны көрсетуде, дидактикалық материалды таратуда, ұялы телефонның көмегімен қажетті ақпарат табуда көмек сұрау.

4) Сабақ өткізу орнын ауыстыру. Бұл акт залы, таза ауадағы, мұражайдағы сабақ болуы мүмкін. Егер мұндай мүмкіндік болмаса, дәрісхананың ішкі жағдайын – жиһаздың, декорацияның және т.б. орналасуын өзгертуге болады. Осындай өзгерістер материалды есте жақсы сақтауға ықпал етеді, білім алушылардың зейінін жандандырады.

5) Жеке оқу маршрутын алдын алы жоспарлау. Девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімдермен сабақ ұйымдастыру алдын ала жоспарлануы тиіс. Мұғалімнің әдістемелік жинақ сандықшасы оқушылардың үлгерім деңгейін, ерекшеліктерін ескере отырып, көптеген әртүрлі тапсырмаларға толы болу керек. Бұл жеке карточкалар, тапсырмалар, сөзжұмбақтар, синквейндер және т.б. болуы мүмкін, олармен оқушылар сабақ бойы өз бетінше жұмыс істей алады. Жеке тапсырмамен жұмыс істеу девиантты мінез-құлқы бар жасөспірімді сыныптың жалпы әрекетінен алаңдатады. Егер тапсырма оның деңгейіне сәйкес келсе, оған нақты жеке тапсырманы орындауға барлық зейінін салу жеңілірек болады. Девиантты мінез-құлқыны коррекциялау жасөспірімнің бірегейлігін және қайталанбастығын қаншалықты ескерсе, соншалықты тиімді болары сөзсіз. Бұл олармен жұмыс істеу әдістері мен тәсілдерін таңдауда айқындаушы рөлге ие болады. Жасөспірім сабақта девиантты мінез-құлқыны көрсеткен сәттегі педагогтың іс-әрекеттері: сабақты ұйымдастыру жолын тез өзгерту; әрекет түрін ауыстыру мұғалімге «сабақтың тақырыбы төңірегінде қалуға» көмектеседі. Мысалы, рөлдік ойын, пікірталас, дебат ұйымдастырып, жасөспірімді қызу әрекетке қосуға болады.

3. Өзіндік ерекшеліктері бар, дамытуда, тәрбиелеу мен оқытуда жеке арнайы тәсілді талап ететін балалар:

Мұндай балаларға мыналар жатады:

– *солақайлар*, олар ересектердің түсінбеушілігінен, олардың табиғатты «өзгерту» – солақайды басқа оңқайлар сияқты болуға мәжбүрлеу ниетінен өте жиі зардап шегеді. Өзінің ерекшелігіне байланысты солақай бала үнемі отбасымен келіспеушілікте болады. Мұндай балалар не агрессиялық және төбелесқой болады – бұл олар үшін басымдық болып табылады, не депрессивті және ашуланшақ болады. Балалардың солақай болуының себептері алуан түрлі. Көбінесе бұл:

- генетикалық бейімділік;
- сол жақ жартышарының зақымдануы;
- мәжбүрлі немесе біле тұра солақай болуы.

Сонымен, ең жиі кездесетін себеп — бұл әрине тұқым қуалаушылық. Бүгінгі күні солақайлықтың берілу принциптері белгісіз, бірақ отбасында ата-аналардың біреуі солақай болса, онда солақай балалар жиі туатынын тура айтуға болады. Көп жағдайларда генетикалық солақайлардың дамуында қандай да бұзушылықтар болмайды, олар да барлық басқа балалар сияқты дамиды, олардан тек осы ерекшеліктерімен ғана өзгешеленеді.

Компенсаторлық деп аталатын солақайлық түрі мидың – көбінесе сол жақ жартышардың зақымдануына тікелей қатысты. Оң қолдың жұмысына дәл осы сол жақ жартышар жауап береді, осы сала зақымданған кезде оған тән функцияларды оң жақ жартышар өзі атқарады.

Нәтижесінде балалар ең алдымен тұрмыстағы әрекеттерді орындау процесінде, содан кейін оқыту процесінде (сурет салу, жазу) солақай болады. Мұндай балалардың сөйлеу тілінің дамуы мен моторикасында ауытқушылықтарды байқауға болады. Бірақ бұл жағдайда солақайлық олардың себебі немесе салдары болып табылмайды, бұл ауытқушылықтар – мидың белгілі бөліктерінің жұмысындағы шалыс кету нәтижесі.

Солақайлықтың үшінші түрі туғаннан оңқай балаларда кездесуі – жарақаттан болған немесе достарынан немесе жақындарынан үйренуге тырысу салдарынан туындаған солақайлық.

«Солақай» балалармен жұмыс істеген кезде олардан тоқтамай жазуды талап етуге болмайды және материалды ұсыну кезіндегі бас миы қызметінің ерекшеліктерін есте сақтай отырып, материалды біртіндеп беруді пайдалану қажет, яғни солақайды оқыту үшін барлық әрекеттер жүйесін жүйелі операцияларға бөліп орындау тиіс. Сондай-ақ, ұлының/қызының ерекшеліктерінің себептері мен салдарын түсіндіре отырып, орын алған объективті қиындықтарды қалай жеңуге болатыны және баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беріп, солақай баланың ата-анасымен де жұмыс істеу керек.

4. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар.

Соңғы жылдары тұлғаның ата-ана тәрбиесінсіз даму проблемасы белең алуда. А.Х. Пашина мен Е.П. Рязанованың зерттеулерінің нәтижелеріне сәйкес [26] жетім балалар үшін эмоционалдық саланың сапалы бейнесі мүлдем біркелкі болуы тән. Олар «отбасындағы» балаларға қарағанда, оңай байқалатын эмоцияларды көп көрсетпейді, эмоцияларды нашар біледі. Сондай-ақ олар үшін жоғары тұлғалық алаңдаушылық пен төмен эмпатия деңгейі, жоғары сезімталдық, қыңырлық, дұшпандық, шыдамсыздық, жиі байқалатын жүйкелік үдерістер, қарым-қатынастағы қиындықтар, психикалық күйзеліс белгілері тән. Агрессиялылық жетім бала тұлғасының негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады. Басқа адамдарға қатысты теріс, агрессиялылық ұстаным жылылық пен қарым-қатынас жасаудағы қабылдау тапшылығының салдары болып табылады және симблингтерге де, яғни ағалар мен әпке-сіңлілерге де таралуы мүмкін. Балаларда өзінің ағалары мен әпке-сіңлілеріне туысқандық жақындық мүлдем болмайды және қарым-қатынас жасау процесінде бір-бірімен

конструктивті, эмоционалдық барабар қатынас орнатуға қабілетсіз болады. Агрессиялылық мынадай әрекеттерден байқалады, айналадағы адамдардың, оның ішінде отбасы мүшелерінің кез келген іс-әрекетін жетім жасөспірім қақтығыстық жағдай үшін себеп ретінде қабылдайды. Егер отбасында тәрбиеленіп жатқан жасөспірімдер үшін өзінің мінез-құлқын – нормативті мінез-құлыққа теріс қарамай-қайшы қою, ал өзінің ұнататын әрекеттерін – ересектердің талаптарына қарсы қою сияқты өзіндік мінез-құлық жақтары едәуір маңызды болса, жетім балалар үшін жағдайға ептілікпен икемдену сияқты өзіндік білігінің маңыздылығы зор. Осылайша, жетім балалармен жұмыс істеген кезде эмоционалдық сала, сана-сезім, «Мен» бейнесі, зияткерлік ортасы, еріктілік сияқты тұлғаның негізгі позициялары ерекше болатынын ескеру қажет. Жетім балалардың өзіндік мінез-құлықтары жинақсыздықпен, өз іс-әрекеттерінің ұйымдаспағандығымен сипатталады [26].

Бұл ерекшеліктер, ең алдымен, олардың ерекше мәртебесіне байланысты. Бұл ретте, олардың ішіндегі маңыздыларының бірі психикалық депривация, баланы сөзсіз қабылдайтын және жақсы көретін жақын ересек адамның болмауы, социум тарапынан осындай балаларға немқұрайлы қарау болып табылады. Отбасындағы өмірден тәжірибесі жоқ жасөспірімдер отбасындағы өмірде тәжірибесі бар құрбылыстарына қарағанда, білуге құмарлығы мен әлеуметтік саймасайлығының төмен дәрежесін көрсетеді. Тотальды отбасылық депривациясы бар жасөспірімдердің жұғымдылығы да осы көрсеткіш ішінара байқалатын жасөспірімдер тобы мен отбасындағы жасөспірімдер тобына қарағанда төмен болады. Бірінші топтағы қақтығыстық көрсеткіші де жоғары, тұл оның социумға бейімделу қиындықтары туралы куәландырады. Осының барлығы агрессиялық, бірақ өте нәзік, өз-өзіне сенімсіз, сыртқы әлеммен өзара әрекеттесетін емес, одан қорғанатын тұлғаның қалыптастуына әкеп соғады. Сонымен қатар, зерттеулер көрсеткендей, әр жасөспірім ересек адамға жақындықты қатты сезінеді, өзінің керек екенін, көз алдына елестеткен немесе жартылай шынайы жақын адамы үшін бірегей екенін білгісі келеді. Алынған нәтижелер жақсы отбасылық өмірге деген түйсіксіз ниетті көрсетеді, бірақ оны шынайы өмірде іске асыру мүмкін еместігін сезінеді. Осыдан барып көптеген жасөспірімдер олардың айналасындағы ересектерге (педагогтар, тәрбиешілер, психологтар) көз алдына елестеткен ата-аналарындай қарайды, оларды сол немесе өзге отбасылық рөлге сәйкес атайды («ана», «әке», «ата»). Дегенмен отбасы туралы (отбасылық рөлдер, тәрбиелеу функциялары, әдістері мен тәсілдері және т.б.) білімдерінің тапшылығы байқалады, бұл жоғарыда санамаланған сипаттамалардың әрқайсысы бойынша барабар емес күтілетін жағдайлардан байқалады.

Осылайша, оқыту барысында жетім балалармен және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс істеу бойынша педагогтар үшін бірқатар ұсынымдарды айқындауға болады:

1) Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқыту мотивациясын арттыруды тұлғалық бағдар беру тәсілі арқылы жүргізген тиімді;

- 2) Көтермелеу және мақұлдау әдістерін пайдалану;
- 3) Сараланған сабақтарды енгізу, зияткерлік даму деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларды іріктеу;
- 4) Үй тапсырмаларын саралап беру, сабақ сұрау формаларын түрлендіру, бағалау жүйесін түзету;
- 5) Оқыту мен тәрбиеде жеке психологиялық-педагогикалық жолдарды және әдістер мен тәсілдерді әзірлеу.

4. Дарынды балалардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері

Дарындылық - бұл психиканың жүйелі, өмір бойы дамып отыратын қасиеті, ол басқа адамдармен салыстырғанда, адамның бір немесе бірнеше қызмет түрінде өте жоғары (ерекше, сирек кездесетін) нәтижелерге қол жеткізу мүмкіндігін айқындайды. Әдетте дарынды балалардың жады өте жақсы болады, ол ерте қалыптасқан сөйлеу тілі мен абстарктілік ойлау қабілетіне негізделеді. Олар ақпарат пен тәжірибені жіктеу қабілетімен, жинаған білімдерін кеңінен пайдалану білігімен ерекшеленеді. Күрделі синтаксистік конструкциялармен ілесетін үлкен сөздік қоры, сұрақ қоя білуі дарынды балаға айналадағы адамдардың назарын жиі аудартады. Кішкентай «вундеркиндылар» сөздіктер мен энциклопедияларды қызығушылықпен оқиды, олардың ойынша, олардың өзіндік түсініктерін және елестетін оқиғаларын айтып жеткізе алатын сөздерді ойлап табады, ойлау қабілеттерін жандандыруды талап ететін ойындарға басымдық береді.

Дарынды балалар танымдық белгісіздікті оңай түсінеді. Бұл ретте кездесетін қиындықтар олардан бас тартуға мәжбүрлемейді. Олар күрделі және ұзақмерзімді тапсырмаларды қуана қабылдайды, оларға дайын жауап ұсынғанды мүлдем ұнатпайды.

Дарынды бала бір нәрсеге үлкен зейін қоюымен, өзіне қызықты салада нәтижеге қол жеткізу табандылығымен де ерекшеленеді. Бұған тапсырманы беріле орындау дәрежесін де қосу керек.

Өмірлік тәжірибесі аз болғандықтан, мұндай балалар өздерінің шамасы жетпейтін істерді бастайды. Оларға ересек адамдардың тарапынан түсіністік пен біршама қолдау қажет, олардың сәтсіздіктеріне назар аудармау керек, керісінше бірлесіп қайталап жасауды ұсыну керек.

Дарынды балаларға мынадай қасиеттер тән:

- өте ерте байқалатын, күшті дамыған әділдік сезімі. Дарынды балалардағы жеке құндылықтар жүйесі өте кең.

- қоғамдық әділетсіздікті жете түсініп қабылдайды. Өзіне және айналадағы адамдарға жоғары талаптар қояды және ақиқатқа, әділдікке, үйлесімділік пен табиғатқа ден қоя алады.

- шынайылық пен фантазияны нақты ажырата алмайды.

- дарынды балалар әзірге олардың «тістері батпайтын» проблемаларды шешуге тырысады. Олардың дамуы тұрғысынан мұндай әрекеттер пайдалы.

- дарынды балалар үшін, әдетте - дақпыртты қорқыныш сезімдері тән, өйткені олар көптеген қауіпті салдарды елестетуге қабілетті.

- айналадағы адамдардың сөзбен жеткізілмейтін сезімдерін өте қабылдағыш және олардың айналасында туындаған, үнсіз шиеленіске тез беріледі [27].

Дарынды балаларды зерттеу саласындағы белгілі американдық маман Джозеф Рензуллидің теориясын дарындылықтың заманауи тұжырымдарының арасындағы ең танымалы деп атауға болады. Оның пікірінше, дарындылық —

бұл 3 факторды біріне-бірін қосудың күрделі нәтижесі: ортадан жоғары қабілеттер; жасампаздық, тапсырмаға берілгендік.

Әдетте, дарынды балалардың мынадай санаттарын (дарындылық түрлерін) ажыратады:

Әрекет түріне қарай мынадай 5 топқа бөлінеді:

1. Практикалық дарындылық:

- қолөнердегі дарындылық
- спорттық дарындылық
- ұйымдастырушылық дарындылық

2. Танымдық дарындылық:

- академиялық (барлық немесе белгілі мектеп пәндері бойынша жоғары нәтижелер)

- ғылыми (белгілі саладағы ғылыми-зерттеу әрекеті)

3. Көркемдік-эстетикалық дарындылық:

- хореографиялық
- сахналық
- әдеби-поэтикалық
- бейнелеу өнері
- музыкалық

4. Коммуникативтік (көшбасшылық) дарындылық.

5. Рухани-құндылықты дарындылық (жаңа рухани құндылықтар құру және адамдарға қызмет ету).

Дарынды балалармен жұмыс істеу принциптері:

- оқытуды жекешелендіру (білім алушыларды жеке оқыту жоспары – жоғары деңгей);

- озық оқыту принципі;
- кез келген әрекеттегі жайлылық принципі;
- білім алушылардың қабілеттерін іске асыру үшін ұсынылатын мүмкіндіктердің әртүрлілік принципі;
- сабақтан тыс әрекет рөлінің артуы;
- дамыта оқыту принципі;
- еріктілік принципі.

Дарынды балалармен жұмыс істеу кезеңдері:

1-ші кезең – аналитикалық – дарынды балалар анықталған кезде олардың қызығушылықтары мен қандай да: оқу, көркем әдебиет, дене шынықтыру және т.б. әрекеттегі табыстары ескеріледі.

Мақсаты: сыныпта дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

2-ші кезең – диагностикалық – әртүрлі әрекет: оқу және сыныптан тыс жұмыс арқылы баланың танымдық, шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттерін жеке бағалау жүргізіледі.

Мақсаты: диагностикалау нәтижелеріне негізделген, дарынды білім алушылармен жұмыс істеу жүйесінің апробациясы.

3-ші кезең – білім алушылардың қабілеттерін қалыптастыру, тереңдету және дамыту кезеңі.

Мақсаты: дарынды балаларды анықтау, қолдау және дамыту үшін жағдайлар жасау, олардың тұлғалық, әлеуметтік өзін-өзі танытуын және ата-аналарының әлеуметтік тапсырысын қанағаттандыру үшін кәсіби өзін-өзі анықтауын қамтамасыз ету.

Дарынды балалармен жұмыстың негізгі бағыттары:

- дарынды білім алушыларды анықтау;
- «Дарынды балалар» деректер банкі құру;
- жеке жұмыс нысандарын әзірлеу;
- оқу процесіне заманауи, интерактивті технологияларды енгізу;
- білім беру процесін ұйымдастырудың белсенді нысандары мен әдістерін пайдалану;
- білім алушыларды дамытудың жеке траекториясын құру кезінде дарынды мектеп оқушыларын қолдауға бағытталған білім беру курстарын құру;
- білім алушылардың сабақтан тыс оқу және сыныптан тыс әрекеті жүйесін дамыту, ол оқушыларға өздерінің жетістіктерін мектептегі, аудандық, республикалық олимпиадаларда, әдеби мерекелерде, конкурстарда, спорттық жарыстарда көрсетуге мүмкіндік береді;
- мектептегі, аудандық, республикалық, оқушылар конференциясына шыға және тезистерді немесе баяндамаларды жариялай отырып, ғылыми-зерттеу қызметіне қосу
- ауылдың, қаланың, облыстың мектептері мен басқа да білім беру мекемелері мұғалімдері мен білім алушыларының шығармашылық бастамаларын дамытуға және іске асыруға бағытталған жобаларды әзірлеу және іске асыру.

Дарынды балалармен жұмыстың негізгі нысандары:

- пәндер бойынша олимпиадалар;
- ғылыми-практикалық конференциялар;
- сөз сөйлеулер мен баяндамалар;
- белсенді сыныптан тыс жұмыс;
- пән апталықтары;
- кештер, конкурстар, олимпиадалар, КТК, викториналар, аукциондар;
- рөлдік ойындар;
- сынып-сабақ (жүппен, шағын топтармен жұмыс), әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар, шығармашылық тапсырмалар;
- туындаған проблема бойынша консультация беру;
- ғылыми үйірмелер, қоғамдар;
- пікірталастар;
- зияткерлік марафондар;
- әртүрлі конкурстар мен викториналар;
- әртүрлі тақырып бойынша жобалар.

Дарынды баланы табысты әлеуметтендірудің негізгі өлшемшарттары:

- оны күш көрсету ретінде қабылдамай, оқуда табысқа жеткісі және білім алғысы келеді;
- бұрын алған ақыл-ой дағдыларының арқасында өз бетінше әрекет етуге қабілетті;
- айналадағы шындыққа сыни баға бере алады және заттар мен құбылыстардың мәніне үңіле алады;
- өмір мен өлім, дін мен әлемнің мәні мәселелеріне қатысты философиялық проблемаларды түсінеді;
- олардың құрбылыстарына жеткілікті болып көрінсе де, үстіртін түсініктерді қанағат тұтпайды;
- ұдайы өзін-өзі жетілдіруге ұмтылады және бәрін жақсы істеуге тырысады (перфекционизм). Осыдан – көтеріңкі мақсаттар қою және оларға қол жеткізу мүмкін болмаған жағдайда қатты уайымдау;
- осы сәтте өзін-өзі таныту үшін қажетті, проблемадағы және өмірдегі басты мәселенің мәнін көре алады;
- моральдық-адамгершілік нормалар мен қарым-қатынастар бұзылған жағдайда әділетсіздік үшін уайымдайды;
- сыныпта беделді.

5. Үйде оқытылатын балалардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес үйде тегін жеке оқу құқығы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру» мемлекеттік қызметі арқылы іске асырылады. Берілген мемлекеттік қызметтің Стандарты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен әзірленген. Мемлекеттік қызмет дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты бара алмайтын, стационарлық көмек көрсету, қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту ұйымдарындағы жеке тұлғаларға ұсынылады.

Бұл мемлекеттік қызмет бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламаларын, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынысы бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларға логопед, дефектолог (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог), психолог пен әлеуметтік педагогтың түзете қолдауымен бірге ұсынылған арнайы бағдарламаларды іске асырады.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды арнайы оқу бағдарламалары бойынша үйде оқыту бастауыш сыныптар үшін ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 қарашадағы №592 бұйрығына және негізгі мектеп үшін 2017 жылғы 18 тамыздағы №422 бұйрығына сәйкес бекітілген Үлгілік оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

Арнайы білім беру ұйымдары (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар, оңалту орталықтары, арнайы мектептер) жалпы білім беретін мектептер, педагогикалық қызметкерлердің, ата-аналардың (заңды өкілдері) түзету-педагогикалық көмек беруін үйлестіреді [28].

Жалпы алғанда, «үйде оқыту» түсінігінің мәнін анықтауда көптеген зерттеушілер мен практиктер үйде оқыту – бұл білім беру немесе оқыту формасы емес, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту процесін ұйымдастыру жағдайлары деген пікірді ұстанады. Яғни, үй жағдайында оқуға ауыстырылған балалар мектептің білім беру процесінің толыққанды қатысушысы болып табылады [29].

Балаларды үйде оқытуды ұйымдастыру мәселелері, оның ішінде нормативті-құқықтық негіздері, білім беру мазмұны, үйде оқыту процесіне қатысушылардың қызметі мен міндеттері, білім салалары бойынша үйде оқыту ерекшеліктері, оқу уақытының нормасы мен оны есепке алу, үйде білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылау бойынша ұсынымдар Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА 2017 жылы әзірлеген «Үйде оқытылатын балаларды жалпы білім беру мектебінің оқу бағдарламаларымен оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» құралында толық қарастырылған (Академия сайты: www.nao.kz).

